


АЛТЫН ДЕРЕК



АЛТЫН ДІҢГЕРК

АЛМАТЫ
«КАЗАҚСТАН»
1983

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

A39 Алтын діңгек: Очерктер жинағы (Құрастырған
Жаһат Елшібеков. — Алматы: Қазақстан, 1983. —
144 бет.

Белсенді еңбек ете жүріп, жас үрпақ тәрбиелеуде адамгершілік
бійінен корініш жүрген «Ардақты аналардың» өнегелі өмірі үлгі
тұтарлық. Осы мақсатқа арналған «Алтын діңгек» жинағына көп
балалы аналар өмірін, олардың күнделікті тыныс-тіршілігін, үлгі-
өнегесі мен жас үрпақ тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелігін, бір ша-
ңырақтарғы балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын, семьянын
алтын діңгегі — ананың үйдегі және шаруашылық ісіндегі сәбекін
жан-жақты көрсететін очерктер топтастырылған.

Кітап көшілік оқырман қауымға арналған.

51.1(2)6

A 0802010203—002
401(07)—83 68—83

© «ҚАЗАҚСТАН», 1983.

Тоқтасын Беркімбаев

ОТ БАСЫНАН — ӨМІР ТӨРІНЕ

ГАЗ ПЛИТАСЫНЫң ЖАНЫНДА ТУҒАН ОЙ

Бұл өзі өмірдің қарапайым бір көрінісіне қарап тұрып, ойда жоқта туып кеткен қарапайым ғана ой еді. Дәл осы мен көрген бұл көрініс казіргі кезде жүрттың бәріне таныс болуға тиіс деп ойлаймын. Өйткені, кім-кім де болса, белгілі бір мекемеде, немесе завод, фабрикаларда, қайда болса да, әйтеуір жұмыс істейді. Жұмыстан қайтады. Жұбайы да солай. Қелген соң жұбайы екеуі кешкі тамақтың қамына кіріседі. Кіріскенде, от жағу, су әкелу дегендер көп уақыт алмайды, бәрі қол созым жерде. Газ плитасының құлағын бұрап қалсанғ, көк жалын сенің кішкентай ыдысын түгілі тасты балқытардай болып лаулап қоя береді. Судың жағдайы да дәл сондай дерлік. Енді үйіннің жаңындағы кулинарлық немесе кафе-магазиндерден әкелген жартылай фабрикат-тағамдарды «аұнатып-аұнатып» ал да, жей бер, іше бер.

Бұл былай қарағанда, тіпті, сөз етуге тұрмайтын өте қарапайым ғана көрініс сияқты. Өйткені, мұны барлығымыз да әр күн сайын әлденеше рет көріп, әбден етіміз үйреніп кеткен. Сол кішкентай ғана көріністің таудай тарихы, айтып ауыз жеткізе алмастай әлеуметтік мәні бар екендігіне де, көбіне, ой жүгіртіп жатпайды екенбіз. Ал, сол көрініске сәл ой тоқтаттық-ақ болды, оның ар жағы түпсіз дариядай кең, ал сенің ойыңың сол кеңістікті шарлап кеткендігін өзің де байқамай қалады екенсін.

Ал, кәне, сіз де бір сәт ойланып көріңіші. Сіздің тамағыңыз пісіп, ол алдыңызға келгенше, болмашы ғана уақыт кетті. Оған сіз жұбайыңыз екеуіңіз болмашы ғана күш жұмсадыңыз. Бірақ соның өзі де жұмыс. Ол үй ша-

руасындағы жұмыс деп аталады. Бізде жұмыс деп атала-тындар өте көп. Қой бағу, егін егу, жер жырту, кітап жа-зу, ғылымның көремет жаңалықтарын ашу, тағысын-та-ғылар. Бұлардың барлығы да пайдалы жұмыс. Олар қоғамға да, өзіне де үшан-теніз пайда келтіріп, былайша айтқанда, адамдардың тірлігі үшін өмірді жасап жатады. Ал үй шаруашылығындағы жұмыс па? Ол В. И. Ленин айтқандай, «Көп реттерде... әйел атқаратын мейлін-ше өнімсіз, мейлінше жабайы және мейлінше ауыр еңбек болып табылады... онда әйелдің өсуіне азды-көпті сеп-тігін тигізетін ештеңе де жоқ»¹ жұмыс.

Ал осы мейлінше өнімсіз, пайдасыз жұмыс аз да болса, әлі де бар екен. Тағы бір таңғаларлық нәрсе, біздегі әрбір пайдалы жұмыстың өз адамдары бар. Мәселен, малыш, егінші, болат қорытуши, тоқымашы болып кете береді. Ал үй шаруасындағы... деген адамдарды да қазір ілуде біреу болмаса кездестіре де алмайсын. Жұмыска жарайтын адамдарды айтпағаның өзінде, кез келген жасы асып, үйде отырган қариялардың анкеталық де-ректерін алып қарасаңыз да, ол бір кездерде белгілі пайдалы бір жұмыстың құлағынан ұстап жүрген болып шығады. Рас, үй шаруашылығындағы әлгіндегі өнімсіз жұмыстарды көбінесе әйелдер атқарады. Бірақ оларға да қазір үй шаруашылығындағы әйел деп айдар тағуға болмайды. Өйткені, олар да ерлермен бірдей қоғамға пайдалы жұмысқа араласып, белгілі бір салада еңбек етіп жүр.

Бірақ... Осы жерде тағы бір ой келіп килігеді. Бұрын «үй шаруасындағы әйел» деген сөзді көп кездестіруші едік қой? Бұл сөз қазір неге бірте-бірте біздің лексико-нымыздан жойылып бара жатыр? Бұл атақ неге ерлерге жұымай, тек әйелдердің меншігінде болып келген?..

ҒАСЫРЛАР ҚҰШАҒЫНДАҒЫ ҚАРАҢҒЫЛЫҚ

Осы сияқты сансыз сұраптар басымызды жаулап ала-ды. Жауап іздейміз. Ойымыз еріксізден кәрі тарихтың бойын шарлап кетеді. Оның бойында, аз да болса, өзіміз басып өткен танымал жерлер де бар. Сол жерлерді ой-мен тағы бір аралап өтіп, одан да әрі жүре береміз, жүре береміз. Кәрі тарихтың қатпарлы бойындағы сан түрлі замандар, қоғамдық құрылыштар әрқайсысы өз әлпеті-мен, өз ерекшеліктерімен көз алдымыздан жылжып өтіп

¹ Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы, 39-том, 221-бет.

жатады. Біздің республикамыздың территориясындағы алғашқы қауымдық құрылыштар, патриархалдық-феодалдық қатынастар.

Бұлардың бойында біз ең алдымен әйелдерді іздейміз. Солардың жағдайларымен танысқымыз келеді. Бірақ тарихқа терең бойлаған сайын, көңіліміз жабырқау тартып, зіл-батпаи болып бойды басқан көңілсіздікке тап боламыз. Өйткені, біздің алдымызда, тіпті, тарихы да жоқ дерлік, ғасырларда құмырсқаның адымындағы адым жасай алмай, бір орнынан жылжи алмай, аянышты қалде отырған әйелдер тұрады.

Соның бәріне қарап отырып, көсем айтқан жоғарыдағы сөз тағы да ойға оралады. Сөйтсек, оларды байлап-матап, қозғалуға шамаларын келтірмей, басқаға бас бүрғызбай келген бір жұмыс бар екен. Ол — өмірде бітпес үй іші шаруасы. Бұл — қазақ әйелдерінің сол бір ондаған ғасырлар бойында атқарып келген бір ғана жұмысы. Ал бұл жұмысты әйелдердің мойнына шықпастай етіп, мықтап ілген адамға жақсылық ойлаудан аулақ тұрган қофамдар, замандар екен. Бұл қофамдардың, әрбірден соң, бұдан өзгеге шамасы да жоқ, ой-өрісі де жетпейтін еді. Өйткені, олардың жаңалық атаулыға жатырқай қарайтын, ақыл-ойды дамытпай, тұзақ астында ұстайтын бишаралық қасиеттері болатын. Сол қасиеттерімен олар әйелдерді де төбеге ұрып бас көтертпей келіпті.

Біз шамамыздың жеткенінше тарих беттерін ашып, сары архивты актардық, санак мәліметтерін көз алдымыздан өткеріп көрдік. Бірақ, Октябрь революциясынан бұрын үй шаруасынан басқа қофамдық еңбекке араласқан бір де бір қазақ әйелін кездестіре алмадық деуге болады. Санак мәліметтерінен мынадай бір цифrlарды кездестірдік: патшалық Россия кезінде жалдамалы еңбекпен айналысқан барлық әйелдердің 80 проценті үй қызметшісі және батрактар болған. Тек 13 проценті өнеркәсіпте, құрылыштардағы көмекші жұмыстарда істеген. Ал, бұл болмашы ғана проценттен капитализмнің дәмін татып, мәдениеті де ілгерілей бастаған орыстар сияқты алдыңғы қатарлы ұлттар келіп улес алғанда, феодализмнің шенгелінен әлі шыға алмай, қараңғылықтың шырмауында отырған қазақ сияқты ұлттарға түк те қалмайтыны белгілі.

«Білім» деп аталатын бұлақтың маңына ол кездегі әйелдер жолай да алмай, тіпті басым көшпілігі ондай бұлақтың дүниеде бар екендігімен де хабарсыз болып

келді. Мәселен, 1897 жылы жүргізілген санақ мәліметтегі бойынша, бұрынғы Түркістанда мекендеген халықтардың ішінде ерлердің — 1,9 проценті, әйелдердің — 2,2 проценті ғана сауатты деп аталған. Ол «сауаттылық» та хат танырлық дәрежеде ғана.

Сол кездерде шығып тұрған «Вестник воспитания» атты бір басылым 1906 жылы «Россиядағы ерлердің сауатсыздығын — 180 жылда, әйелдердің сауатсыздығын — 300 жылда, шеткөрі ұлт аймақтары халықтарының сауатсыздығын 4600 жылда жоюға болады» деп сөуегейлік жасағанда да, міне, осы цифrlарға қараса керек.

АЛ, ҚАЗІР...

Иә, біз осылай етуді жөн көрдік. Қешегі, алдыңғы күнгілерді әзірше қоя тұрып, Октябрь революциясынан дәл бүгінгі күнге бірақ аттап, қазақ әйелдерінің қазіргі халіне көз тастағымыз келеді. Бұл үшін, ең алдымен республикамыздың Орталық Статистика Басқармасынан алынған мынандай бір цифrlарды келтіре кетейік. 1981 жылы республикамыздың бүкіл халық шаруашылығында істеп жүрген жұмысшылар мен қызметкерлердің 49 проценті әйелдер екен. Оның ішінде, өнеркәсіпте — 48, ауыл шаруашылығында — 40, сауда мен қоғамдық тамақтандыру орындарында — 84, халық ағарту мекемелерінде — 75, мәдениет мекемелерінде — 71, денсаулық сақтау, деңе тәрбиесі мен спортта 83 процент әйелдер жұмыс істеп жүріпті. Ал әйелдердің өзін ғана алғып қарайтын болсақ, олардың 92 проценті халық шаруашылығының түрлі салаларында жұмыс істейді екен. 1980 жылы республикада 14316 әйел түрлі ғылыми қызметтер атқарды. Бұлардың арасында 129 ғылым докторы, 3340 ғылым кандидаты, 13 академик, корреспондент-мүшес, 83 профессор болды.

Мұның барлығы жай көзге цифrlар ғана. Ал осы бір жансыз цифrlардың ар жағына бір сәт қана ой жүгіртіп көріңізші. Біздің бүгінгі өміріміздің бар тынысы, жан тебірентерлік қасиеті, ұлымығы — бәрі көз алдымында сайрап тұра қалғандай. Ол цифrlардың барлығы адамдар. Адамдар болғанда — әйелдер. Бірақ олар сонау бір келмеске кеткен зар заманда көзінің жасын көкке бұлап, жылауға ғана шамасы жеткен әйелдер емес, бүгінгі халық шаруашылығының қай саласында болса да, еркектермен бірдей жұмыс істеп, халық игілігіне қызмет етіп жүрген Отанның тәң праволы қыздары мен әйелдері.

Олар — Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Жоғарғы Советі Ұлттар Советі председателінің орынбасары, Қостанай облысының Боровской ауданындағы «Харьков» совхозының механизаторы Қемшат Дөненбаева, атағы Одаққа, тіпті, дүние жүзіне мәлім болған академик, биология ғылымдарының докторы, профессор Нәйла Базанова, медицина ғылымдарының докторы, профессор, акушер-гинекологтардың Бүкілодактық және халықаралық кенестеріне талай рет қатысқан Қәмила Өтегенова, Нью-Йорктегі баяндама жасап, әлемді таңдандырыған бірінші қазақ әйелі, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымының докторы, профессор Жамал Қанлыбаева, қазақ әйелдері арасынан тұңғыш шыққан геолог-ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, минералогия ғылымының докторы, профессор Патшайым Тәжібаева, СССР халық артистері Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Хадиша Бекеева, Роза Жаманова, Сәбира Майқанова, министр Мәнүра Ахметова, институт ректоры Күләш Құнантаева сияқты ғалымдар, дәрігерлер, артистер, инженерлер, агрономдар, мұғалімдер...

Бұл тізімді одан әрі де соза беруге, тағы да талай атақты қазақ әйелдері мен қыздарының аттарын атай беруге болады. Әйткені, қазіргі кезде республикалық бірде-бір саласы жоқ деуге болады. Бұл қазір жүрттың бәріне мәлім жайлар. Сондықтан оның бәрін атап жатқаннан гөрі цифрга сөз бергенді жөн көріп отырмыз. Сол цифrlар да бізге көп жағдайларды айтып бере алады. Мәселен, мына цифrlарға қараңыз. Революциядан бұрынғы уақыттарда ең артта қалып, қараңғылықта болған Орта Азия мен Қазақстанда қазіргі кезде дәрігерлер 1913 жылғы бүкіл патшалық Россиядағыдан 2 есеге жуық көп екен. Біз, тіпті, арғы жақты қоя тұрып, 1926 жылғы санақ пен Біріккен Ұлттар Үйімі Бас Ассамблеясының 1972 жылғы өткен XXVII сессиясы халықаралық әйелдер жылы деп жариялаған 1975 жылғы санақтың-ақ нәтижелерін салыстырып көрейікші. 1926 жылы қазақ әйелдерінен бір ғана инженер-техник қызметкері, 6 медицина қызметкері, 54 оқытушы және басқа мәдени-ағарту қызметкерлері болса, 1975 жылғы санақтың өзінде қазақ әйелдерінің қатарында — 2526 мың инженер-техник қызметкер, денсаулық сақтау, дene тәрbiесі және әлеуметтік

қамсыздандыру мекемелерінде — 243,7 мың, оқу-ағарту, мәдениет, өнер, ғылым мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларында — 467,4 мың әйелдер мен қыздар еңбек етіп жүрді.

Қазақ әйелдері өздеріне берілген конституциялық праволарын кеңінен пайдалана отырып, мемлекетті басқаруға, қоғамдық-саяси және мәдени қызметтерге тиянақты қатысып келеді. Қазіргі таңда мемлекеттік және шаруашылық басқару аппараттарында, кооперативтік және қоғамдық басқару органдарында 100 мыңға жуық әйелдер мен қыздар еңбек етіп жүр. Сол сияқты, республикамыздың ең жоғарғы өкімет органы — Қазақ ССР Жоғарғы Советіне өткен сайлауда 182 әйел сайланып, барлық депутаттардың 35,7 проценті болып отыр. Ал, жергілікті Советтердің соңғы сайлауында Қазақ ССР-і бойынша сайланған барлық депутаттардың 49,1 проценті әйелдер болды.

Осы жоғарыда келтірілген цифrlардың бәрі нені көрсетеді? Олар бір кездерде қазақ әйелдерінің басына жамылған қарасындай болған «Үй шаруасындағы әйел» деген сөздің қазір біздің лексиконымыздан да жойылып бара жатқанын көрсетеді. Бұкіл еліміз бойынша бұл аттан әлі арыла алмай жүрген әйелдер 0,2 проценттей ғана екен. Бұл цифр бізде де осы шамалас қана. Бірақ мұның өзі де біздің қоғамдық құрылышыздың заңдарымен ешқандай байланысы жоқ, тек бұл атауды жою жұмысындағы біздің әлі де болса үлгіре алмай жатқан істерімізге байланысты. Біз ол туралы кейінірек сөз етеміз.

ОКТЯБРЬДЕҢ БАСТАЛҒАН ӨМІРБАЯН

Ал енді жоғарыдағы жағдайлардың барлығынан кейін мынадай сұраптардың туузы заңды: бұрын сан ғасырлар бойы моральдық, материалдық езгіде жаншылып, қорлық жағдайда келген қаранғы қазақ әйелдері осыншалық шырқау биікке қалайша көтерілді, оған қандай себептер болды, бұл өзі қай кездерден басталды?

Бұл сұраптарға жауап беру үшін, мынадай бір ең карапайым мысалдан бастайық. Сіз 70—80-ге келіп, екі ғасырдың күесі болған кез-келген әйелдің өмірбаянына назар әударып көріңіз. Содан соң тағы сол сияқты бірнешеуін, мейлі, жүзін, мызын қараңыз. Сонда сіздің көзіңізге бір ғана нәрсе айқын шалынады. Ол — Октябрь революциясынан бұрын әлгі әйелдердің барлығы да қоғамдық пайдалы жұмысқа араласпай, әлдекімдердің

есігіндегі жалшысы, немесе күйеуінің күні, В. И. Ленинің сөзімен айтқанда, «қаналғандардың ішіндегі ең қаналғандары, езілгендердің ішіндегі ең езілгендері»¹ болып келгенін көресіз. Ал, олардың өмірбаянындағы әртүрлі жұмыс аттары тек Октябрь революциясынан кейін ғана қосылады. Ол оқуға түсіп сауатын ашады, жоғары оқу орындарын бітіреді, одан әрі сан-салалы жұмыстарға араласып кете барады. Оның себебі түсінікті. Октябрь революциясы өзінің ең алғашқы күндерінен бастап-ақ әйелдердің ғасырлар бойы қолы жетпей, армандаған келген тенденциялардың үйінде ошак басының күйбенінен құтқармайынша, шын мәнінде бостандықты қамтамасыз етуге болмайды»², олардың өсуі туралы сөздің болуы да мүмкін емес еді. Ол тенденциялардың да әлі жеткіліксіз. Ол өзін қоғамның тенденциялардың азаматымын деп сезінуі үшін, алдымен оның көзі ашылуы, окуы керек. Қоғамдық пайдалы еңбекке араласып, өздерінің ерлерден кейін емес екендіктерін, алдымен өздері де сезініп, басқалардың алдында дәлелдеулері тиіс.

Сіз Совет өкіметінің сол бір қындыққа толы дауылды жылдардағы алғашқы қадамдарына, шығарған заңдарына, қаулы-қарапарларына, декреттеріне үціліп көрініші. Сонда сіз олардан бүкіл адамдарға, әсіресе әйелдерге деген ізгілікті, адамгершілікті айқын көресіз. «Үй шаруашылығымен айналысушы әйелдің жағдайы,— деп көрсетті В. И. Ленин өзінің жұмысшы әйелдердің Москва жалпы қалалық партиялық емес IV конференциясында 1919 жылғы 23 сентябрьде сөйлеген сезінде,— әлі де болса қысылшаң күйінде қалып отыр. Әйелді толық азат ету үшін және оның ереккепен шын тенденцияларындағы қоғамдық шаруашылық болуы керек және әйелдің ортақ өнімді еңбекке қатысусы керек. Сонда әйелдің жағдайы нақ еркектің жағдайындай болады»³.

Міне, көсемінің бұл сезі біздің сүйікті партиямыз берілген үкіметіміздің саясаты, оның әрбір қадамында басшылық-қа алып отыратын ұраны болды. Ал, әйелдер болса, олар да өздерінің ешкімнен кем емес, қамқорлық болса, тауқопарып, дүниенің көзін ашуға да шамалары келетіндіктерін дәлелдей бастады. Оның барлығы, шынын айтқан-

¹ Клара Цеткин. Заветы Ленина женщинам всего мира. М., 1975, с. 42.

² Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы, 31-том, 48-бет.

³ Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы, 31-том, 220-бет.

да, қазір ешқандай жаңалық та емес, ешкімге таңсық та емес, жалғыға белгілі жайлар деп ойлаймыз. Бірақ сол сүйікті партиямыз бен үкіметіміздің осы алпыс жылдан астам уақыт бойғы жүргізген адамға, әсіресе әйелдерге деген ізгілікке толы саясатының иәтижесін көрсітердей кейбір фактілер мен цифrlарды келтіре кеткен теріс болмас деп ойлаймыз.

Алма Оразбаева Октябрь таңы атқан күні жиырма жасқа да толмаған бұлдіршіндегі жас еді. Октябрьдің әлеуетті үні мен арайлы таңы қараңғылық көрпесін жұлдызып ашқан кезде, оның астынан сәулеге қарай құлпыра шыққан Алма сол жылы-ақ Орал даласында өзінің революциялық қызметін бастады. Азамат соғысы жылдарында ол Бірінші үлгілі совет қазақ полкының жауышгерлері арасында үгіт жұмысын жүргізді. 1919 жылы партия қатарына кірді. Содан былайғы жылдары Алма Оразбаева өзінің барлық күш-жігерін өз әріптестерінің көзін ашуға арнап, солардың арасында талмай жұмыс жүргізді. Ол партияның XII, XIII, XIV съездерінің, XVI партия конференциясының делегаты болды. ҚазЦИК-тің мүшесі және ВЦИК пен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. Дәл осы жылдары партия және совет жұмысында Сара Есова, Нагима Арықова сияқты көптеген қазақ әйелдері өсіп шықты.

Еліміздің бүкіл саяси өміріне әйелдер белсене қатыса бастады. Мәселен, Қостанай губерниясында 1923 жылдың аяғына қарай әйел делегаттары жиналыстарының жұмысына мыңнан аса әйел, соның ішінде 369 қазақ әйелі қатысқан, Совет сайлауларына байланысты 10 мыңнан аса әйел (бұлардың ішінде 6600-ден аса қазақ әйелі) селолар мен ауылдардағы әйелдер жиналыстарына қатысып отырған. 1925 жылы республика партия үйымдарында екі мыңнан аса жұмысшы және шаруа әйелдер болды, 7,1 мың жас қызметші және шаруа әйелдер комсомол қатарына өтті. 6,6 мың ёнбекші әйел жергілікті Советтердің депутаттары болып сайланды. 1939 жылдың 24 декабрінде өткізілген жергілікті Советтердің сайлауында депутаттыққа сайланғандардың 32,6 проценті әйелдер болды.

Әйелдер өздерінің талмас күш-жігерінің нағыз шынын Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсетті деуге болады. Жұмысқа жарап барлық ер-азамат қолдарына қару алып, Отаның қас жаудан қорғау үшін қан майданға

аттанғанда, ауылдағы бас көтерер, тылды үстап тұрар тұлға әйелдер болып қалды. Ерлердің орнын жоқтатқан жок. Әрдайым Отанның қажет еткен жерлерінен табылып отырды.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советі үй шаруасындағы әйелдерден жұмысшылар кадрларын даярлап шығару жөнінде шаралар әзірледі. 1941 жылдың октябрінде республиканың өнеркәсіп орындарында 10 000-нан аса әйелдер өндірістік оқумен қамтылды. 1941 жылдың 29 іюнінде «Казахстанская правда» газетінде Солтүстік Қазақстан облысындағы Полуден МТС-нің Василиса Бондарева басқарған тракторшылар бригадасындағы қыздардың Қазақстан әйелдерін тракторды менгеріп, майданға аттанған ерлердің орындарын басуға шақырған хаты жарияланды. Бұл хатқа жауап ретінде сол жылдың 19 іюлінен-ақ 13 мың әйел мен қыз трактор жүргізуі үйрене бастады... Ұлы Отан соғысы жылдарында «Қарагандауголь» жүйесіндегі жұмысшы әйелдердің саны 5,5 есе артып, бүкіл жұмысшылардың 34,4 процентін құрады. Тек жерасты жұмыстарының өзінде 4536 әйел істеді... 1944 жылы Ақмола облысында 2258 үй шаруасындағы әйел өндіріске тартылды. Алматы облысында сол жылы үш айданың ішінде — 1306, ал Қарағанды облысында 2860 үй шаруасындағы әйел жұмысқа қосылды.

Ал, Отан қорғау, жауға деген өшпенділік сезімдермен жұмысқа кірісken әйелдердің жұмыс өнімділігі де керемет болды. 1941 жылдың үшінші тоқсанында екінші тоқсанға қарағанда өнім 25,8 процент артық өндірілді. Сол жылы әрбір колхозшының орындаған орташа жұмыс нормасы 1940 жылғымен салыстырғанда, республикада 63 еңбеккүнге көбейді.

Міне, сіз қазіргі кезде әлемдік данқа дейін көтерілген, бүкіл дүние жүзі алдында өзінің үні, беделі бар ұлы мәртебелі қазақ әйелінің өмірбаянын қарап отырсаныз, оның беттерінен осындай жайларды көресіз. Ол өмірбаян әлемге нұр ала келген Октябрь таңымен бірге басталды.

ЖОҚТЫ БАР ЕТКЕН ҰЛЫ КУШ

Ал енді, әйелдер үй шаруашылығындағы өнімсіз, ауыр жұмыстан босап, қоғамдық еңбектің осыншалық биігіне дейін көтерілуіне қандай себептер болды деген сұ-

раққа жауап беретін болсақ, бұл жерде тағы да партия мен үкіметіміздің даналық саясаты мен әкелік қамқорлығы көз алдымызға келеді.

Мәселен, ең қарапайым тілмен айтқанда, әйелдердің үйде атқаратын жұмыстары қандай? Олар — тамақ пісіру, кір жуу, бала бағу, үй сыйыру тағы басқа осы сияқты ұсақ-түйек жұмыстар. Бұлар ұсақ-түйек болғанмен, әйелдердің қаншама уақытын алатыны және ауыр да екени белгілі. Міне, партия мен үкіметіміздің даналық саясатын, қандай бір қаулы-қараптарын, жүзеге асырылып жатқан шараларын алғы қарасаңыз да, олардан міндетті түрде дәл осы міндеттерді орындауға бағытталған бөлігін, әйелдерге арналған үлесті табуға болады екен. Тіпті, біздің социалистік қоғамымыздың ең жоғарғы принципі — «Бәрі де адам үшін, адамның иғілігі үшін!» деген ұран да, көбіне нақ осы әйелдерге арналғандығын көруге болады.

Мәселен, жоғарыдағы сіздің тамақ ішу оқиғацыздың алайық. Бұл былай көзге қарапайым ғана көрінгенмен, ол үлкен саясаттың, қамқорлықтың нәтижесі. Елімізде жылдан жылға кеңеңе түсіп келе жатқан қоғамдық тамақтандыру жүйелері, тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелер, тұрмысқа қажетті бұйымдармен жан-жақты жабдықталған ыңғайлы үйлер, балалар мекемелері, мектеп-интернаттар, мектептер, денсаулық сактау жүйелері, сауықтыру орындары — бәрі де әйелдерді үй жұмысынан босатып, қоғамдық пайдалы еңбекке араластыру міндеттінің іске асып жатқан шаралары. Бұл адамгершілікке толы міндеттерді іске асыруды партия мен үкімет өзінің өмір сүруінің ең алғашқы күндерінен бастап-ақ қызу қолға алғып, әлі күнге дейін талмастан жүргізіп келеді. Бұл шаралар неғұрлым өмірден орнын тауып, кеңінен қолданылған сайын, үй шаруашылығынан босап, қоғамдық пайдалы еңбекке араласқан әйелдердің саны да арта берген.

Ал енді үстіміздегі бесжылдықты алғы қарайтын болсақ, нені көреміз? Республикада 1960 жылы газдандырылған пәтерлердің саны қала мен селода 24,5 мың болса, 1981 жылы 3031,3 мыңға жетті. 1982 жылдың 1 январында республикада 76,2 мың шопан үйлері газдандырылды. 1981 жылы республиканың қалалары мен селоларында 30238 мың шаршы метр (пайдалы көлем) тұрғын үй пайдалануға берілді. Сол сияқты соңғы жылдары мектеп-интернаттардың, мектептердің, мектеп жасына

дейінгі балалар мекемелерінің, қоғамдық тамактандыру орындарының, тағы басқалардың саны еселеп артты.

Осы сияқты қайсыбір саланы алып қарасақ та, олардан біз ылғи өсіп отырған цифrlарды көреміз. Оның барлығын келтіріп жатуға біздің мүмкіндігіміз де жоқ және оның қажеті де бола қоймас деп ойлаймыз. Бізге керегі бұл өсімдердің үй шаруашылығындағы әсері болмақ қой. Біз жоғарыда дәл қазіргі таңда қоғамдық пайдалы еңбекке араласып жүрген әйелдердің халық шаруашылығының әртурлі салаларындағы үлес салмағын көрсететін цифrlарды келтіріп кеттік. Осы ретте, революциядан бұрын қоғамдық пайдалы еңбекке араласқан қазақ әйелдері жоққа тән болғанын айтып, жоқты бармен салыстырсақ та жетіп жатыр ғой деп ойлаймыз.

Ал енді партия мен үкіметіміздің әйелдерге жасап келе жатқан осындай ұшан-теніз қамқорлығының бәрі жиналып келіп, оларды үй шаруасынан босатып, қоғамдық еңбекке кеңінен араластыртып қана қоймайды, сонымен бірге олар әйелдерге қоғамымыздың ең басты өндірігіш күші — адамдар санын ұлғайтуға өз үлестерін қосуға да жағдай жасайды. Партия мен үкіметіміздің жоғарыда айтылғандарға қосымша бұл салада жасап жатқан әкелік қамқорлықтары өзінше бір тәбе. Енді солардың біразына тоқтала кетейік.

Ең алдымен, біздің елде әйел-анаға деген құрмет өте жоғары. Олардың өртөңгі күні балаларымды асырай алмай, немесе оларға қарауға уақытим болмай қалады — деген қауіпті ойламай, ештенеден алаңсыз бала көтеруіне, босануына жағдай туғызуға бағытталған моральдық және материалдық, әлеуметтік шаралардың барлығы дерлік ойластырылған. Мәселең, он бала туып, тәрбиелеп өсірген аналарға «Ардақты ана» атағы мен «Ардақты ана» ордені беріледі. Жеті, сегіз және тоғыз бала туып, тәрбиелеп өсірген аналар үшін — «Ана даңқы» ордені, ал бес және алты бала туып, тәрбиелеп жатқан аналар үшін «Ана медалі» медалі белгіленген.

Әйел-анаға деген қамқорлық мемлекеттік қауіпсіздендері жөніндегі заңда да айрықша көрсетілген. Жұмысшы, қызметкер және колхоз мүшесі әйелдерге туғанға дейін — 56, туғаннан кейін 56 күн төлемді демалыс беріледі. Екі және одан да көп бала туған немесе босану қыын болған жағдайларда оларға берілетін төлемді демалыс тағы да созыла түседі. Әйелдерге босанғанға дейін және одан кейін берілетін жәрдемдер, олардың еңбек

стаждарының қандай екендігіне қарамастан, толық жа-
лақысы көлемінде болады.

Бұл демалыстардан басқа, әйел-аналарға, олардың өздерінің өтініші бойынша бала бір жасқа жеткенге дейін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс тағы беріледі. Ал бұл демалыс та олардың үздіксіз еңбек және ма-
мандық стажына кіреді.

Совет мемлекеті әйел-аналардың балаларын асырауы және тәрбиелеуі үшін материалдық жәрдем де көрсетіп отырады. Мәселен, екі баласы бар әйел-аналарға үшінші баласы туған кезде бір жолғы жәрдем беріледі. Ал үш баласы бар әйел-аналарға төртінші баласын туған кезде және одан кейін туған әр баласына ай сайын жәрдем ақша беріліп тұрады. 1974 жылғы 1 ноябрьден бастап, материалдық жағдайы төмен балалы семьяларға жәрдем беру енгізілді. Материалдық жағдайы төмен семьялар-
дың әр баласына олар 8 жасқа толғанға дейін ай сайын жәрдем ақша төленіп тұрады.

Совет заңы әйел-ананың еңбек жөніндегі праволарын қамтамасыз етіп, қорғап отыруды да ерекше қамқорлық-
ка алған. Екіқабат әйелдердің, емізуі және бір жасқа дейін балалары бар әйел-аналардың еңбегін қорғау ерек-
ше бақылауға алынған. Олар тұнгі, мерзімінен тыс және демалыс күндердегі жұмыстарға, командировкаларға жіберілмейді. Екіқабат әйелдер дәрігердің қорытынды-
сымен бұрынғы жалақылары сақтала отырып уақытша жеңілдеу жұмыстарға ауыстырылады.

Емізуі және бір жасқа дейінгі балалары бар әйел-
аналарға демалуға және тамақтануға арналған жалпы үзілістерге қоса, балаларын емізуге және тамақтанды-
руға қосымша үзіліс беріледі. 14 жасқа дейінгі бала ауырып қалған жағдайда оларға қарау үшін әйел-аналарға еңбекке жарамсыздығы жөніндегі листок беріледі. Әйелдерге пенсия тағайындауда да ерлерден артықшылық сақталады. Оларға еңбек стажының аз мөлшерімен-
ақ 55 жаста пенсия тағайындалады. Ал 5 бала туып,
оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген аналарға пенсия, тіп-
ті, 50 жастан-ақ тағайындалады.

Ал бұл сияқты қамқорлық КПСС XXVI съезінен кейін бұрынғыдан да күшіе түсіп отыр. Алдағы уақытта бо-
санған әйелдерге жалақысы ішінана және толық төле-
нетін демалыстарды бір жылға дейін жеткізуідің сатылы шаралары белгіленіп отыр. Сонымен бірге әйелдерге,
олардың еңбекке қатысуына, ана және бала тәрбиешісі

ретіндегі ролін арттыруға, еліміздің адамға және үрпақ-ка деген қажетін қанағаттандыруына жағдай жасауға бағытталған басқа да көптереген әлеуметтік шаралар белгіленіп, жүзеге асып жатқаны мәлім.

Ал енді осының бәрін қарап отырсақ, олар біздің қорамымыздың табиғатының бәрін ақша билеген капиталистік дүниеден атымен өзгешелігінде, содан туындал жатқандығын көреміз. Біздің социалистік мемлекетіміздің адамға, соның ішінде әйелдерге жасап жатқан қамқорлықтарын капиталистік мемлекеттердің бірде-бірінде, тіпті «адам правосын қорғаймыз» деп, әлемге жарсалып жатқан Америка Құрама Штаттарының өзінде де кездестіре алмаймыз. Олай етуге олардың табиғаты да көтермейді. «Буржуазиялық демократия сөз жүзінде теңдік пен бостандықты уәде етеді. Іс жүзінде адамзаттың жартысына — әйелдерге бірде-бір, тіпті, ең алдыңғы қатарлы, буржуазиялық республика заң бойынша ереккепен толық теңдікті де, еркектің қамқорсынуынан, езгісінен бостандықты да берген емес»,¹ — деп жазды В. И. Ленин өзінің «Совет өкіметі және әйелдің жағдайы» деген мақаласында.

Бұл шынында да нақ осындай екенін қазір өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Мәселен, АҚШ-тың бұрынғы президенті Д. Эйзенхауэр 1957 жылы бірдей еңбекке бірдей еңбекақы төлеу «қарапайым әділеттіліктің» ісі екенін екіжүзділікпен мәлімдеген болатын. Ал осы «қарапайым әділеттілік» АҚШ-тың өзінде қалай іске асып отыр? Америка әйелдерінің жалақысы ерлердікінен 15—20 процент кем екен. Американ әйелдері формальды түрде 1920 жылы дауыс беруге право алған болатын. Ал іс жүзінде АҚШ-та әйелдер әлі күнге дауыс беруден тыс қалып келді. Американ әйелдерінен елдің саяси өміріне араласып жүргендері ілуде біреу ғана табылады. Мәселен, АҚШ-та конгрестің 534 мүшесінің тек 17-і ғана әйел екен.

Сол сияқты, біздің елімізде жұмысшы әйелдердің пенсиялық жасы 55 болса, бұл жас АҚШ-та, Германия Федерациялық Республикасында, Нидерландыда, Финляндияда ерлермен бірдей — 65, Швецияда — 67, Норвегияда — 70 екен. Бізде екіқабат және босанған әйелдерге ариалған ауруханалардағы орын саны 1961 жылдың өзінде 1913 жылмен салыстырғанда 29 есе артыпты. Ал әйелдерге босанғаннан кейін демалыс беру ең алдыңғы

¹ Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы, 39-том, 310-бет.

қатарлы капиталистік ел деп аталағын Америка Құрама Штаттарының өзінде 49 штаттың 6 штатында ғана қолданылатын көрінеді. Оның өзінде де босанған әйелдердің бүрынғы орындарын сақтап отыруға қожайындар міндетті емес. Сондықтан босанған әйелдердің басым көпшілігі жұмыстарынан айрылып, бос сенделіп қалып жатады. Оның үстіне, жас балаларын орналастыратын балалар мекемелеріне де қол жетпей, оларды асыраудың өзі де ауыр соғып, әбден қиналады. Міне, осының бәрі олардың бала табуға деген ынталарын төмендетіп, әрі кеткенде бір-екі баланың ғана қолынан ұстап қалуға мәжбүр болып жатады.

Ал біздің елде жағдай, тіпті, басқаша. Ол жөнінде біз жоғарыда біраз айтып та өттік. Енді біз сол айтылған жағдайлардың мемлекеттіміздің ең қымбат қазынасы — адам санын көбейтуге, әйелдердің бұл жөніндегі ынтақыласын арттыруға қалай ықпал етіп жатқанын цифрлармен, фактілермен бір шама көрсете кетейік. Бұл жөнінде біз Халықаралық әйелдер жылына арналып, 1975 жылы Москвада шығарылған арнаулы статистикалық жинақтың мәліметтерін пайдаланбақпзыз.

Мәселен, 1945 жылы бүкіл еліміз бойынша, ай сайын берілетін мемлекеттік жәрдемді пайдаланатын көп балалы семьялардың саны 844 мың болса, 1974 жылы бұл цифр 2 миллион 706 мыңға жетеді. Соның ішінде төрт балалы семьяның саны тиісінше, 287 мыңнан 878 мыңға, бес балалы семьяның саны 181 мыңнан 621 мыңға, алты балалы семья 100 мыңнан 563 мыңға, жеті және одан да көп балалары бар семьялардың саны 276 мыңнан 744 мыңға дейін артқан. Сол сияқты, 1944 жыл мен 1949 жыл арасында елімізде 31 ана «Ардақты ана» атағын алған болса, 1950 мен 1974 жыл аралығында 170 ана осы ең жоғары атаққа ие болып, омырауларына «Ардақты ана» орденін тақты.

Бұл цифrlардан байқалатын нэрсе — біздің халқының әл-ауқаты жылдан-жылға артып, партия мен үкіметтіміздің халыққа, оның ішінде, әйелдерге арналған қамқорлығының талай-талай шаралары іске асырылған соңғы жылдары көп балалы семьялар санының еселеп артып отырғаны. Дәл қазіргі кезде бұл цифрдың еселеп артып кеткендігінде дау жоқ. Оған дәлел ретінде қазіргі таңда біздің республикамыздың Қызылорда облысындағы Теренөзек ауданының бір ғана шаруашылығында — Еңбек Қызыл Ту орденді «Шіркейлі» совхозында — 22

«Ардақты ана» барлығын айтсақ та жеткілікті. Ал енді олар бір ғана шаруашылықта осылай болып отырғанда, бүкіл республикамызда қанша екенін айтпай-ақ шамалауга болады емес пе!

Олардың бәрі де көп бала өсіріп, «Ардақты ана» атана жүріп, еңбектен де қол үзбеген, жұмыскер аналар. Олардың ішінде «Ардақты ана» орденінің жанына Социалистік Еңбек Ерінің «Орақ пен Балға» алтын медалін қадаған, атағы бүкіл елімізге мәлім Ұлбала Алтайбаева сияқты аналар да бар. Олардың республикамызда көптеп саналып, қоғамдық өмірімізде қаншалықты зор дәрежеде іргелі істер тындырып жүргенінің тағы бір айғағы — осы, қолдарыныңда ұстап отырған жинақ бола алар деген сенімдеміз. Бұл жинақта сол, қайсыбір семьяның болса да алтын діңгегі — абзал аналардың бір тобы жөнінде ғана әңгіме болып отыр.

Шайхан Жандәев

ҰЯДАН ҰШҚАН ОН ТОҒЫЗ

1.

1981 жыл. Тамыздың нағыз тамылжып, Арқа жерінің жанға да, малға да жайлыш болып, бар мейірімін, шапағат нұрын төгіп тұрган кезі. Ақжардың үлкенді-кішілі тұрғындары көңілдерін бір демдеп, мамыражай тыныстап, тоқшылық кейіп танытты. Осыдан бірер жыл бұрын ақжарлықтар өздері өсірген бітік егінді дер кезінде жинай алмай қиналған болатын. Сонда көршілері, социалистік жарысқа түсіп, үнемі артта қалып жүрген Бақаев атындағы совхоздың бір топ озат комбайншылары сауеттік көмекке келгенде, ұялғандарынан жерге қарап қалған. Намыс отына жігерін жаныған жігіттер бұл жолы нағыз азаматтық міnez көрсетті. Ауыл механизаторлары шабындыққа мая-мая шөп үйіп, оны дер кезінде тасып алып, енді-енді басталатын егін орағына да тас-түйін отырган-ды.

Жігіттер осылай ораққа қапысыз қамданған сәтінде шағын ауылда қуанышты хабар тез тарап қетті.

- Бұғін Жәкеңнің үйінде үлкен той болады екен.
- Қай Жәкен?
- Мектеп директоры Жамалиден Махановты айтамын. Мұғалім ұлы Қанат үйленетін көрінеді.
- Келін қайдан екен?
- Осы ауылдан. Құбыш ағайдың бұлдіршіндегі баласы. Элия шे?
- Е, онда тең-теңімен деген. Екі жас бақытты болсын,— десті ауылдастары.

Сол күні ауыл шетіндегі Жамалиденнің сегіз бөлмелі екі үйі қонаққа лық толды. Көрші ауылдардан келген жігіттер мен қыздар да төрге шықты. Жастар жас ке-

лінді жаңа дәстүр, жаңа салт бойынша «Жар-жармен» әндете қарсы алды. «Беташар» айтылып, ел-жұрт орынорындарына жайғасқан сәтте, асабаның қоңыр дауысы жүртшылықты бірден елең еткізе түсті.

— Да, халайық, қымбатты құйрық-бауыр жесіскең, мың жыл туыс боламыз десіскең, құда-құдағилар. Бәрің маған қарандар. Бүгін ауылымыздың ардақты азаматы, алтын асықтай он тоғыз бала тәрбиелеп өсірген Жамалиден ағай мен Мәпіш апайдың үйінде үлкен куаныш, дүбірлі той басталғалы отыр. Осы құтты ұядан түлеп ұшқан он сегіз үл мен бір қыздың арасынан бірінші болып ұстаз атанған Қанат бақытты совет семьясының қатарына тағы бір отау қосты. Тойдың ең алғашқы сөзін он тоғыз баланың әкесі Жәкеңе беруге рұқсат етініздер.

Сол-ақ екен, кең бөлмеде, тағам толы стол басында отырғандар қол шапалактап, дуылдасып кетті. Бұл сәтте Жамалиденнің қараторы жүзі бал-бұл жанып, мейірімді қой көздері ұшқын атып түр еді. Куанышын жасыра алмай, күлімсіреген бойы төрге, құдаларына қарай тақала берді. Денесінде сәл болмашы діріл бар сияқты. Талай-талай жиындарда қысылып-қымтырылмай, алқалы топтың алдынан сүрінбей өтетін мектеп директоры бұл жолы аз-кем ойланып қалды. Екі-үш рет тамагын кенеп:

— Қадырлы қонақтарым! Бұрынғылар «Үйлену оцай, үй болу қын» деген екен. Мен осы бір нақылға өзгеріс енгізсем бе деймін. Олай дейтінім, бүгінгідей нұрлы заманымызда үйлену де, үй болу да оцай. Бұрынғыдай емес, екі жас бір-бірімен теңін тауып қосылады, семья құрады. Ал қайда болсын олардың енбек етуіне, татуттәтті өмір сүруіне барлық жағдай бар. Балаларыма айтарым, ең алдымен әке-шешелеріңің тілегін ақтаңдар! Сендер жақсы болып асып кетсендер, олар әсте күнде мейді. Эркім өз балаларына бақытты бол, деп тілек айтады ғой. Бақыт дегеніңіз ұшып жүрген құс та емес, барлық та, байлық та емес. Ол әр адамның туып өскен, білім алдып, ер жеткен жерінде, ошағының басында, косатының жанында. Қазір мен құда-құдағилармен бірге үлкен шаңырағымның алғашқы қызығын көріп бақытқа бөленіп отырмын. Осы қос құлымын өздеріңің жеке бас қамын ғана ойлап қоймай, елдің баласы, Отанымыздың ардақты азаматы болсын. Халқына адал қызмет етсін, әрқашанда ондарынан — күн, солдарынан — ай тузын. Бақытты болындар, қос ботам!

Той қызығы таң ағарып атқанша толастамады. Жастар шырқаған әсем ән тымық кештің мөлдір аспанында шарықтап тарап жатты. Бірде күліп, енді бірде отты, тұнық жанарынан куаныштан төгілген жасқа ие бола алмаған Мәпіш жұрт аяғы басылғанда ғана тізе бүкті. Оның өзінде абысын-ажындары, сіңлілері:

— Апа-ау, бір сәт дем алсаңызы. Қалған шаруаны өзіміз-ақ тындырамыз ғой,— деп жан-жақтан кеү-кеулеген соң амалсыз құс жастыққа қисайған еді. Қөзі жұмұлы, көңілі ояу. Той үстіндегі ұлы мен келінің бал-бұл жанған, алаулаған жүздері, өзінің өткен жастық шағы, өрімдей өндір он тоғыз баласы, бірінен соң бірі тізбектеліп көз алдына келді.

2.

Мәпіш қазіргі сәбилердей балалықтың бал дәурен базарын армансыз кешіп, алансыз ойнай алмады. Алты жасқа келген шыбынсыз жазда алай-тулей сұрапыл боран соқты. Ол бүгінге дейін дәл сондай алапат дауылды көрген де, естіген де жок. Фасырлар бойы талай-талай күнәсіз ғашықтарға пана, күә болған мәуелі бәйтеректердің саялы бұтақтары сол шыбынсыз жазда, аңыраған анадай жапырактарынан айрылыпты.

Сол шыбынсыз жазда миллиондаған адамның «соғыс» деген жалғыз ауыз үрейлі сөзін Арқаның майда самал желі аскар таулардан асырып, алыска жеткізіп жатты. Э дегенде осы сұрапыл «соғыс» деген жалғыз ауыз сөз жөн-жоба білетін көшелі, көне көз қарияларды ғана емес, ес білетін, әліппенің әрітерін енді-енді ежелейміз деп жүретін Мәпіштерді де есенгіретіп таставады. Елге, туған жерге деген ессіз, дүлей боранның Батыстан соққанын естігенде, барша совет халқы белді бекем буды. Сол бір шыбынсыз жазда алты жасар Мәпіштөр алты есе есейді...

Тоғыз жасында таң елең-алаңнан алғаш рет масактеруге шыққаны әлі есінде. Шолақ қол бригадирдің: «Балалар, тұрындар, күн түс болды ғой» деген жарық-шақтанған даусын Мәпіш сонда біразға дейін түсінде де естіп жүрді.

— Ал, қарақтарым,— дейтін бригадир, аңыз басында балаларды сапқа тұрғызып.— Біздің жауынгерлер жауды өкшелей қуып барады. Соғыс бітуге жақын қалды. Егер әкелерің мен ағаларың ауылда жүрсе, мен сендерді тұн үйқыларыңды бөліп, елең-алаңнан тұрғызар

ма едім? Ауылдан кеткен азаматтар үшін алдымен наң керек. Сондыктан сендердің жинаған әрбір масақтарың, фашистеге оқ болып тиеді. Балалық жасамай, азызда бір дән қалдырмай теріңдер. Өзім түсте де, кешке де келіп атқарған жұмыстарынды тексеремін.

Албырт балалық шақтың қызындарай, от-жалын жоқ шығар әлемде. Қара сирак үлдар мен қыздар әлгі сөзден соң азызға атой салатын еді. Қолдарында бір-бір қару, қазір музейде болмаса, іздесе таптырмайтын кәдімгі қол орақ. Бәрі де әу баста от пен оқ кешіп майданда жүрген әкелеріміз үшін, Отан үшін, ағаларымыз үшін деп ертелең келіп, жомарт, бейқұнә жанарларымен ара-кідік қалып қойған бидай сабактарын жан ұшыра жанталаса іздейді. Сол күні олар бригадирді риза етіп, ауылга әндептің қайтты.

Ертеңінде Мәпіш анасы Құлшаттың:

— Тұра ғой, ботақаным, бригадир есік қағып тұр, балалар масақ теруге бара жатыр,— деген сөзін естімді, ананың аялы алақанын сезбеді. Денесі ысынып күйіп-жанып, қары салдырап, аяқ-қолы көтертпей, беймаза хал кешті. Үйге келген бригадирдің жүрекжарды тебірене айтқан сөзін де естіген жоқ.

— Құлшат апа-ау, менде не кінә бар? Ер азаматтар белшесінен қан кешіп жүргенде, біз қалайша тыныш үй-ықтаймыз. Эне, қараңызшы әшейінде көркіне күн тигізбейтін, бұлдіршіндей баланың ақ мақтадай үлбіреген алақаны бір-ақ күн ішінде тілім-тілім болып қалыпты. Басқа да қыз балалар қай бір жетісіп жүр дейсіз. Оны мен де сеземін. Қайтейік, амал бар ма? Бекем буынған белді күні ертең боздақтарымыз ауылға аман есен қайтып оралғанда шешерміз. Оған да көп уақыт қалған жоқ қой. Бүгін Мәпіш үйде болсын, дем алсын. Мен үлдарды ғана азызға апарамын,— деп еді бригадир.

Мәпіш сол күні сәске түсте ғана басын көтерді. Үй ішінде ешкім көрінбейді. Сәби кешегі шаршағанын ұмытып, сыртқа шықты. Қолеңкеде өзінен кейінгі жалғыз бауыры Хамиттың, апыл-тапыл аяғын басып жүрген сіңлілері Үмітжан мен Шәйданың ойнап отырғанын көріп куанып қалды. Қәдімгідей ер жетіп, есейгендігін та-нытып оларды ертіп үйге кірді. Қалған қатқан нанды, жылымшы көжені бәрі бөлісіп ішті...

Көбелекше әр гүлге қонған, өткен өмір жолын шолған ойлар бірімен-бірі сабактасып жалғаса берді. Әлде-кімдер аяғына жармасып, төсін аймалай берді. Әлгі тэт-

ті елестер үзілген моншақтай, шашырап кетті. АナンЫң сезімтал жүрегі елжірей соқты. Бұлар ең кенжесі он сегізінші, он тоғызынышы — егіз туған үш жастағы Асыл мен Арман еді. Қос сәбійн бауырына қысып мейірлене сүйіп, құшырлана іскеді. Қарлығаш ойлар тағы да қанат қақты...

3.

Он тоғыз бала, он тоғыз мінез. Оқу жылы аяқталып, мұғалімдер демалыста еді. Тек мектеп директоры Жамалиден Маханов қана жұмыста болатын. Бір мезгіл мектептің жөнделуін қадағалайтын. Үйдің де ұсақ-түйек жұмыстары қолды бір босатпайтын.

Көкке аузы енді ғана іліккен марқалар әлі арық. Сойып тастауга обал-ақ. Жамалиден «Жигулине» отырып, совхоз орталығы — Корнеевкаға қарай жүйіткі жөнелді. Бір пүттай шұжық сатып алды. Үйге келген соң балаларын шақырып алыш, әлгі әкелгенін стол үстіне қоя салды да, өзі «шаршадым, қалжырадым» деп жатып қалды. Әредік «қор-қор» етеді. Үлкенді-кішілі балалар осы сәтті күтіп отыр еді. Олар «шұғыл» жұмысқа кірісті.

Бағанағыдай емес, әлден соң балалар тоқпейіл мінез танытты. Арада едәүір уақыт өтсе де, олар әбден тойдық демей, столға үздік-создық қол соза берді. Сонда басқа емес, тоғызынышы баласы Дарын:

— Бәріміз де тойып қалдық. Ендігі қалғанын мамам мен папама қояйық. Олардың да қарны ашып қалған шығар,— деді. Ер жетіп қалғандары інісінің айтқанына ден қойды. Бәрі де мамасы мен папасына шұжық қалдырыды. Сол кезде Жамалиден орнынан атып тұрды.

— Құлышдарым менің, осылай біріңнің айтқан сөздерінді үлкенмін, кішімін демей, тыңдал жүріндер. Мәпіш екеуіміз сендер үшін қолдан келгенінің бәрін аямаймыз. Қиімдерің — көк, тамақтарың — ток, уайымдарың — жоқ қой, айналайындар. Ақылдым менің, міне, азамат болды деген осы,— деп ол Дарынын бауырына қысты.

Сол Дарын Асыл мен Арманның «екінші папасы мен мамасы» атанды. Сабактан қайтып келгенінде егіз бала осы ағасын далада күнде асыға тосып тұратын. Содан көздері әбден үйқыға барғанша Дарының қасынан көленкедей қалмай еріп жүретін. Дарын Қарағандының № 2 қазақ орта мектеп-интернатына оқуға барып еді.

Сонда Асыл мен Арман кімнің де болсын, жүрегін діреткізетіндей беймаза хал кешті. Экесін де, шешесін де тындарады. Бейкүнә қос сәби түн ортасында тұрып алып, беу-беулеп Дарынды іздеді де отырды. Жәкең мен Мәпіш қос ұлдарына алма да, апельсин де, көз қарықтарын тәттілерді де ұсынды. Сонда да Асыл мен Арман тыныштала алмады.

— Кой, болмас,— деп Жамалиден «Жигулиін» «ертеді». Дарынды ауылға әкелді. Аяғын апыл-тапыл басып жүрген қос сәбидің сол күнгі қуанышты сезімін, көніл-күйін Жамалиден мен Мәпіш бар болмысымен түсініп еді. Сол түні екі бала Дарынның оны мен солында армансыз үйіктады.

4.

Адам бір қуанғанда ойды-ой қуып, өткен белестердің ұмытылmas шактары өзінен өзі еске түсе береді екен. Кешеден бері қанша қалжыраса да, Мәпіштің кірпігі ілінбей қойды. Енді бірде бауырында егіз қозыдай монтиып жаткан осы сәбілерінің жарық дүниеге келер сәтіндегі қиналған шағы көз алдына елестеді.

Сол түні Мәпіштің жарғақ құлағы жастыққа тимеп еді. Ол қанша қиналса да, үрейлі жанарларымен жаутандап отырған балаларының көзінше қабағын да шытпады. Барлық қажыр-қайратын, күш-жігерін жинап, анда-санда:

— Құлындарым-ау, үйіктасаңдаршы бір мезгіл. Ертең мен аурұханаға түскенде қарындарың ашып, жүдеп қалар ма екенсіндер? — деп, әрқайсынына аналық мейріммен қарайды. Мұндай қамқор дауыс шыққанда, балалардың жүздері де бұлт астынан көрінген күндей жайраң қарады.

— Мама, алдымен өз денсаулығынызды ойласаңызшы. Біздер туралы еш алаң болмаңыз. Үйде мен баремеспін бе,— деп Қатима кәдімгідей өкпелейді.

Енді сөзге Нұркен мен Нәжат араласты.

— Малды екеулеп жайлаймыз, мама.

— Мама, мен барлық ыдыстарды өзің сияқты таптаза етіп жуып қоямын.

Дарынның бұл сөзіне үй-ішіндегілер тегіс күліп жіберді.

— Мама, мен Нұрға не боламын. Бәрінен де бұрын өзіңіз тез жазылыш келіңізші,— деді Сәкен.

Естері кіріп, ер жетіп қалғаң балаларының осы сөздері Мәпішке қуат берді. Бұл кезде Жамалиден «Жигулиін» қыздырып үйге кірді. Балалары шешесін жан-жақтан жапырласа қолтықтап машинаға отырғызып, сәтсапар тілеп қалды.

Көктемнің алғашқы айы. Желмен жарысқан «Жигули» асфальт жолмен жүйіткіп келеді. Мәпіш бір мезгіл көз шырымын алды. Аудан орталығы — Ульяновка поселкесіндегі перзентхананың дәрігерлері алғашқы жәрдем көрсетісімен, Жамалиденге ақыл-кенес берді.

— Сіз бұл араға көп бөгелменіз. Жаныңызға медсестра қосып берейік. Қарағанды осы арадан елу-ақ километр фой. Жедел жүріп кетіңіз.

Арада бие сауым уақыт өтпей-ақ, Мәпіш № 3 перзентханаға орналасты. Мұндағы дәрігерлердің бәрі де құрақ ұшып, жандары қалмай қызмет етті. 1978 жылдың 16 априель күні ең алдымен жарық өмірге Асыл келді інгәлап. Содан кейін ананың жағдайы бирте-бирте ауырлай берді. Мынау жарық дүние бірде төңкеріліп, бірде шырқа айналып кеткендегі болады. Ҙас нәресте — Арман 17 априельде көп бейнет көрсетіп дүниеге келгенін қайдан білсін? Дәрігерлер Мәпіштің де, балалардың да жанын алып қалып еді...

... Мәпіш жайлы орынға жайғасқан соң көңілі орнына түскен Жамалиден қалада көп бөгелген жоқ. Өзінің үйреншікті магазиндерінен балаларға киім-кешек, шайқант, базарлық алды да, ауылға қайтты. Айнаға қарап еді, самайындағы ақ қырауды көзі шалып қалды. «Қартайып қалғаным ба? Уақыт, жыл дегеніңіз дарияның ағысындаі, қандай жылдам». Екі көзі жолда болса да, көңілдері шар тарапқа самғап қонақтар емес. «Өтіп ба-ра жатқан өмір-ай, ұстаздық еткеніме де отыз жылдай болыпты». Шәкірттерін ойлағанда Жакең езу тартып, іштей куанып, бір кездегі ауылдың қараторы балаларын еске алды.

Солардың бірі — Нығмет Танашев. Жасында тентектеу болса да, сабакқа алғыр еді. Москвадан жоғары оқу орнын бітіріп, Қостанайдан кондитер фабрикасының директоры болып бір-ақ шықты. Сол Нығмет қазір Отанымыздың астанасында Академияда оқиды. Елубай Эбжанов. Көп сөйлемесе де, анда-санда жатып ататын, шақпа тілді осы баланы Жамалиден «журналист болатын шығар-ау» деп дәмеленетін. Елубай дәрігерлік мандықты қалады. Қарағанды облысы бойынша село-

лық аудандардың ішінде бірінші болып жүрек аурула-
рынан диссертация қорғаған медицина ғылымдарының
кандидаты. Қазір Елубай Қарағандыдағы білгір маман-
дардың бірі. Ойлап отырса, өзінен тәлім алған шәкірт-
тері сан алуан мамандықтың иелері екен.

Сартау сегіз жылдық мектебінің директоры ауылға
жеткенше осындай талай-талай ойды сабактады. Үшін-
ші егіздері — Нұргазы мен Ерғазы атты қос нәрестелері
дүниеге келгенде, XX партия съезі атындағы совхоздың
басшылары бұларға арнап 102 шаршы метрлік үйді те-
гін салып берген-ді. Арада біраз жыл өткен соң, бала
саны он жетіге жетіп еді.

Бірде ол совхоз орталығы — Корнеевқадан бір қап
нан сатып алды. Келімді-кетімді кісілер мұны көріп таң-
қалды. Сатушы да қалжынқой жан екен.

— Тым тамақсау екенсін, қайным,— деді. Жігіт ағасы
да есесін жібермей:

— Егер өзініз мен сияқты он жеті балам бар деп, бір
сэт ойланып көріңізші. Сонда оларға қанша қап нан
алар едіңіз? — деп қарсы сұрақ қойды.

— Қойыңызы, осы күнгі жастардың үлкендермен
қалжындасадатыны жараспайды-ақ. Бәлкім, әр жерде бір-
бір үйіңіз бар шығар? Жиналған жүрт ду күлді.

— Жоқ, әстеде олай емес. Осы совхоздың Ақжар
белімшесінде тұрамыз. Бір ғана Мәпіш есімді жұбайым
бар. Сенбесеңіз есік алдында «Жигулиім» тұр. Көрімді-
гін берсеңіз, жақын жер ғой, ауылға апарып көрсетіп,
қайтадан алып келейін.

Сатушы не сенерін, не сенбесін білмей аңтарылып
қалды...

Жамалиден ауыл көшесіне енді іліге бергенде, қарсы
алдынан тәжірибелі мұғалімдердің бірі — Серік Ысқа-
қов шықты. Машина кілт тоқтады.

— Иә, Серік, сабак қалай өтті? — деді мектеп директоры.

— Ол жайында еш алаң болмаңыз. Осы жаңа ғана
кластардың бәріне от жаққызып келе жатқан бетім осы.
Өзіңіз тез оралдыңыз ғой. Қалай, женгей тынышталды-
ма?

— Сенімді адамдардың қолына барды ғой.

— Ә, онда женгейдің аяқ-қолы жеңіл болсын!

Оншақты күн өткен соң ауылға құстай ұшып, қарлы-
ғаш қанатты телеграмма жетті. Онда: «Сізді егіз ұлы-
ңызбен құттықтаймыз. Жұбайыңыздың, бөбектердің ден-

саулығы жақсы» делініпті. Жамалиден де, бала-шагалары да мәз-майрам болып, бір қуанып қалысты. Қыстай бордақыға байланған ту қой сойылды. Бүкіл ауыл келіп құтты болсын айтты. Шілдехананың алды басталды.

... Мәпіш перзентханадан құшағын, гүлге толтырып шықты. Егіздің бірі — Жамалиденде, сыңары — Қанатта еді. Сонда жүздері шат семья мүшелеріне жиналған көвшілік таңдана қарасқан...

5.

«Тойға той үлассын» деген ауыл тұрғындарының тілегі қате кеткен жоқ. 1979 жылдың қысында ойда жоқта Жәкеңнің атына халық депутаттары Ульянов аудандық Советі атқару комитетінен хат келді. Онда: «Аудандық атқару комитеті көп балалы семья екендігіндегі ескеріп, сіздерге кезектен тыс «УАЗ» маркалы женіл автомашина берілетіндігін хабарлайды» делінген. Тағы да бүкіл семья үлкен қуанышқа кенелді.

— Енді қандай қалың қар болса да тіліп өтетін болдық,— деді Жомарт.

— Ура, «Жигулиді» енді Қанат жүргізе берсін. Мына машина мәнікі,— деді Болат. Сонда Жамалиден:

— Бәрің де босқа таласасындар, екі машина да сонты егіздікі, Асылым мен Арманымдікі,— деп еді мұртынан күліп.

«Балалы үй — базар». Шалғай ауылдағы бақытты семьяның қызығы біріне-бірі жалғаса берді. Сабактан шыққан соң Жамалиден күндегі әдетімен балаларының ортасында, Мәпіштің қаймақ қатқан қою шайын рахаттана ішіп, бусанып отырған еді. Әлден уақытта екі жігіт сау ете түсті. Бірі — совхоздың партком секретары Орынбай Усин, екіншісі — бөлімше басқарушысы Қалтай Маташев екен. Жүздері қуанышты. Жылы амандастып, төрте шықты.

— Ауылымыздың аты бәйгеден келді. Сен оздын, Жәке, бас бәйге сенікі,— деді Қалтай.

— Сүйінші, осындағы қуанышыңыз әрдайым жалғаса берсін,— деді парторт.

Қапелімде еш нәрсеге түсіне алмаған Жамалиден мен Мәпіш аң-таң.

— Ойпырым-ай, үздіктірмей тоқ етерін айтсандаршы? Жақсылық хабарға сүйінші деген сөз болып па? — деді мектеп директоры.

Орынбай Қазақ Совет Энциклопедиясының Қазақ

Советтік Социалистік Республикасының 60 жылдығына арналып шығарылған томының 132-бетін ашты. Сонда Махановтар семьясының суреті жарияланған екен.

Кітап қолдан-қолға ете берді. Балалар бір-біріне: «Мынау — сен, мынау — сен» десіп жатыр. Орынбай әңгімені жалғастырды:

— Қап, эттегене-ай, бұл суретке Нұр, Асыл мен Арман ілікпеген екен-ау,— деп өкініш білдірді. Сол кезде Қалтай Жамалиденмен замандастырын білдіріп:

— Энциклопедияның келесі басылымы шыққанша, Жәкеңдер семьясының балалары бұл қарқынмен отызға тақап қалар. Сонда бәрі қайта жиналып суретке түседі рой,— деді.

Жұрттың бәрі күлкіге қарық болып қалды. Сол күні той дастарқаны тағы да қайта жасалды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген. Жамалиденнің семьясын көрмese де Махановтарды одактық теледидардан, деректі фильмнен көріп, республика баспасөздерінен оқыған адал ниетті, ақ пейіл жандар Қарағанды облысының Ульянов ауданындағы XX партия съезі атындағы совхозында тұратын осы үлкен де, бақытты семьяға қызы-жазы өздерінің ақ ниеттерін білдіріп жер-жерден хат жазып жатады. Мына бір хатты 1978 жылдың күз айында Шымкент облысының, «Жетісай» совхозының № 5 бөлімшесінен жетпістегі қарт ана Әлима Мұтәлиева жолдапты.

«Сәламатсындар ма? Балам Жамалиден, Мәпіш келінім,— делінген онда.— Сендер туралы «Қазақстан эйелдері» журналында жарияланған мақаланы оқып, эрі суреттерінді көріп, бір жасап қалдым. Қуанғанымнан немерелеріме хат жаздырып отырмын. Қазақта «Бір қозы артық туса, бір түп жусан артық шығады» деген мақал бар. Өмірде бақытты болындар, айналайндар. Бір-бірімізді бұрыннан білмесек те бұлдіршіндей он тоғыз бала тәрбиелеп өсіріп отырған сендерді балаларыма, келіндеріме әрдайым мақтан етіп айтып отырамын. Семьяларыңа зор бақыт, үлкен қуаныш тілеймін».

Ақжардағы ауыл шетіндегі ақшаңқан, іші жиһазға толы екі үй. Екі жеңіл машина. Бақытты ата-ана Жамалиден мен Мәпіштің жүздері бал-бұл жанған бөбектері тысқа шығып барады. Бірін-бірі қолтығынан демеп, тату-тэтті ойнап журген сәбилер желкілдеп өскен құрактай тете өсіп келеді.

Әзиза Нұрмаханова

ҰЛБАЛА

Ұлбала асықпай киініп, кішкентайларына үрлана қарап қойып, ақырын басып сыртқа шығатын. Ол дереу аспанға көз тастайтын. Таңың бозара бастағанына қарап, әлі де жымындаң тұрған бірен-саран жұлдыздарға көз тігетін де, кеудесін кере бір дем алатын. Қенет құлағына трактордың әуелі гүр еткен, соңынан мотордың бір қалыпты дыбысы естілетін. Сонда ғана қобалжып тұрған көнілі орнына түсетін.

Ал бүгін Ұлбала облысқа аттанбақшы. Құндегі әдемін ерте тұрды да, мал-жайды жайғастырып болып, төргі бөлмені біраз тәртіпке келтірді. Мәжіліске киіп баратын киімдерін дайындағы. Бұл кезде күн көтеріліп қалған болатын.

Балалар анасының күріштікке ерте кетіп қалатынына әбден дағыланған еді. Қазір әжесінің алдында балаларының ең кенжесі — Гүлмира отыр. Орнынан тұра сала Қунімхан мен Күләйхан да әжесіне қарай жүгіреді. Бұлар әжесі аялы алақанымен «құлышын» деп маңдайынан сипап, беттерінен бір сүймей көнілдері көншімейді. Осылай Гүлжаһан да, Оралсейіт те, Құлшатта, Оралхан да, Құлшай да, Сейілхан да, Үртай да, Нұрмакан да, Әшімхан да, Күләйхан да өскен... Қазір де сол дағдысымен кішкентайлары әжесіне еркелейді. Қунімхан мен Күләйхан әжесінің қолынан түспейтін Гүлмираға қызығады. Оны итеріп жіберіп, әжесіне өздері таласады. Үйден киініп шыққан анасын көріп барлығы жалт карасты. Әжесінің алдында отырған Гүлмира ақырын жылжып түсті де, Ұлбалага қарай жүгірді. Оның қолындағы сары май жаққан нанын көріп:

— Гүлмира, мамаңың үстін ұстама! Бұлдіріп аласың,— деді Құләйхан. Ұлбала өған қарап жымып:

— Соны білгеніңең айналайын,— деп, оның бетінен сүйіп-сүйіп алды. Құләйхан болса, төбесі көкке жеткендей қуанып, басқаларына мақтандышип қарап қойды.

— Апа, қайда барасың? — деп сұрады Айымхан.

— Облыс орталығына барамын.

— Мені де алып кетсейші,— деді ол жалынышты дауыспен.

— Ол қыдырып жүр ме? Сені қалай алыш кетеді? — деді Құләйхан апасы үшін жауап беріп.

Ұлбала Құләйханның сөзіне тебіреніп кетті: «Күні кеше ғана алдын кес-кестеп, мені «алыш кет» деп тұрып алатын. Енді ол Айымханға ақыл айтып жатыр... Уақыттың зулап өтіп жатқанын осыларға қарап білеміз-ау! Құлындарым өсе берсінші...»

* * *

Ұлбала мәжіліс президиумынан орын алды. Өзімен қатар облыстың партия, совет органдарының басшылары, алдыңғы қатарлы озат диқандар, ғалымдар отыр. Ол сөйлеушілердің сөзін бар ықыласымен тыңдай берген. Ғалымдар келешек өнім деңгейі гектарынан 80—90 центнерден болатындығын мысалдармен дәлелдеп жатты.

Ұлбала мәжілістен көп ой түйіп оралды. Сұлтанхан әйелінің жан-дуниесіндегі өзгерісті сезді. Ол осында шақырысқа, Қызылордаға өте сирек баратын. Қолы тие қойса, тамыр-тәнисында екі-үш күн болып, оқып жатқан қыздарына соғатын, балаларына керек-жараптар алыш, барлығын қуантып тастайтын. Сондықтан балалар шешесінің қайту сапарын шыдамсыздана күтуші еді. Бұл жолы олай болмады. Қызылордадан тез оралды, оның үстіне құрқол келді, көңілінде қобалжудың ізі бар. Осыны сезген балалар үрлисіп қарап қалды да, сәлден соң әркім өз ісімен шұғылдануға кірісті. Мұндай жағдайда Ұлбаламен сөйлесетін тек қана көкесі екенін де балалары жақсы білетін.

— Немене, көңілің пәс қой, Ұлыке, бір жерің ауырып тұр ма? — деді оңаша қалған Сұлтанхан.

— Жоқ, еш жерім ауырмайды, бірақ... — деді де кілт тоқтады.

«Басшылар кейіді ме екен? Жоқ, олай емес! Ұлбалаңың көрсеткіші жақсы. Әр гектардан 64 центнерден! Сол

үшін де облыс орталығына шақырды, бірақ озат дикандардың қатарында аты атамаған болуы тиіс...»

— Несіне қынжыласың, асатпай жатып құлдық деудің не керегі бар. Әлі де енбек ет, маңдай терін тамса, ол ескерілмей қоймайды. Атынды қазір атамаса, ертең атайды. Мәселе атау, атамауда емес, өз еңбегіне адал болуда! — деді ері жігерлене сейлеп. Ұлбала Сұлтанханға дән риза болды. Өзінің ойындағысын тап басып айтып отыр.

— Атымды да атады, бірақ мақтанатындаі ештеңем де жоқ. Осы ретте, тіпті, өзіме-өзім қанағаттанбай қайттым. Сөйле деп еді, бас тарттым. Не айтамын, әлі ойланатын жәйттер көп-ақ. Сен де осы жиналышқа қатысуың керек еді. Бұғінгі білімің ертеңгі күнге жарамайды. Уақыт шіркін жүйрік-ақ екен, озат дикандар ғалымдардан да озып кетіп жатыр. Ойлап тұрсан, өмір өзі оқытып, өзі билейді екен! — деді ойланған Сұлтанхан.

Сұлтанхан бар зейінімен Ұлбаланың сөзін тындағысы келгендей, үнсіз отыр. Бұрын өзі Ұлбаладан «не сөйлейсің» деп сұрап, оны әзер сөйлететін, пікірін қайта-қайта пысықтап «жақсы ісінді жөнімен түсіндіре біл» деп ескертіп қоятын. Қазір Ұлбала өзі тебіреніп, өзі сөйлем отыр. Осыны сезген Сұлтанхан:

— Өмір өзі оқытып, өзі билейді дегенің өте дұрыс. Оны сен басқалардан көрсөн, мен сенен-ақ көріп, таңқалып отырмын,— деді.

— Мен күріш өсірудің шебері Қим Ман Сам айтқан әр гектардан 50—60 центнерден өнім беріп, облыстың көрсеткішін биіктете түсуім керек деп масайрап журсем, жақаевшылар түгел дерлік 60—70 центнерден өнім алыпты. Бұл өзі ғалымдар мен жақаевшылар өнім деңгейін 80—90 центнерге жеткізуге болатындығын дәлелдеді. Сондыктан бұғінгі шыққан тауың ертеңгі күні төбешік сияқты болып қалатын түрі бар. Өмірден таяқ жемеу үшін, ылғи алға ұмтылып отырмасаң болмайды екен,— деді Ұлбала ойланған Сұлтанхан.

Бұл Сұлтанханға да үлкен ой салды.

* * *

Ұлбала Қызылордаға ертеделтіп жетті. «Әнес кенсесіне ерте келуі тиіс» деп ойлады ол. Айтқанындаі, жұмысқа бірінші келген Әнес болды. Ұлбаланы көріп, жылышыраймен сәлемдесті.

— Осы «Авангардтан» келген бойыңыз ба?

— Ие.

— Жоқ, онда біздің үйге барып шай ішіп, біраз демалыңыз! Мені ғапу етіңіз, ол жағын өйламаппыш... — Осы кезде Әнестің бетіне қан ойнап шыға келді. Ол Үлбаладан «қашан келдің?» деп, ең алдымен жөн-жосығын сұрамағандығына қатты қысылса керек.

— Әнеке, оған әуре болмаңыз. Мен асығыспын. Сізben ақылдасқалы келдім.

— Ұлыке, қалаға келіп неге әуре болдыңыз? Үбекеңе неге бармадыңыз? — деді бір түрлі қолайсызданған Әнес.

— Ыбырай ағайға бардым, көп сөйлестім. Ол кісі: «Мен қысылғанда ақыл берген, қиналғанда жөн сілтеген де сол Әнес болатын, сонымен сөйлес, саған жақсы кеңес береді! — деді.

— Сіз жоғары өнім алудың сырны білгіңіз келсе, оны мен Үбекенен артық білмеймін, оның үстіне, тап осы жерде отырып кеңес беру өте қыын. Ұлыке; оны өзіңіз де білесіз! Көп жылғы зерттеулердің және озаттардың тәжірибесіне қарағанда, жоғары өнім алудың сырны — өсіріліп отырған сорттың биологиялық ерекшеліктеріне, жергілікті топырақтың жағдайына, тіпті, әр жылдың ауа райына да байланысты екендігі белгілі. Сол сияқты қолданылып отырған технологиялық әдістердің де маңызын естен шығаруға болмайды. Сонымен қатар күріш үшін судың маңызы қандай екенін білесіз... — деп Әнес ұзақ сөйледі.

Осы кезде оның көз алдына жасыл ормандаған тенселіп тұрған күріштік елестеді...

— Жерім тегіс емес, оның үстіне оқпанды жерлер де көп-ақ, бірақ көптен тың жатқан құнарлы жер,— дей берген Үлбалаға:

— Жерді тегістеу, карталарды үлкен көлемде жасау жердің мәдениеттілігін көтеру ғой. Ондай жерлерге техниканың қандай түрін болса да пайдалануға болады, Ұлыке! Ойланатын жағдайлар әлі көп, соған тек ғалымдарға емес, күрішшілер де ат салысусы керек. Ғалымдардың да білмейтіндері әлі толып жатыр... Жергілікгі жағдайға қарап әртүрлі тәсіл қолданбасаң болмайды. Сондықтан кейбір пікірімді күріштігінді көріп айтартмын,— деді ол.

— Әнеке, сізге көп рахмет,— деді Үлбала.

— Рахметті мен сізге айтуым керек. Күріш еккен,

оны сүйген, оның тағдырын ойлаған адамды жанымдай жақсы көремін. Күріш өте сезімтал дақыл, ол өзін мәпелеген адамды құралақан қалдырмайды, мұрат-мақсатына жеткізеді!

— Айтқаныңыз келсін! — деді Әнес сөзіне тебіреніп кеткен Үлбала.

— Атыз басында көріскенше!

* * *

— Сөз атакты күріші Алтайбаева Үлбалага беріледі,— дегенде, отырғандар ду қол соқты.

Ақырын ғана мінбеке көтеріліп, қағазын ала бергенде, оқын десе, әріптер бұлдырап, көзі анық көрер емес. «Сұмдық-ай, үкімет басшыларының алдында ұят болды ау»— ол іштей қысылып қалды. Бірақ артынша-ақ: «Маған не болған? Топ жарып бүгін сөйлеп жүрмін бе? Иә, қырау тек шашқа түсіп қоймaston, көзге де түскен еken fой! Не істей керек?! Қағазды оқи алмаймын деп сөйлемеу керек пе?! Жоқ, олай болуы мүмкін емес! Мен анамын! Осы отырған дүйім жүрт ананың перзенттері! Ана өз перзенттерінен неге қаймығады? Неге сескенеді? Оларға шындықты айтпай ма? Сондықтан кеңседе жазылған сөздің не қажеті бар. Оның үстіне, менің қанша өнім алғанымды барлығы да біледі. Ол туралы газет те жазды, радио да әлденеше рет хабарлады, теледидар да көрсетті... Оларды осы отырған жүрт тыңдай-тыңдай ығып да болса керек. Қазіргі сөзім де соны қайталайды... Менің алдында сөйлеген кісінің сөзін ешкім де тыңдаған жоқ. Маған да ұнамады... Жүрекке көптен орнығып, жүзеге аспаған ойымды айтсам ба еken?..» Осы кезде ол алдында тұрған үш беттік қағазын асықпай бүктеп алды да, жан қалтасына қайта салды. Енді отырғандарға тұра қарады. Барлығының көзі де, көнілі де Үлбала да болатын. Ал шиеліліктердің қысылуында шек жоқ. Қағазға қарамай сөйлеудің қын екендігін кім де болса, жақсы түсінеді. Оның үстіне Үлбала тосылмай сөйлеп кете беретін белгілі шешен емес. Ауданның хатшысы бет орамалымен мандай терін ерсілі-қарсылы сурте берді. Екі көзі Үлбалада, бірақ ол абыржыр емес. Оған Үлбала мінбеде күні бойы тұрған сияқты көрінді... «Президиум ескерту жасаса болды, Үлбала сөйлемеуі мүмкін».

Осы кезде көнілінде жүрген пікірлерін айтуда Үлбала бел байлады. «Нар тәуекел!» деп қойды да, сөзін бастап кетті...

— Інжу-маржандай ақ күріш Сыр бойының ежелден мактанды. Күріш егудің тарихы Сыр дариясымен байланысты болса керек. Өйткені, оның ақ лайының өзі құрішке керек, қуат беретін сияқты,— деді тебірене сейлей бастаған Ұлбала.

«Қазіргі аяқ алды жаман емес, соңынан не болатын кім білсін?» Шиеліліктердің кобалжыған көңілдері сәл де болса, орнына түскендей болды...

— Ойланатын жәйттар көп-ақ,— деді Ұлбала салмақты үнмен. — Соның бірі күріштің сорты туралы. Бұл жөнінде Ұбырай ағай талай-талай сөйлеген. Менің бала күнімнен бері тәжірибе үшін жер бөлініп, зерттелумен келеді. Кейін оны станция деп атады, қазір институтқа айналып отыр. Бірақ әлі бір тәуір сорт жасалған жоқ. Шаруашылық жұмысы мен ғылыми-зерттеу мәселелері өз жерімізге, жағдайымызға лайықты болуы керек. Бізге Ташкент сорты да, Краснодар сорты да онша қолайлы емес. Оны күрішшілер жақсы біледі. Бір кездегі қазақ күріші де жаман емес еді, соны Сыр сортына айналдырса, бізге әлдеқайда тиімді болар еді. Біз тек жоғары өнім алып қанағаттанбастан, сол күріштің тамақ боларлық сапасын да ойлауымыз керек!

Техника жөнінен де шешілмеген мәселелер аз емес. Біз күрішті самолет арқылы қоректендіреміз деп мактанды, бірақ сол минералды тыңайтқыштардың біразы ысырап болып далаға кетіп жатқанын да ойлауымыз керек. Самолеттен барлық жерге, керек десе арықтарға да себіледі. Осының орнына дәл атызға — судың үстіне себетін техника керек. Ол атыздың үстімен жүріп өтетін болса, қандай жақсы болар еді... Химия да бізге жақсы жәрдемдесе алмай отыр, қамысты, жалпы арам шөп атаулыны шығармайтын қуаты бар бір нәрсе ойларап шығарса, әлдеқайда дұрыс болар ма еді деп ойлаймын. Күрішті оратын комбайнды да жетілдіріп, күрішті бітеу сақтап қалатын амалын іздеу керек. Истеліп жатқан шаралардың барлығы сол жоғары сортты, аппақ, баданадай күріш алу үшін болып отыр. Бұл жөнінде диқандарғалымдардан әлдеқайда алда десек те болады. Оның мысалы ретінде дала академигі Ұбырай Жақаевты алуша болады. Ұбекен дүние жүзілік рекорд жасады. Ол кісі де техника, сорт, химия жөнінде бірнеше тебірене сөйлемеді. Міне, осы біздің тілегімізді ғалымдар, инженерлер мықтап еске алсын, олар да біраз ізденсін, толған-

сын, диқандармен сөйлессін... Қысқасы, біздің жұмысымызды жеңілдетуге жәрдем берсін.

Ұлбала біраз тереңірек дем алып, дауысын сөл бәсендетті де, тамағын қырынып алып тағы да сөйлейтіндей түр білдірді. Өз жерлестері де үйіп тыңдалған болатын. «Тағы не айтар екен» дегендей, Ұлбаладан көз алмайды. Ол залда отырғандарға тұра қарады да, өзіне назарын аудартқысы келгендей, «жолдастар» деген сөзді көтеріңкі дауыспен айтты. Оныз да Ұлбалаға дән риза болып отырған көшшілік құлақ түре қалды.

— Сыр бойы ақ маржанның елі екендігі өртеден-ақ белгілі. Ол кезде техника жок, соңда халық өзінің қара күшімен каналдар қазып, Сыр бөйін бау-бақшаға айналдырған. Осылардың ізі жоғалған жок, сайрап жатыр. Оナン соң халқымыздың басынан қандай қын күндер өтпеді, балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп, ауыртпалық иықты езген уақыт болған. Міне, біздің дәүіріміз, тіпті, басқаша, халқымыз бақытты өмір сүріп жатыр.

Осыланысты айтарым, біздің жерімізге бау-бақша көп егілсе! Сырдың екі жағы ну орманға айналса, жағасында санаторийлер, демалыс үйлері орын тепсе, қандай жақсы болар еді. Ағаш тек жердің ғана сөні емес, өмірдің де сөні ғой, шіркін! Ағаш көп егілсе, Қаратаяудан соққан ыстық жел де күрішке зиянын тигізе алмас еді. Өздеріміз де, балаларымыз да, ақ маржандарымыз да рахаттанар еді. Адам армансыз жасамайтын көрінеді. Мұндайда теп-тегіс, тақтайдай атызда жайқалып өсіп тұрған күрішті көргің келеді, көңіліңен шығатын техника болса дейсің. Біздің Шырынқұл құсап темір тұлпарды менгөрсем деймін. Біздің тілегіміз орындаларына күманданбаймын! — деді Ұлбала сөзін жадыранқы шыраймен аяқтап.

Залдағылар ду қол шапалақтады. Президиумда отырғандар да ризашылық білдірді.

* * *

— Ұлбала, саған Социалистік Еңбек Ері атағы беріліпті, өзімнің және балаларымыздың атынан шын жүректен құттықтаймын! — деді Сұлтанхан.

Барлығы таласып-тармасып анасын құшақтап жатыр, сүйіп жатыр, құттықтап жатыр. «Еңбек Ерін біз де құттықтайық!» деп қайыненесі де Ұлбаланың майдайынан сүйді.

— Апа, «Ардақты ана» атағын алғанында, еңбектің де ері бол деп тілегеніміз есіцизде ме? — деді қуанышы қойнына сыймаған үлкен қызы Гүлжанаң.

— Жаңым, есімде болғанда кандай! Ал менің не айғанымды ұмытқан жоқсындар ма? — деді Ұлбала.

— Еңбекте де ер болу сендерге байланысты дедіңіз. Біз сонда: «Балаларыңыз ешуақытта сізді ұялтпайды» дедік. Міне, сөзімізде тұрдық, жаман атымыз жок.

— Рахмет, жаңым, ұялтпадындар! Бұл еңбектің же місіне де, Еңбек Ері атануыма да өздерің ортақсындар! Мен мұны біздің звеноға берілген атақ деп түсінемін! — деді анасы шиеттей балапандарының тынымсыз еңбегін көз алдына елестетіп.

«Еңбек Ерін құттықтаймыз» деп келушілерге үйлықа толды. Барлығы да Ұлбаланың еңбегінің жанғанына қуанып жатыр, құттықтап жатыр.

Ұлбаланы құттықтаған телеграммалар үсті-үстіне ағылды. Олардың көшілігі, тіпті, бейтаныс адамдар, бірақ Ұлбаланың «Ардақты ана» бола жүріп еңбекте көрсеткен ерлігіне риза болған жандар екендігін айттыпты.

— Ардақты анатың» бұрын-сонды Социалистік Еңбек Ері болғанын біз әлі естіген емеспіз,— десті көшілігі.

— Біздің Қазақстанда жоқ екенін анық білемін, ал Одакта бар болса, бар шығар... Бірақ көп болмауға тиіс,— деді тағы біреуі.

Осы кезде Ұлбаланың жүргегі тебіреніп кетті. Туысқан партияға деген ризашылығын сөзбен жеткізе алмай, толқып тұр. Алғысын іштей қайталай берді. «Партия бәрін де біледі, бәрін де көреді. Болмаса мені қалай тапқан! Мәскеу қайда... «Коммунизм» колхозы қайда... Менің шиеттей балаларыммен күріш үшін шыбын жағымды піда етіп жүргенімді, әр гектар жерден 109 центнер өнім алғанымды қайдан біледі?»— деп таңданғандай болды.

Дастарқан үстінде жақсы тілектер көп айтылды. Оның айтылатын себептері де көп болатын... Ұлбала көрші-қолаңға, тіпті, ауылға ылғи қуаныш алып келеді. Ауыл адамдары, тілеулестері Ұлбаланың он уш баласының он үш рет өткен шілдөханасында, оларды он уш мәрте бесікке салғанда, сол он үштің тұсауын кескенде қуанды, мектепке барғанда, институтқа түскенде риза болысты. Туған күндерін бірге тойласты... Соңғы бір-екі

жылда қыздары түрмисқа шыққанда, ұлдары келін ту-
сіргенде, күтты болсын айтысты. Өте әділ берілген атақ,
жүрт екі-үш баласымен жұмысқа шыққысы келмейді,
ал, Ұлбала балаларымен ала жазды атыз басында өткі-
зіп келеді. Міне, бұл ауыз толтырып айтатындай іс. Бұ-
гінгі тойға жиналғандар осыны айтысты, Ұлбала өткен
өмір жолдарын қайта бір жаңғыртқандай болысты. Ел
ықыласы, ел пейілі Ұлбаланың аналық жүрегін шексіз
толқытты.

— Еңбек етудің маңызын жастайымнан жақсы түсі-
нетінмін. Бірақ мен оны күн көру, балаларды асырау
деп ойлагамын. Ал бұл ойым жаңсақ екен. Еңбек адам-
ды шаршатпай, қайта жігерлендіре түсетін, ішкі-сырт-
қы дүниенде байытатын күш екен. Ойлап отырсам, менің
Еңбек Ері атағын алудың да қаншама жандардың еңбегі,
кеңесі, қуанышы, күйзелісі жатыр... Олар менің доста-
рым, колхоз басқармасы, балаларым, жолдасым. Ким
Сон Дюк айтқандай, біз корей, неміс, украин, тағы бас-
қа көптеген ұлт өкілдерімен күріш майданында бір сап-
та табысты тасытып келе жатырмыз...

Ұлбаланың жүрегі әрдайым осылайша тебіренеді,
осылайша лұпілдейді...

Светлана Буратаева

ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Талдықорған қаласының шығыс жағына ұзап шықсаңыз, Қаратал өзенінің оң қапталына орналасқан Еркін селосына тап боласыз. Бұл үлкен жолдың бойына қоныс тепкен, жасыл желекке оранған елді мекен. Біз осы селоның Совет көшесіндегі № 37 үйді әдейі іздең келдік. Қарсы алдымызда көгілдір қақпала, еңселі, үлкен үй түр. Аула іші тап-түйнақтай таза. Есік алды, үй маңы көз жауын алатын жанға жайлы саялы бақ. Қазқатар тізілген жеміс-жидек ағаштары рет-ретімен егілген. Аулада өрік, шие, алма сияқты не керектің бәрі бар. Олардың күтіміне қарап, бұл үйде жерді, өсімдікті сүйетін адамдардың тұратынын айтпай-ақ аңғарасыз.

— Былай қарай жүрініз,— деді бізді қарсы алған кекілді сары бала үйге қарай бастап. — Мамам үйде.

Қонақ бөлмеге өтіп, іздең келген адамымызды жолықтырды.

Күн шуағы мол тәгілгөн қонақ бөлмесі кең, әдемі жиһаздалған. Жұмсақ, жайлы отырғыштар, түрлі-түсті телевизор, магнитофон, өскелең талғамды айғақ ететін мебель... бәрі әдемі, жана, жарасымды. Сонда да осы қымбат та әдемі заттардан бір қарапайымдылық байқалады. Қысылмай-қымтырылмай отыруға, қазқатар тізілген кітаптарды еркін актаруға ештеңе де, ешкім де бөгет болмайтын сияқты.

Үй иесі, еңбеккер ана, тігінші Тұрадың Кремльдің Съезддер сарайының фойесінде түскен үлкен суреті, балалардың жуырдағана алған грамоталары, гүл және едендегі кілем үстінде еркін асыр салып жүрген еki бүлдіршін...

— Немерелерім ғой,— деді ана екі бөбекті бірдей құшақтап.— Жанна, Жанат деген батырлар осылар...
Улкен ұлымыз Базарбектін балалары...

Келген шаруамызды айттық. Он бала тәрбиелеп отырған «Ардақты анамен» әңгіме басталды.

* * *

— Мама, тацертең малды мен жайлаймын. Сенің демалысың ғой, алаңдамай тыныға бер,— деді институтта оқитын Назарбек.

— Мен де ерте тұрып бақшаны картоп егуге дайындаимын,— деді училищеде оқитын Төрекхан.

— Өзім алма мен шие ағаштарының түбін актаймын,— дейді мектепте оқитын Темірхан.

— Мен үйді айнадай етіп тазалауды өз міндетіме аламын,— деді Женісқұл.

— Құлпынайдың көшеттерін мен суарамын,— деді Каһарман.

— Мен, мен, мен...

Балалар үйде атқаратын шаруаларын бөлісіп болған соң институтта, училищеде, қызметте, мектепте атқарап қызықты істерін ортаға сала бастады. Олардың көнілдеге дуылдаған дауыстары ананы рахат сезімге бөлейді.

Тұрар өз анасы — марқұм Құләй аpanы тағы да мұнай есіне алды. Жүрек түкпірінде бұғып жатқан сағыныш бас көтерді. Өзінің үш-төрт жасар шамасында саусақтарын жайып, анасына санататыны көз алдына келді.

— Сен басбармақ — жылқыға бар,— дейтін анасы қызының кішкентай саусақтарын біртіндеп бүгіп.— Балан үйрек—өзеннен мұз ойып әкел, ортан терек — орманға отынға бар. Шылдыр шүмек — үй жинап ас пісірсін. Ал кішкентай бөбек — жыламай ойнап отырсын.

«Бес саусақ — бір үйдің бес баласы екен,— деп ойлайтын сонда бүлдіршін.— Оларға қандай жақсы. Өздері көп-ақ...»

Дәл қазір балаларының «Мен ана шаруаны істеймін, мен мына жұмысты бітіремін» деп үйымдасуы есіне осыны түсірді. Гүлді етегі көлбендер, тұлымшағы желбіреген бала күні көз алдына келе қалды.

Соғыс аяқталғанда он мен солын танып қалған Тұрар да өзге балалар сияқты ауыл сыртындағы жолға көз талдыра ұзақ қарайтын. Сонадайdan ат-арба көрін-

се де, салт атты келе жатса да «соғыстан жауынгер келе жатыр» деп дүркіреген балалармен бірге қуанып, бірге жүгіретін.

Бір ғажабы анасы оған: «Әкең соғыста қаза тапты ғой. Қара қағаз алғанбыз. Несіне жүгіресің?» деп ешқашан тиым салмайтын. Әкесі Бостанның соғыста қаза тапқанын Тұрар білсе де, бала көңіліндегі үзілмеген үміт маза бермейтін.

Алғабас ауылының соғыстан кейінгі қоңырқай тұрмысы осындағы әр адамға, әр шаңыраққа ортақ еді. Бір-біріне сүйеніш болып, қолда барды бөле-жара үйренген ауыл адамдары қыз көңіліне көпшіл қасиет ұялатқанды. Адамдарға жатырқамай, жылы жүзбен қарau оған сол бір қын уақыттан дарығандай.

Әкесін жоқтатпаған анасын Тұрар мақтан тұтатын. Ал анасы ұлы мен қызының ортасында өзін бақытты сезінетін. Бірақ, жазмышқа не шара... Орынсыз ажал бұл жұбанышты да көп көрді. Қыршын жасты анасы мен қарындастының ортасынан алып кетті.

Талдырмаш қыз әлі қатаймаған әлсіз иығын ауыр жүкке икемдегендей, бекініп алды. Перзентінің қазасынан күрт түсіп, уайым-қайғы еңсесін басқан анасы жұбана алмай, қамығып жүрген еді. Семья ауыртпалығы балын қызды еріксіз ерте есейтті...

— Апа, мен тұрмысқа шығамын.— Тұрар анасының үнсіз қалғанынан шошып қалып, сөзін іле-шала қайта жалғастырды.— Бірақ, сені тастап кетеді екен деп ойла-ма... Бірге тұрамыз. Ұлыңың орнын басатын азамат керек емес пе?

Анасы бұған үнсіз келісті. Бір жақсысы, күйеу баласы Фалымбек енесін жатсынған жок. Үшеуі келіп осы Еркін селосына қоныс тепті.

...Тұңғышы дүниеге келгенде ата-анадан да әже қуанышы ерекше болды. Бақыт құсы қайта оралып, базары қайта жанданған Құләй ана тұңғыш немересін Базарбек атады. Шағын шаңырақ асты үлкен қуанышқа кенелді.

— Экеден жалғыз қалып едің, құлышым,— деді ана бір күні қызына,— жалғыздықтың қандай қын екенін үққан боларсың. Сенен бір тілегім —«балалы үй — базар» деген бар. Сол базардың қызығын кемітпе, қындығын өзім бірге бөлісемін.

Базарбектен соң дүниеге келген қызды Базаркүл деп атаған әженің әлдің үзілмеді. Қос немересін әлдилем отырып бір күні қызына:

— Қарағым, еңбекке аралас... Жалғыз Фалымбек-тің тапқанына қарап отырғанымыз жарамас,— деген ойын айтты.

— Қалай? Екі жарым айлық Базаркүлді бағып-қаға аласыз ба?

— Оған қам жеме. Сені тәрбиелеген мына мен!

Анасының айтқанын қалтқысыз орындан үйренген Тұрар Талдықорған қаласындағы «Красный Октябрь» тігін артелінен бір-ақ шықты.

Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтіпті.

* * *

Жасы қырықтан енді ғана асқан әйелдің еңбек жолын да, тұрмысқа шыққалы бергі уақытты да ширек ғасырлап өлшегені өзіне де қызық көрініп кетті-ау деймін:

— Жиырма бес деген көп уақыт сияқты болғанмен, ғасыр үшін түк емес қой,— дейді ол.— Аham жиырма бес жасында жесір қалған екен, содан бергі бар өмірін мені, менің балаларымды тәрбиелеуге, оқытуға, адам етуге арнады. Екінші рет тұрмысқа шығу ойына кіріп те шықпады.

Тігінші Тұрар Бостанова. Бұл Талдықорған өңірінде-гі құрметпен аталатын есім. Өйткені, ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерін омырауына таққан еңбек озаты. КПСС XXIV съезіне делегат болып қатысып, облыстық қалалық Советтерге бірнеше рет депутат болып сайла-нып, ел аманатын қалтқысыз орындан жүрген халық қалаулысы...

Тұрар Бостанова еңбек ететін Талдықорған тігін фабрикасы қаланың орталығындағы зәулім төрт қабат үйде орналасқан. Бір шаңырақ астында үш мың тігінші еңбек етеді. Басым көпшілігі жастар.

Фабрикадан таяқ тастам жерде үлкен жатақхана бар қыздар, тіпті, қыстың күні де көйлекшең жүгіріп жүреді екі ортаға...

Қыздарға қараса, өзінің тәжірибесіз, үяң шақтары сол қалпында көз алдынан өтіп жаткандай эсер алады. Өзінің еңбектегі қадамын, жүріп өткен соқпағын осынау бір балғын қыздардың қайталап жүргенін де сағына мойындайды. Алайда, жұмыс бабында өзі жіберген кемшиліктерді, өзі байқаған олқылықтарды олардың қайталамай, зырлаған уақыт әуеніне ілесе білуін қалай-ды.

Осындай аналық жанашырлығы, ұстаздық жауапкершілігі жүргегінен мейірім болып тарайды.

Күні кеше партия қатарына өткен Гуля Шуақова, Гүлнэр Бердібаева сияқты көптеген қыздардың фабрика табалдырығын қаймыға аттаған сәтерін еш ұмытпайды ол. Талабы таудай, бірақ өмір көшіне ілесіп көрмеген жастармен жұмыс істеу, оларға ұстаз-жетекші ретінде ақыл-кеңес беруді өзінің ең үлкен парызы деп туғынаді.

Жұмыстан соң бір топ шәкірт қыздарын үйіне де ертіп әкелетін сәттері болады. Сол кезде балауса, ұяң қыздардың ашық көңілмен шешіле сөйлескеніне қуанады. Шалғай ауылдан келгендері осынау шаңырақ астынан өз ата-анасының шуақты көңіліндей жылылықты көріп, мейірімді анаты бұрынғыдан да жақын тарта туғынаді.

Еңбек жолын енді бастағандары ұстазының Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерін көрген сайын оған бір биіктікке көз тіккендей, асқақ сезіммен қарайды.

— Тәте, сіз де біз сияқты жас болдыңыз ғой,— деді біреуі бір күні.— Қөңіліңіз қаншама асырып тұрганмен, ісіңіздің өнбей қойған күндері болған шығар? Соны қазір есіңізге аласыз ба?

— Сол кездері мынадай ең жоғарғы наградаларға ие боламын деп ойладыңыз ба?

Мұндай сұрақтарды ол жастармен кездесу кештепінде де талай естіген. Шынайы көңілмен ақтарыла сыр шертуге көбінесе уақыт көнбейді, кейде отырған аудиторияның аужайына да қарайсың... Ал үйде шәкірттеріне өзінің туған қыздарында, қарапайым жауап берудің сәті туғынаді.

Ең алғашқы жеңісі — бір күндік нормасын орындаған күні екен. Одан соң солай сатылап кете барады. Апталық, айлық жоспарын бұрын орындалап, анасына қуана хабарлайтын. Тапқан табысының да кәдімгідей көбейе бастағанына ана алдында мақтанушы еді. Қамықса тағы да ет-жүргімен елжіреп, бірге қамығар еді.

Жылдық жоспарын асыра әрі мерзімінен бұрын орындаітын дәрежеге де жеткенін аңғармай қалды өзі. Әйтеуір, міндеттіне алған жұмысты тыңғылықты атқаруды дағдыға айналдырып, сонысынан еш танған жоқ.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалін алғанда, жиyrма жеті жаста болса да, балаша қуанып еді. Сенім жүгі ауыр екенін сол жылдары терең туғынаді. «Тұrap міндеттеме

алса, орындаиды» деген әріптестер сенімі оған жұмысты бұрынғыдан да жауапты істеуге ықпал етті.

КПСС мүшелігіне өткен соң атқарар қоғамдық жұмысы да салмақташа түсті. Үйдегі балалардың да басы көбейіп қалған, әрі шешесі науқас... Бірақ себеп-сылтау ізден көрмеген, бастаған шаруасын тындырмай, тыным таппайтын әдетінен тайған жок.

«Москваға, съезге баrasың» деген хабарға үй іші болып қуанғанда, ол жүргі қобалжып отырды. Сөйтсе, сол сәтте де «ел сенімі» деген құрметті сезім екен оны тебіренткен.

1971 жыл Тұrap үшін ең бір естен кетпес жыл болды. Отан жүргі Москвауда болып, КПСС XXIV съезінде делегат болып қатысты. Съезден келген соң көп ұзамай, Отаның ең жоғары наградасы — Ленин орденімен наградталды. Тұрмысында да жаңалықтар көбейді. Қаһарман дүниеге келді. Осы үлкен құт шаңырақтың қабыргасын көтеріп, жаңа үйге кірді. Бұл жылдары өзінің жеке жылдық жоспарын мерзімінен көп бұрын орындауды бұлжымас міндетіне айналдыра бастаған ол 1973 жылы Еңбек Қызыл Ту орденін омырауына тақты. Бұл жылы Талдықорған облысы да Ленин орденімен наградталып, барша еңбеккерлері зор қуаныш үстінде еді, «Тұrap Бостанова өзінің жеке бесжылдық жоспарын үш жылда орындал, тағы ерледі» деген хабар да газетке осы кезде шықты.

Ол қыздарына осы қуаныштарын асып-төкпей, өзінен тән байсалдылықпен айтып береді. Мұндай әнгімені олардың селсоқ қалмай, қызыға тыңдағандарын ұнатауды. Демек, олардың да талпынысы күшті, талабы таудай...

— Қөп бала тууға жағдай жок, уақыт тар,— деді бірде бір танысым.— Өзің үшін де өмір сүруің керек кой.

— Бес бала туып, тәрбиелеп, қазір жападан жалғыз қалған ата-ананы да білеміз,— дейді тағы бірі.— Балаларының бәрі кетті жан-жаққа...

Өзің үшін өмір сүру! Қандай өрісі тар, өзімшіл түсінік... Тұлымы желбіреген жалғыз баланы ермек үшін жетелеп жүруді дұрыс көреді. Болашақ жайлы шолақ ойлайды... Мені қынжылтатын да осылар.

— «Қөп бала қолбайлау болады» деген қате түсінік. Қайта жалғыз бала қын,— дейді Тұrap сөзін әрі қарай сабактап.— Ал көп бала бір-біріне қамқор, сүйеніш.

Әрине, ол үшін алдымен ата-ананың ынтымақты болуы көп нәрсени үйретеді. Әйтсе де, құр сөзбен, тек ақыл айту ешқашан тәрбие беріп, өнеге болып жарытпайды. Мен балаларымның сыртынан ештеңені кесіп-пішпеймін. Мұның маңдайыма тиген жері бар. Ол былай. Базарбек орта мектепті бітірген жылы жолдасым Фалымбек екеуміз оның қаладағы жаңа ашылған педагогикалық институтқа баруын үйғардық. Ата-ана көңілін жықпаған бала мыз педагогика институтына емтихан тапсырып, оқуға қабылданды. Ол өзі Алматыға ауыл шаруашылығы институтына түсуді армандағытын. Бір күні пәлен жиналыста көп балалы ана ретінде балаларымды мақтан етіп сөйлемеймін бе. «Ұлым — болашақ мұғалім, өзім — еңбек озаты, балаларымның бәрі жақсы өсіп келеді...»

Екі күннен кейін Базарбекім институттан баяғыда шығып кеткендігін айтып тұр. Дәл сол жерде, әсіресе, оның институттан шығып кеткендігі емес, өзімнің жүрт алдында оны мақтан тұтып сөйлегенімнің жоққа шыққанына, қатты өкіндім.

Сөйткен Базарбекім кештеу болса да жастық шағындағы қателігін түсініп, ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетінде сырттай оқып жүр.

Ата-ананың, әжесінің талап-тілегін жоғары қойып үйренген тұңғыш ұлы Базарбектің игі қасиеттері кейінгі іні-қарындастарына өнеге болды. Семъядагы әрбір бала бір-бір әлем, әрқайсысы үлкен өмір бастауы. Тұрар мен Фалымбектің тәрбиелеп отырған он баласы он қылыш мінез, он түрлі талпыныс, куаныш, қындық пен реніш...

Екінші баласы — Базарқұлдің тұрған бойы тұнған әзіл, калжың. Оның акжарқын күлкісі талай рет ана жүзіндегі, әке көңіліндегі реніш бұлтын ыдыратып жіберетін.

Бірде әке-шешесінің әлденеге кейіп отырған үстінен шықкан Базарқұл әкесінің оң жағына отыра қалды. Галекен оған аса мән бере қоймапты, Базарқұл дереу Женісқұлді ымдаш шақырып, әкесінің сол жағына отырғызыды.

— Папа, папа,— дейді ол ақырын ғана.— Қане, енді ренжіп көрші... Екі жағында екі періштең отырғанда қалай қабақ шытасың.

Бұған бәрі құліп, жадырап шыға келеді.

Қос базары — Базарқұл мен Базарбек бұл күнде бір-бір отаудың иесі — ұлы үйленді, қызы тұрмыс құрды.

Тұрардың келіні Тілеулес те өзімен бірге тігін фабрикасында, бір цехта еңбек етеді.

— Мына екі немереніздің бірі ұлыңыздың, бірі қызыңыз Базарқұлдің кішкентайлары еken fой? — дедік біз.

— Жоқ. Бұл екеуі де Базарбектің балалары. Базарқұл Киров ауданының Ленин атындағы совхозында турады. Сымбат, Қымбат атты қыздары, Бақыт деген ұлы бар. Бексұлу, Құміс деген құдағиларым да балажан адамдар. Олар да немере десе үзіліп тұр. Маған қайдан бере қойсын немерелерін,—деп сөзінің соңын әзілге бұрды.— Күйеу балам Жақан совхозда инженер.

Семья мүшелерінің бәрі жиналып, бас қосатын сенбі, жексенбі қүндері бұл шаңырақта мереке. Базарбек пен Тілеулес өз алдына шаңырақ құрып, микроаудионан пәтер алғанымен, көбінесе екі баласымен осы үйде жүреді. Уш баласын томпандатып Базарқұл мен Жақан да жиі келеді. Институттағы сабактан бір уақыт қолы босаған Назарбек, қаладағы № 54 кәсіптік-техникалық училищесінде радио мен телевизор жөндеуші шеберлігін үйреніп жүрген Төрекан, облыстық ауруханада медсестра болып істейтін Женісқұл, мектепте оқытын Темірхан, Қаһарман, Дәulet пен балабақшаға барып жүрген Дәулен, Қазкендер бас қосқанда, базарлы үйдің бақтына қызығасын.

Базарбек мұғалім болады деп жүргенде, Назарбек сол мамандықты таңдал, бір кездегі ана ренішінің орны толды. Сегіз ұлдың ортасында екі қызы — Базарқұл мен Женісқұлдің еркелігі, назы мен әзілі қандай жарасымды. Ата-ана да жайдары, балалардың шуылы, дұылдасып күлгені ешқашан олардың ойын бөліп, мазасын алған емес. Өйткені, олар бос шуылдан, бекер жүгіріспейді. Бәріне әдет болған жақсы қасиет — еңбек сүйгіштік. Ана дәрежесін де көтеріп, әкені де құрметке бөлеген еңбек екенін бұл үйдің тұңғышынан кенжесіне дейін жақсы біледі.

Бұл үйде әрқылы мамандық иелері бар. Семья басы Фалымбек — бухгалтер, Тұрар — тігінші, Базарбек — экономист, Базарқұл — сатушы, Женісқұл — дәрігер, Назарбек — болашақ мұғалім, Төрекан — радио шебері, бұған күйеу баласы Жақанның инженерлігі мен келіні Тілеулестің тігіншілігін қосыңыз... Ұлдардың бәрі де спорт пен айналысады. Төрекан мен Темірханның бокске деғен ықыласы ерекше. Аудандық жарыстарда жүлдегер

атанып жүр. Ал Базарбек тек экономист мамандығымен шектеліп қойған жок, ол киномеханиктің, шофердің қызметін де қиналмай атқара алады.

Барлығы бас қосып жиналған кезде, дастарқан базындағы салтанатты сәттерде алдымен ауызға алатындары — қашан да ойларында жүретін, өздерін тәрбиелеген марқұм Күләй әжениң жақсылығы.

* * *

— Менің бала тәрбиесінен қол үзген сәтім жок,—дейді әңгіме үстінде «Ардақты ана» Тұрар Бостанова,— фабрикада да, үйде де өзімді жас үрпақтың келешегі үшін жауапты сезінемін. Жылда біздерге, тәжірибелі тігіншілерге үйренуші қыздарды жұмысқа баулу тапсырылады. Осы өндіріс орнында алпыстан астам қыз баланы еңбекке баулып, тігіншілікке үйретіп шығардым. Шәкірттерімнің бәрі дерлік осы фабрикада, қадамдары сәтті, шетінен еңбек озаттары. Сәбира Тазабекова, Гүлнэр Бердібаева, Эсия Базиева, Светлана Чегай, Шолпан Серікбаева және басқа көптеген өрендерді іске де үйреттім, партия қатарына өтуге кепілдеме де бердім.

Күнделікті еңбек, қофамдық жұмыс, үй шаруасы, бала тәрбиесі... Осылардың бәрін атқара жүріп Тұрар арнаулы орта білім алды, астанадағы жеңіл өнеркәсіп техникумын сырттай оқып бітірді.

Әрине, бұл айтқандардың бәрі де онайлықпен орындала салған емес. Түн үйқысын төрт бөліп бөбебегін тербетуге, еңбек ете жүріп, сырттай оқитын техникумның емтиханына әзірленуге уақыт табуда табандылық та кепрек.

Жас нәрестемен техникумға емтихан тапсыруға жол тарту... Әр түрлі жиындарға қатысып, депутаттық борышты өтеу, сайлаушылардың аманаттарын орындау, фабрикадағы шәкірттерімен жұмыс... Міне, осының бәріне уақыт табуға жолдасы мен балалары көмекке келді. Балаларға деген сүйіспеншілік, дұрыс тәрбие — көп баланың «қолбайлау» болмайтындығын дәлелдеді.

Әйел бақыты — ана болу. Ана болуды армандамайтын, сәбиге жүргегі елжіремейтін әйелден қандай жақсылық, қандай нұр тарайды дейсің? Тіршіліктің тұтқасы аналарға деген ықылас та біздің елімізде ерекше. Он баланы тәрбиелеп, қанаттандыруға үкіметіміз бен партиямыздың иғі қамқорлығы қаншама! Бірде газеттен оқып, ерекше тебірәнген оқиға ойына оралды.

Атақты бір актриса «бала творчестволық өсуіме қолбайлау болады» деп нәресте көтермей, орта жастан асқанын бірақ біледі-міс. Ермек үшін ол енді үлкендігі ақ тиіндей күшік асырап, жетектеп жүреді. Ақ тиін аула балаларының сүйіктісіне айналады, ылғи солармен асыр сала ойнап жүгіреді. Бір күні ауырып, аулаға шыкпай қалады. Балалар бұған кәдімгідей уайымдан отырса, тиіннің иесі — әдемі әйел келе жатыр екен.

— Эне «Ақ тиіннің мамасы» келе жатыр,— деп қуанып кетеді олар.— Жүріндер одан ақ тиіннің халін сұрайық...

Міне, қандай қайғылы да күлкілі оқиға...

Ешқандай атаққа, даңққа, творчестволық өсуге бала қолбайлау болмақ емес. Қайта мәртебенді өсіретін, өміріңнің мәнін арттыратын сол — бала...

* * *

Бұл семьядағы балаларға ортақ тағы бір әдет — жазғы каникул күндері әжетке жарайтындарының бәрі енбекке араласады. Яғни, семьяның бюджетіне көмек жасайды. Ондайда үй маңындағы бақшá-бауды күту, малды қарау — кішкентай Қаһарман мен Дәулеттің үлесіне қалады. Дәулен мен Қазкені балабақшаға апару мен әкелу де олардың бұлжымас міндепті.

...Үйдің оншакты бөлмесінің бәрі де балалардың талбына орай, жас шамаларына сәйкес жиһаздалған. Назарбек — студент. Ол көбінесе түннің біраз уақытына дейін сабақ оқиды, конспекті жазады. Ендеше оған ешкім бөгет жасамайтындей, оның өзі де ешкімнің мазасын алып, көзіне шам жарығын түсірмейтіндей жағдай жасау керек. Жеңіскүл әуруханадағы мұнтаздай тазалыққа үйренген, басы артық, керексіз затты жақтырмайды. Үйдің де тазалықшысы сол. Ал Төрекhan жансыз қорапқа жан бітіретін «сиқыршы», демек, ол отырған бөлме кішігірім шеберхана... Темірханның спорттық жабдықтары — гантель, былғары қолғап... Бұған Қаһарман мен Дәулеттің қағаз-қаламы, кітаптары, кішкентай Дәулен мен Қазкеннің ойыншықтары мен түрлі-түсті суретті кітаптарын қосса! Міне, балалар әлемі деген осы! Ойыншық машинадан бастап ең құрметті орын — төрдегі шкафта қаз-қатар тізілген кітаптарға дейін балалар талпынысының соқпағы жатыр созылып. Сол екі ара-лықта ана көңілі бөбекі үшін, жасөспірім баласы үшін,

мұрты тебіндеген балаң жігіт, жүзіне нұр ұялаған бой-
жеткен қызы үшін қанша тебіренді, қанша қобалжыды
десеңізші!

Айналдырған екі баласына айтқанын тындана ал-
майтын да ата-ана бар. Он баланың барлығының да
ата-анасын, үлкендерді ерекше құрметтейтін ілтипатты,
инабатты, кішіпейіл болуының сырьы неде?

Осы орайда халық аузында жүрген бір мәтел еске
оралады. Бұл мәтел баланды жетіге жеткенше патшаң-
дай құрметте, жетіден он жетіге жеткенше құлышадай
жұмса, он жетіден әрі өзіңмен тең тұт деген нақылды
әзек етеді. Эрине, бұл аса айшықты пікір емес, дегенмен
балаға қай жасында қандай көзбен, қандай көңілмен
қараудың да үлкен мәні барлығын көрсетеді.

— Жолдасым Фалымбек те балаларымен ашық, бұк-
песіз сөйлеседі,—дейді Тұрар.— Сондықтан балалар да
бізге қатысты шаруаны жасқанбай айтып, ақыл-кеңес
күтеді. «Ақылдасты пішken тон келте болмас» дегендей,
әр іс өз жөнімен, шешім табумен көңілге қонымды.

«Сен кіммен дос екеніңді айт, мен сенің кім екеніңді
айтайын» дегендей, Тұрар балаларының достарына да
ана көзімен сынай қарайды.

Дос демекші, Фалымбек екеуінің де достары жан-ду-
ниесі өздеріне үқсас адам. Мәселен, Әшімтай мен Кла-
ра... Олар да тоғыз бала тәрбиелеп отырған ынтымақты
семья... Тіпті, Клара мен Тұрадың бала тәрбиесі хা-
қында тәжірибе алмасар сәттері аз емес. Ал фабрика-
дағы құрбылары Раја Шалаева, Валентина Великая, Ва-
лентина Бубликова... Сонау «Красный Октябрь» артелі
кезінен бері иық түйістіре бірге еңбек етіп, олардың куа-
нышын да, ренішін де бірге бөлісіп келе жатқан ең жа-
қын құрбылары.

* * *

Біршама әңгімелескенмен «Ардақты ана», өндіріс
озаты Тұрар Бостанова туралы бәрін қамтып жаздық
деп айта алмаймыз.

Бұл жолдар оның айтқан әңгімесінен өрілген үзік-
үзік сырлар ғана...

Өтепберген Әлімгереев, Төлеген Жаңабаев

ӨРКЕН

— Сәнжан! Мені көптен толғантып жүрген, бала-шагамыз болып ақылдасып шешетін бір ұсыныс бар, соны әуелі өзіңмен ақылдасып алайын деп едім...

Кою шайды сораптай отырып, Өтеген жаңа бір әнгіменің шетін шығарды. Жұбайы «не айтайын деп отыр» дегендей, таңырқай қарап, ерінің бетіне қадала қалған. Бірақ ол сөзін қапелімде әрі жалғастырып әкетпеді. Тағатсызданған Сәнжан:

— Тағы да не ойлап таптың екен? — деді күлімсіреп.

— Жо-о-жоқ! Өзгеше ештеңе жоқ. Міне, отау құрғанымызға биыл отыз жыл толды. Өмірдің азы-тұщысын көрдік. Уақыт бізді есейтті. Есейтіп қана қойған жоқ, мол тәжірибе жинақтаған байсалды азаматтар қатарына қосты. Осы күнде бізді ешкім де қой баға алмайды деп айта алмайтын шығар. Ортан қол малшы атанғанымызды үкімет пән партияның бізге берген нағрадаларынан да айқын аңғаруға болады емес пе?

— Иә?

— Задында, көспінбей-ақ қояйық. Бірақ жүртқа біраз болса да, өзімізге білінбейтін сияқты. Бұл өмірде он бес перзент сүйдік. Шүкір, бәрі де ер жетіп келеді. Дегенмен солардың кәмелетке толғандарының бәрі осы күнде әр түрлі мамандық қуып, әр жақта жүр. Сол ұлқыздарымыздың басын біріктіріп, Есовтер әулеті болып маң бағып, қой өсіруші комсомолец-жастар бригадасын құрсақ қайтеді деген ой келді. Өткенде ферма басқарушысы, әлгі өз аттасымды айтамын, соның да осыны құлақ қағыс қылғаны бар еді.

— Балалардың басын бір жерге тоғыстырамын деге-

нің жақсы ақыл ғой.— Сәнжан әуелі қуанып кетті, артынша үнсіз ойланып отырып қалды...

Отыз жыл. Уақыт не деген жүйрік еді? Ол Ұлы Отан соғысының аяқталғанына бар болғаны төрт жыл толған кез болатын. Халық аңсап күткен жеңіс қуанышымен жүріп, тұрмыстағы ауыртпалықты елең қылған емес. Жыртық киім бүтінделер, аш қарын тоғаяр, тек тыныштық болсын-дағы. Армандарын тоғыстырған екі жас Сәнжан мен Өтегеннің тілегені осы ғана. Олардың үйлену тойлары да қазіргідей бүкіл ауыл-елді жинап, екі-үш күн бойы қазан көтеріп, ат шаптыратындаі дәрежеде болмады. Төңіректегі азын-аулақ көршілер, ағайын-тұмалар бас қосып, бір кеш дуылдақсаны бар. Той үстінде жұбайларға неше түрлі ақ тілеулер айтылды. Сәнжанға, әсіресе, көне көз қариялардың шын жүректен ақтарған бatalары ерекше әсер қалдырыды. Жаңа түскен келін қымсынып, қысылғанмен, жақсы сөздерді қалт жібермей жүргегіне түйе берді.

— Айналайын, Сәнжан! Ибалы бол. Еңбекте алда, тұрмыста ұлгілі болындар. Үбірлі-шұбірлі, өркен жайған семья атанындар. Ең бастысы татулық екенін ұмытпандар!

Мың жасағыр қарттардың сол айтқандары қандай айнымай келді десеңші! Шаңыраққа шаттық толды. Отая құрғанынан кейін бір жылдан соң олар ұлды болды. Сәнжан мен Өтеген тұңғыштарына қояр есімді көп таңдады. Ақыры кешегі сұрапыл соғыста қазақ баласы Төлеген Тоқтаров көрсеткен аскан ерліктің құрметіне нәрестеге Төлеген есімі берілді. Сондағы торсық шеке бала бүгін де Ленин орденді «Передовик» совхозының ең алдыңғы қатарлы механизаторларының бірі. Ол да бір отаудың иесі. Бағына қарай Аfila да инабатты адам болып шықты. Үй жұмысын да, түз жұмысын да шырқүйіріп алды. Казір екеуі айдынды Атырау жағалауында қоғамдық малға жемшөп дайындау қамымен ауылдан жырақтау жүр. Эке-шешесін сағынып жүрген шығар.

Ойлап отырса, сол Төлеген отыз жасқа иек артыпты. Бірақ бұларға әлі сәбидей көрінеді. Одан кейінгі балалары Роза да өз теңін тауып, жаасты семья құрды. Зылиха болса, тігіншілік мамандықты қуып Орал қаласына оқуға кетті. Бақыт Индер руднигінің озат шофері. Жақында үйге келіп:

— Жайлайды көрмесем тұра алатын емеспін. Бір кезек рульді тастап, сіздердің қастарыңызға келіп, қой

бақым келеді. Дағаның кәусар ауасына, шыңырау құдықтың тереңнен шыққан нүрдай сұнына не жетсін,— дегені бар. Сонда Сәнжан:

— Немене, жүрген жерінен су шықты ма?! Жасың да біразға келіп қалды. Тайғанақтамай, бір жерде тұрақты жұмыс жаса. Біле білсөн, шоферлік жаман маマンдық емес. Ая, су деп қит етсе қараашыл аттай ауылға шапқылай беруді қой,— деп үрсып тастаған. Енді, міне, әкесі тағы «Ұл-қызымыздың басын біріктіріп, Есовтер әuletі болып бір жерде мал бақсақ» деген ұсыныс айтып отыр. Ойланарлық жәйт...

— Әйтсе де,— деді Сәнжан басын көтерген күйі Өтегенге қарап,—«Кеңесіп пішken тон келте болмас» деген емес пе. Балалармен ақылдасайық, олар не дейді?

— Мен де осыны ойлап отырмын. Ертең бәрі келеді емес пе? Сонда мәселенің басын ашып алайық. Гүлнәрда орта мектеп бітіреді. Ол да дыңдай шопан болып шыға келмей ме? Өзі қарғадай болса да, малға үйір-ақ.

Жұбайының өз ойынан табылғанына Өтеген қатты куанды. Қуаныш желімен тысқа терін баспай шықты. Ай сүттей жарық екен. Қотандағы қой бырт-бырт күйсейді. Тынышсыз жүрген тек ала төбет қана. Қекжал торуылдан жүрмегей. Қыр астыңдағы ауылдан айтактаған дауыс естіледі. Өтеген қой шетіне қарай аяғын жедел басып, адымдай түсті.

...Ертесіне шопан үйінде кіші-гірім той болғандай, абыр-сабыр көбейе түсті. Дастанар үстінде төрт көзі түгел жиналған балаларына аналары әке ойындағысын бүкпесіз жеткізді. Үлкен ұлы Төлеген әбден тындалған күйі, ойындағысын көп ірікпей:

— Несі бар, әкеміз үйірған екен, қосылуымыз кепек. Солай емес пе?— деп әуелі келіншегі Ағилаға қарап еді, ол бас изеп қоштады, өзгелері де макұлдаған райтанытты.

Сөйтіп, олар өріске қой жайып кеткен әкелері оралғанша, ортақ шешімге келіп те қойған-ды.

* * *

1979 жылғы 20 июньде «Передовик» совхозының «Тасқара» жайлауы ерекше думанға бөленді. Бұл күні мұнда Есовтер семьясынан құрылған қой өсіруші комсомолец-жастар бригадасының шаңырақ көтеруіне арналған салтанат өтті. Салтанатта совхоз партия үйімы-

ның секретары Самат Бисалиев, жұмысшылар комитетінің председателі Мұрас Тілегенов, ферма басқарушысы Өтеген Ахметжанов және басқа да дос-жаарандар, әріп-тестер ізгі тілектерін айтып, тыныс-тіршілігі жаңаша жас коллективке — Есовтер әuletіне еңбек жолында сәт-сапар тіледі.

Қыр баурайында әдеттегідей емес, бұл жолы екі отар қой жатты. Ерлі-зайыпты Өтеген мен Сәнжан Есовтер, балалары Төлеген, Бақыт, Құмарғали, Гүлнэр, келіні Ағилалар болып, салтанатты түрде шопан таяғын қабылдады. Сонау Ес қарттан немерелеріне аудысқан ата кәсіптің белгісін — ак таяқты көп көзінше қолға алу олардың жүргегін тебірентіп, айрықша сезім құшағына бөлегендей. Жүздері бал-бұл жанып, нық сеніммен қажыр-қайратқа мінгендей, бәрі де тас-түйін болып алған.

Өтегеннің әкесі Ес кезінде колхоз құрылышына белсene араласқан, артельді басқарған, кейіннен өзі де малшы болған. Еңбеккор, іскер жан еді. Әке өнегесінен тәлім алған Өтеген де Есекеңнің жолын қуып, қолына таяқ алды. Он сегіз жасында осы Сәнжанға үйленді де бозбалалықты тастап, қофам малын бағуға біржолата зейіні ауды. Алғаш сиыр баққан ол 1955 жылдан бері шаруашылықта аға шопан болып келеді. Сол ширек гасырга таяу уақыт ішінде Өтеген мен Сәнжан талай рет алқалы топта алдыңғы лектен көрініп, озат атанды. Эр жүз койдан 145—150-ден қозы алды. Оныншы бесжылдықты да тәуір аяқтады. Жаңа бесжылдықтың екі жылдының көрсеткіші мерей өсіреді. Эр жүз саулыққа 133 қозыдан келтіріп, социалистік міндеттемені асыра орындағы. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған тату-тәтті ерлі-зайыптылар осылайша еңбек табысын тасыта түскең. Семья басы, қой өсірудің қыры мен сырына қанық Өтеген бәрінің үстазы болса, он бес баланы дуниеге әкелген «Ардақты ана» Сәнжан — семья үйтқысы. Ата-ана ұл-қыздарына сенім артса, балалары эке мен шешенің ақыл-кенесін арқа тұтады. Осыдан барып семьядағы бірлік өрбіп жатыр. Жайлау төріндегі өткен салтанатта партком секретары осы жағдайды орынды еске салып өткен еді:

— Есовтер семьясы тың бастама көтеріп отыр. Бір әулеттің бір жерде бас біріктіріп ірілendіrlген комсомолец-жастар бригадасын құруы — Жайық жағалауын-

да еңбекті үйімдастырудың тұнғыш көрінген жаңа және тиімді формасы. Бұл өркен жаяр үлгілі іс.

— Дұрыс айтасыз!

— Құптарлық бастама! Бригада аты «Өркен» болғаны жөн.

— Табылған ақыл!

Әр жерден айтылған қоштау мен ұсыныстарға ду қол шапалақтау ұласты...

Сонымен, Индер ауданының «Передовик» совхозында құрылған семьялы бригада Гурьев облысындағы жақсы бастаманың алғашқы қарлығашы болды.

* * *

Былғы қыстың басы жаймашуақ басталғанымен орта тұсында, әсіресе қаңтардың соңғы онкүндігіндегі аптаға жуық сокқан дүлей боран талай шопанға үлкен сын болды. Әр жұз саулықтан 115-тен қозы алып, әр қойдан 3,2 килограмнан жұн қырқуға уәде еткен «Өркен» комсомолец-жастар бригадасының мүшелері қора аузын қар сипап кеткенде табиғаттың қыңыр мінезін түсіне алмай бас шайқасып, аңтарылғандары бар.

Сонда:

— Шопан болған екенсіндер — мұндаидың әлі талағын көресіндер, — деген әке мен шешенің ақ жарқын сөздері оларға жігер берді.

Аспан мен жер тұтасқан ақ тұтек боран күндіз-түні бірдей соқты. Сонда да олар мойымады. Қолдарына күрек алып, қар аршыды, малға жем берді, суарды. Үскірік желмен алысып жүріп, Төлеген тракторын қыздырып, малға шөп жеткізді. Қой әдеттегідей қорадан мезгілінде шығарылып, азықтандырылды. Желіні жеткен арық-тұрақтар бөлекtelініп бағылып, күтілді. Ақыры, табиғаттың асау мінезімен жекпе-жекте бригада мереій үстем болды.

Алғашқы сыннан мұдірмей өткен Есовтер семьясы бүгін де бір дастарқан басында бас қосқан. Үй-іші, жайнап тұр. Теледидардан көңілді жадыратар сазды әндердің бірінен соң бірі төгілуде. Қабыргаларға тұтылған кілемнің түсіне астасқан Құмарғали салған суреттер үй ішін одан бетер құлпыртып жіберген. Жұмыстан қолы босаса болды, Құмарғали қыл қалам мен бояуға жармасады. Өтеген мен Сәнжан күндегіден де ақжарма болып кеткен тәрізді. Балаларының боран кезіндегі ерлік

қымылына ерекше сүйсінгендігін айтып, шалқып отыр. Шайдан кейін балалар техника жаңалықтары жөніндегі пікір таластырып кетті. Бақыт ауыл шаруашылығы техникумында сырттай оқитын.

Біраздан кейін даладан трактор гүрлі естілді.

— Сірә, қора төңірегін аршуға келе жатқан бульдо-зерші Қайыржан Сагиев болар,— деп Өтеген киіне бастады.

— Ауылшыл еді, осы трактормен кішкентай Аманкелдім де келіп қалмасын,— деп бәрінен бұрын Сәнжан сыртқа желең шығып кетті.

Есовтер аулындағы еңбек дабылы түннің бір мезгілі болса да, толас табар емес...

Сәнжан бүгін совхоз орталығына барып келуге елең-алаңдан тұрып, әзірленді. Интернаттағы балаларының жай-күйін біліп қайтпақшы. Қоپ ұзамай Бақыт екеудің жолға шықты. Қыр жолында «Нива» автомашинасы зулап келеді. Рульдегі Бақыт ыңылдалап әнге басты. Ал Сәнжан болса, алты баласын көргенше асық. Әншейінде машинаны ақырын жүргізгенде ұнататын ол бұл жолы газды баса түскен баласына ештеңе дей қойған жоқ. Олар әп-сәтте-ақ Өрлікке келіп жетті. Совхоз орталығы жыл сайын сәүлеттепеңіп, өсіп барады. Қаз-қатар көшеслер, ақ шаңқан үйлер көз қызықтырады. Еңсілі Мәдениет үйі қасынан өткен адамдардың назарын өзіне бұрғызбай қоймайды. Бірақ қазір Сәнжанға осының бәрінен де, балалары жатқан интернат ыстық тәрізді.

Интернат ауласы шат күлкігे толы. Бұлардың келіп тоқтағанын көрген мойнында қызыл галстугы желбірекен бір-екі бала Сәнжанның балаларына хабарлауға жүргіре жөнелді. Бірінші болып кенжесі Аманкелді жетті. Қуаныштан көздері жайнап кеткен. Келе мамасынын мойнына асылып жатыр, тіпті үлкендеріне жол берер емес.

— Мама, папам неге келмеді? Машиналарың жолда тұрып қалған жоқ па? Бақыт құйғытып қатты жүргізген шығар? Мама, сен қорыққан жоқсың ба?— деп, сұрақты үсті-үстіне қойып жатыр.

Ал, Бибігүл болса есейіп қалғанын сездіріп тұр. Сөзі салмақты, өзі байсалды.

— Ауыл аман-есен бе? Шаруаларың қалай, апа?— дейді.

— Жағдай жаман емес,— деді Сәнжан бойжетіп қалған қызына сүйсіне көз тастап.— Биыл да әр жүз саулықтың соңынан 125-тен қозы өргізіп, берген уәдеден

асып түстік. Мал күйлі. Ауылдағылар сендерге сәлем айттып жатыр. Сен оныншы класты бітірген соң өзіміздің бригадаға барып еңбек етемін депсің фой. Біздер құпта-дық. Әуелі еңбекте шыңдал, содан соң да оку қашпас.

— Мамандық таңдау кешінде солай айтқаным рас. Сіздер де естіп қалған екенсіздер фой,— деп таңданды Бибігүл.

Сәнжан балалары жатқан бөлмелерге кіріп көрді. Бөлмелер жарық, кең еді. Тізілген керуэттер үсті әсем жиналған. Әр бөлмеде кітап сөресі, шифонер, айна бар.

«Казіргі балалар қандай бақытты!» деп ойлады ол. Содан соң балаларына әкелген ауыл дәмі — бауырсак, құрттарды үлестіріп берді. Содан соң совхоз кеңесіне баруға сыртқа шықты. Ойы — совхоз директоры Райхан Құспановқа кіріп, бригада қораларын жаңартып салу жайында сөйлеспек еді.

Директор кабинетінде еken. «Ардақты аナンы» жылы қарсы алып, орындыққа отырғызыды.

— Ауыл-аймақтарыңыз аман ба, Өтекеңнің денсаулығы қалай?

Сәнжан қыр адамдарына тән ұяңдықпен:

— Жаман емес, жұмысында жүріп жатыр фой,—деді.

— Откенде отарларыңызды өрісте жүрген жерінен байқап, аралап кеткенбіз, күі жақсы еken. Биыл да өткен жылғы денгейден түспей, әр жүзге 125—130-дан төл алу мүмкіндіктеріңіз бар фой деп отырмыз,— деген ауыл ағасы шопан-ана не айттар еken дегендей, оған көз тастады.

— Жаз жайлауымыз да, күздік те жаман болған жок. Оның үстіне соңғы кездегі ақ жауын қурап бара жатқан шөптің қайтадан бой көтеруіне игі әсерін тигізді. Соның септігі болса керек, күйек алу науқанында да көп қындыққа кезіккен жоқпыз. Бәрі де ойдағыдаи аяқталды. Ендігі бір өтініш бригаданың қораларын жаңарту болып отыр...

Байырғы шопан сөзін қалтқысыз тыңдал отырған директор:

— Бұл сөзіңіздің жаны бар, өтінішіңізді қанағаттан-дырамыз,— деді.

Осы кезде бөлмеге совхоз партия үйімінен секре-тары С. Бисалиев кіріп келді.

— Қөктен іздегеніміз жерден табылды фой. Сала-матсыз ба?— деп ол да «Ардақты аナンы» көріп, қуаныш қалды.

— Айтпақшы, сіздерге барғалы жур едім. Өтекен-екеуіңіз де биыл 50 жасқа толады екенсіздер және отау тігіп, шаңырақ көтергендеріңізге де отыз жыл. Соны көп болып дүркіретіп атап өтсек... Соған тек сіздердің келісімдеріңіз керек.

Директор хатшы ойын қоштап, мақұлдай жөнелді:

— Дұрыс айтасыз. Бүкіл ғұмырын туған өңірде өткізген әрі өзінің күш-қайратын, маңдай терін совхоз экономикасын дамытуға арнаған сіздердей жандар құрметтеуге тұрады. Оның үстіне, ауданда шопандар әuletі бригадасын алғаш құруышлар да сіздер. Сәнжан жеңеше-ау, тіпті, сіздің өзіңізді ғана он бес үл мен қыз тәрбиелеген «Ардақты ана» ретінде де құрметтеу борышымыз фой. Ешқандай қысылмаңыздар, бәрін өзіміз көтреміз.

— Рахмет! Рахмет, інім! Біздің ақ жұмыртқа, сары уызы етіп жерге түсірмей мақтадың фой. Осы жарап. Ризамыз. Еңбек ету қай-қайсымыз үшін бірінші міндептіміз,— деген Сәнжан әңгімені келте қайырды.— Ондай ниеттеріңіз болса, қарсылық жоқ. Бірақ балалардың пікірі қалай екен, үй-ішіміз болып кеңесейік, ақылдасайық. Бәрінен бұрын отағасы бұған қалай қарайды екен, білейік.

— Ендеше, біз сіздердің жауаптарыңызды күтеміз.

— Бір-екі күннің ішінде Өтекеннің де өзі соғып қалар, сонда хабарын айтады фой.

Сәнжан марқайған кейінде тысқа беттеді. Сыртта ұлы Бақыт машинасын қыздырып, әзір түр екен. Ана мен бала ауылға қарай бет түзеді. Тақтайдай таспа жолда су жаңа «Нива» зулап келеді. Қеудесін қуаныш кернеген Сәнжан Есова қатарласып қалмай келе жатқан жалпақ жондарға көз жүгіртіп еді, бейне ол да мұның жүрек жарды қуанышын қуаттап, «Өркені өскен Есовтер әuletіне мың да бір рахмет!» деп алақан соғып тұргандай болды.

«Ой-хой, туған жер-ай! Әр перзентің сенің даңқынды шығару үшін еңбек етіп, тер төксе, қандай бақыт!»

Мерейі тасыған ана көңілі шарықтап, биіктеге самайды...

Төрегелді Бекниязов

ҚОС ЖҰЛДЫЗ

Аяқ астынан үлкен ұлы Досмұрат үйленетін болып, Айнагұлді қатты толқытқан. Өзімен бірге жұмыс істейтін кіслер әзілдеп:

— Айнагұл-ау, міне балаңның алды ер жетіп, семья құрғалы жатыр. Нақ осы жолы «ақ түйенің қарнын жаратын-ақ» шығарсың,— деген.

Оларға айтар қандай уәжі болсын. Дос-жаранның тілеулең көңілі де баяғы. Сонысын білдіріп, бір жағы Айнагұлдің де көңілін аулайтында. Сондықтан бәріне де риза. Тап мынадай қуаныш үстінде томага түйік, үнсіз қалмай, қаумалай кететіндері көңілге демеу.

— Несін айтасыңдар, сендерге риза боларлық той жасамай, маған не бопты сонша?!-- деп Айнагұл де ойындағысын ақтарып салған.

— Е, сөйтіп өзің бір белсеніп шықпасаң, отағасың Балғабай жұмыс-жұмыс деп қолы тие ме? Ол кісіге қарайламай-ақ бастай бер!

— Жарайды, бұл жолғы билікті менен ешкім тартып алмас. Балғабай да айналып келгенде, маған тоқтамай, неғылар дейсің. Оナン да бәрің бірің қалмай тойға келетін болындар.

Расында, Балғабайдың көбіне-көп үй шаруасына бұрыла бермейтін әдеті. Қашан көрсөң де темір-терсегін арқалап, темір жол бойында жүргені. Жұмыс десе, ішкен асын жерге қоятын күйеуіне анау-мынау деп, үйішілік тірлікті айтып мазалай бермейтін. Оның есесінде артылып қалар шаруа да шамалы, бәрін де, жұмыс арасында өзі-ақ бітіріп тастайды. Тіпті, алды ер жеткен ұлқыздары қолғабысына жарап қалған. Эйтеуір осы кезге

дәйін «от басы, ошақ қасы» өзінің үйде отырып қалған кезі жоқ. Әлі күнге күйеуімен бірге темір жол бойында еңбек етіп келеді. Онда да сол Балғабайдың қарамағында жұмысшы. Балғабай болса, жол жөндеушілер бригадирі. Талай жылдардан бері Қазанбасы станциясының маңында үзбей тер төгіп келеді.

Рас, бұрынғы жылдары семьяға оңай болған жоқ еді. Шиеттей балалары болса да, қатардан қалмай еңбек етуі керек. Эрине, аш-жалаңаш отырған кім бар дейсің. Әңгіме жұрт жұмылған жұмыстан қол үзбеуде ғой. Ол шақта көрші-қолан, карт кісілердің де көмегі аз болған жоқ. Бұл да бала тұдым деп, үйде отырып қалмады.

Енді ойлап отырса, Досмұраты да семья құруға жетіп қалған екен-ау. Әйтеуір ұзағынан сүйіндірсін! Бұл Айнағулдің көптен күткен қуанышы ғой.

Ауыл-аймағы жиналыш, құтты болсын айтысып жатыр. Досмұраты болса, бұлдіршіндей келінін әкеліп, алдымен өзінің алдынан өтті. Екеуінің де мәндайынан сүйіп, ұзак та тату-тәтті ғұмыр тіледі.

— Беу, Айнағулде мұндайда не жан қалсын! Ана болып еміренудің жөні бөлек-ау,— дейді жұрт.

— Колың ұзарды деген осы, Айнағул!

— Келінің де өз балаң енді,— деген жақсы сөздер жалғаса берді.

— Сіздерге де осында қуаныш тілеймін!— деп Айнағул жылы-жылы жауап қайтарды.

Сол күнгі шаттығында шек жоқ еді. Аяғынан тік тұрып, канша тыным таппаса да, мұлде шаршамайтын се-кілді. Сөйтсе де, өзінің апрып-жапырып тындырғаны шамалы, қуаныштан тізе бұғу есіне де келмепті. Дегенмен жұмысты бітіріп, тойды атқарып жүргендер де, ағайындары мен еңбектес әріптестері еді. Бұнікі жәй баскөз болуғана. Баласының тойында ешкімнің де көнілін қалдымай, ризалықпен аттандыру. Қуанышты көпшілікпен бірге тамашалау еді. Ақыры, сол ойынан шықты да. Той тарқағанда барып, «Ух!» деп демін бір-ақ алған. Әр ана өз перзентінің есейіп, ержеткенін қалай тілесе, Айнағул де дәл соны бастан кешірді. Оны жан жүрегімен сезініп, тәбесі көкке жеткендей, еңсесі көтеріліп қалды.

Досмұраттан кейін де үйелмелі-сүйелмелі үл-қыздары өсіп келеді. Құлтайы болса, техникум бітіріп келген, ауданда бір мекемеде қызмет істейді. Құлзайра мен Әлиясы мектеп бітіріп, бүгінде еңбек етіп жүр. Бұлар-

дан кейінгі Жамал, Эзиза, Ұлмекен, Айгүл, Қуаныш мектепте оқиды. Ал ең кішілері Сүйіндік пен Ерік қана балалар бақшасына барады.

Он бір балалы «Ардақты ана» Айнагүл өзін бақыттымын деп санайды. Бұл да партия мен үкіметтің аналарға деген шынайы құрметі мен қамқорлығы секілді. Нақ осындағы сыйға бөленіп отырған ана үшін басқа қандай мәртебе керек!

Ұрпақ тәрбиелеу, еңбек етіп, дем алу бәрі де біздің еліміздің азаматтарының ұлы правосы. Ал осындағы «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда Айнагүлдей ана бақытты емес пе!

Өзінің тұңғыш келінің есімі де Бақытгүл екен. Бей-небір семьяға ырыс келгендей болды, Айнагүлге келінің ін еңбекқорлығы салған жерден ұнап еді. Бірде Досмұрат екеуін шақырып алып:

— Ал, шырақтарым, тең-құрбыларыңнан қалмай еңбек етеміз десендер, біз жолдарыңа бөгет болмайық. Өз ойларың болса, ашып айтыңдар,— деген.

Бұл әңгіме үстінде келіні Бақытгүл әдел сақтады ма, ашылып ештеңе дей қоймады. Бірақ Досмұрат ортақ ойларын білдіргісі келгендей:

— Апа, бүгінде көштен қалып жатқан ешкім жоқ қой, менің бір айтарым бар еді,— деді.

— Айта бер, балам.

— Онда былай, өткенде көрші совхозға барып қайтканымда, совхоздың директоры жолығып қалып, «Досмұрат, сен бізге шопан болып келсең қайтеді?» деді. Егер папам екеуіңіз рұқсат етсөніздер, сонда барымыз келеді.

Айнагүл баласының бұл айтқанына қарсы болған жоқ. Қай жерде жүрсө де, еңбек ету парыз. Әсіресе, жастар тіршіліктің мәнін ұқса, абзал.

— Жарайды, балам, мен сендерге әр кез ак жол тілеймін. Папаң да бұларың жөнсіз дей қоймас. Тек өздерің-өздерің бекем болсаңдар болғаны.

— Ешқандай қам жемеңіз, апа!

Сөйтіп, бұлардың семьясынан алғаш рет бір балапан түлеп ұшты. Тіршіліктің мән-мақсаты, от басынан аспай қалмау керектігін ертеден-ак ұғынған Айнагүл бұл жолы жас отауга сәт-сапар тілеп, аттандырып салды. Сүттей үйіп, өз алдарына тұтін тұтетіп кете алса, неси айып?! «Қайда жүрсөндер де аман жүріңдер, қарлығаштарым!» деп аналық қамкор көңілмен қала берген. «Ту-

ған жерде, туған ел үшін еңбек еткеннен артық абырой болмақ емес»... Бұл сонда оларға айтқан сөзінің түйіні еді.

* * *

...Балғабай үйіне енді ғана келіп, жуынып-шайынып шайға отыра бергені сол еді, телефон шылдыр ете түсті. Мезгілсіз уақытта телефонның соғылуы — темір жол жөндеушілері үшін үйреншікті нәрсе. Дегенмен «аяқ астынан не болып қалды екен» деген екі үшты ой Балғабайды дереу телефонның жаңына әкелген. Темір жол бапкері тәуліктің кез келген мезгілінде қандай жағдайға болса да, дайын тұруы керек. Оған қоса, мұндай міндет әркімнің адамгершілік арына, жауапкершілік пен іс-керлігіне байланысты.

— Алло, тыңдал тұрмын...

— Балғабай аға, бұл — мен ғой. Дистанция бастығының нұсқауы келді. Ертеңен бастап Тобылдан отыз шақырым жердегі околотка маңына баратын болдық. Тығыз жұмыс. Соны есінізге салайын деп едім.

— Жақсы, түсіндім.

Телефон соққан №21 Тобыл жол дистанциясына қарайтын, осы өздері еңбек ететін тоғызынышы околотканың шебері Бапаш Исабаев еді. Өзі бір көп сөзі жоқ тындырымды жігіт. Қашан көрсөң де, істің басы-қасында белсене араласып жүргені. «Кемедегінің жаны бір» дегендей тығыз шаруа болса, Балғабайға хабарласпай қалмайды.

Ертеңіне Балғабайдың бригадасы белгіленген жерге келген. Іштерінде Айнагұл де бар. Қайдан үлгіргенін кім білсін, дистанцияның бастығы Владимир Федорович Пластовец те, бас инженер Фалымжан Бекежанов та осында жүр. Истің күрделі екендігі бірден түсінкіт болды.

— О, Бәке, келіп қалдыңыздар ма? Жақсы болды. Талай жылдан бері жол бойында жұмыс істейсіз, оның ширек ғасырға жуық уақытында бригадир болып келе-сіз. Сондықтан сізben ақылдасар жайлар аз емес. Өз околотқаңызда ақауға жол бермей келесіз. Соның сырын бүгін ашып, іс жүзінде үлгі-өнеге етіп көрсетерсіз?

— Владимир Федорович, істі тындырмай тұрып, тым қолпаштап жіберген жоқсыз ба? — деп, Балғабай да өзінің сыпайы мінезімен, байыптылық танытқан.

— Жоқ, Бәке, тіпті де олай емес. Мен сіздің тәжірибелізге сенгенім фой. Ал адал енбегіңізге ешкім де шубә келтірмес,— деп дистанция бастығы бұл жолы күле сөйлеп, айналасындағыларға жадырай қарады.

— Эрине, «кеңесіп пішken тон келте болмайды...»

Осы кезде жас инженер Фалымжан сөзге араласып, атқарылар істің жайына тоқталды.

Жұмыс қызу басталып жүре берді. Мәселе осы ара-лықтан өтетін поездардың қауіпсіздігі жайында. Соңғы кезде бұл маңнан жолдың жарамсызығы жиі байқала бастаған. Оны реттеп, жөндеп, қауіпсіздікті жою осылардың мойнында. Қай кезде де қындықты жену оңай емес. Жолшылар күн-түн демей еңбек етті. Ескі рельстерді жаңасымен ауыстыра бастады. Әрбір шпалдың орналасуы мен болттардың мықты бекітілуі, рельс түйісін жерлердің дұрыс майлануы сияқты бәрінің де өзіндік мәні бар жұмыстар еді.

Ертеректе салынып, ағаш шпалдарға бекітілген рельстердің ұзындығы 12,5 метр болатын. Ал қазір жүздеген метрлік темір-бетон шпалдарға бекітілген рельстер пайда болды. Мұның бәрі заманымыздың жетістігін пашетумен бірге, бұл темір жолдың қауіпсіздігінің де кепілі. Тобылдан бастап, Қазанбасы станциясын басып, Аманқарағайға өтетін поездың темір жолы егіз. Демек, әр жол бір бағыттағы поездарды ғана өткізеді. Қос жолдың біреуіне әлгіндей жаңа да, ұзын рельстерді төсөу қажеттігі туды. Барлық жұмыс ыңғайы да соған бағындырылды. Бұл көптен бері шешімін күткен іс еді. Тіпті, қарама-қарсы бағыттағы екінші жолды да, жаңа рельстермен ауыстыру қажет. Міне, бригадир Балғабай Мырзахметовты мазалайтын да осылар.

Жол бойында ешқандай төтениште оқиға болмаса, енбектің де акталғаны. Темір жол жөндеушінің жұмыс қорытындысы балмен есептеледі. Мәселен, 15 балға дейін «өте жақсы» делінсе, онан әрі асқан соң-ақ енбегін жана бермейді. Сол үшін де ұсақ-түйек шаруа темір жолда назардан қағыс қалмауы керек. Бәрі дәл өлшеммен жүреді. Поездардың бірқалыпты, ешбір кідіріссіз өтуі осыған байланысты.

Бұлар кезектен тыс жұмыс жүргізілген аумақта бірнеше күн айналып қалды. Күні бойы жұмыс. Іс үстінде бригадир көзі әрнәрсені андағыш-ақ. Талайларға ақыл-кеңесін айтуға тұра келді. Қас қарада шаршап-шалдығып вагонға келіп тынығатын. Қазір техника қаншама

шарықтап өссе де, темір жол бойында қолмен атқарылар жұмыс әлі аз емес. Оның ауыртпалығына шыдай білу керек.

Балғабайды үйиқтап жатқан жерінен біреу даурыға тұртіп ояты.

— Бәке, тұрыңы!

— Жайшылық па?

— Светофордың бер жағындағы рельс сыныпты!..

Асығыста әлгінің кім екенін де түстеп үлгерген жоқ, орнынан ұшып тұрған. Бригаданың басқа да адамдары осы түннің бір уағында бірнеше километр жердегі «оқиға» болған жерге жетті. Бұл шақта ауа райы бұзылып, жауын бүркіп тұрған. Дала тастай қараңғы. Прожектор жағу қажет. Абырой болғанда, светофордың қызыл шамы жаңып тұр екен. Әйтпесе, кабельдердің де зақымданып, істен шығып қалуы ғажап емес-ті. Ондайда светофордан да тиісті белгі болмайтыны түсінікті. Эне, қауіптің ұшы қайда... Мұндайда жол жөндеушілер ғана емес, түрлі қызмет салаларының адамдары түгел жиналады. Электриктер, байланысшылар, тағы басқалары... Олардың әрқайсысы кемшіліктің неден болғанын анықтап, соған орай жұмыс атқарады. Дер кезінде жол оқиғасын болдырмаудың шарасын қарастырады.

Бұлар терге малшынып, сынған рельсті ауыстырғалы жатқанда алыстан тепловоз жарығы көрінді. Қедімгі жолаушылар поезы екен. Министер де байланыс арқылы хабарды естіп үлгерсе керек, поезды жайлап қана кідіртті. Қызу жұмыспен санаулы минуттер өтіп жатыр. Поезды ұзақ тоқтатып қоюға болмайды. Аянып қалар кез емес, нағыз қайратың осындайда керек. Бұл әрбір адамның сынға түсер кезі десе де артық емес. Айнагұл де ерлерден қалыспай жұмыс істеуде.

Тарс-тұрс... Соғылған ауыр балғаның үні естіледі. Бірауыз сөз айтуға мұрша жоқ. Бәрі де жұмыла кірісken. Балғабай соңғы кастельді қағып бітіп, қасындағы бригаданың ең жас мүшесі Баймұхамбетова Рақияға бұрылған. Өзінің қызындай көретін Рақия кілт пен болты қатайтып жатыр екен. Тіпті, майысып, белі бүгіліп барады.

— Кілтті маған бер, қызым, мен бұрайын. Ал өзің дүрыстап болттарды майлап шық.

— Жарайды, аға.

Арада аз уақыт өткенде, жөндеушілер жұмысты бітіріп, демдерін алған. Енді поездың да аман-сау өтуіне

жол ашқан. Бұлардың тұсынан жолаушылар құрамасы жылжып өте берді. Жәндеушілер мәре-сәре қуанысын қалды. «Иә,— деп ойлады Балғабай осы сәтте, жайлыш вагондағылар бұлардың казір не істеп, не қойғандарын білмеуі де мүмкін-ау. Қайта сонысының өзі жақсы. Эркез аман болындар, жолаушылар! Біздің қызметіміз өздеріне арналмақ».

— Балғабай!

— Ау?— мойын бұрып қараса, Айнагұл екен.

— Жүрмеймісің?

— Э, кеттік.

Бұлар машинаға қайта отырды. Әлгіндегі емес, бір-түрлі көңілдері жайланса. Қалжың аралас әңгіме де басталды.

Жұбайы Айнагұл бригаданың белді мүшесі. Бригадада Балғабай өзін қоса есептегендеге он бір адам бар. Мына бір сәйкестікті де айтқан жөн. Балғабайдың семье-ясында да он бір баласы болса, улгілі семья басының бригадасы да сол өз туғанындей. Балаларының ғана емес, бригададағылардың да әкесі іспетті. Осы уақытқа дейін талай өмір өткелінен өткен адам үшін бәрі де жарасымды. Ұлы Отан соғысына қатысып, Румыния, Венгрия, Чехословакияны азат етіп, сонау Берлинге дейін барып қайтқан Балғабай тіршіліктің талай қындығын басынан өткерсе де, оны нағыз азаматтарша көтере білді. Міне, енді бейбіт еңбек майданында да алғы шептеп жүр. Ол мұны коммуниске тән іс деп қана біледі. Қашанда сол қарапайым қалпы.

Өзі басқаратын бригада өткен оныншы бесжылдықтың тапсырмасын төрт жыл тоғыз айда орындан шықты. Бұл да бригаданың үйымшылдығы арқасында келген жетістік. Бригадир ретінде сіңірген еңбегі де аз емес. Тәжірибесін әрбір бригада мүшесіне жалықпай үйретіп отырды. Темірдегі тәртіп, іске жанашырлық, жақсы мен жаңаға құлшыну алдымен бригадирден бастап бойға сіңген қасиеттер. Қез-келген істе бастаушы бола білген Балғабай бүкіл жол дистанциясы коллективі арасында лайықты құрметке ие болған. Ұстаз ретінде де қанша шәкірт тәрбиеледі десеңізші. Олардың кейбірі басшылық қызметке көтерілген. Соларға білім алып, азамат болу керектігін де кезінде өзі ұғындырған. Қазіргі бригада мүшелерінің кейбірі темір жол институтында сырттай оқып жүр.

...Жол бойында жұмыста жүрген.

— Бәке, Социалистік Еңбек Ері болуыңызben күт-
тықтаймын! — деді ойда жоқта көрші околотканың ше-
бері М. Ерәлімов. — Жаңа үйден келіп едім, соңғы ха-
бардан естідім.

Сол-ақ екен, тілектестік білдірген жылы лебіздер
жауды да кетті. Өзі де оларға рақметін айта берді.
Бұл — Балғабай өмірінің аса қуанышты сәті еді. Қуа-
нышқа, әрине, Айнагул де ортақ.

Сөйтіп, СССР-дің Құрметті теміржолшысының омы-
рауындағы қос Ленин орденімен қатарласып «Алтын
Жұлдыз» медалі тағылды.

* * *

Бір семьядан шыққан қос жұлдызыды Айнагул мен
Балғабай талай-талай семьяға үлгі-өнеге боларлық жан-
дар. Осы бір тамаша семьяның әрбір күні ұлағатқа то-
лы. Костанай облысына қарасты Қазанбасы станциясы-
ның жұлдызыды тұрғындарын маңайындағы көрші ауыл-
дар орынды мақтан етеді...

Бірде басқа салада енбек етіп жүрген Күлзайра әдет-
тегідей өз сырын әуелі анасы Айнагулге айтқан.

— Менің сіздермен бірге жұмыс істегім келеді.

— Неге, қызыым-ау, қазіргі жұмысың бар емес пе?

— Жоқ, сіздермен бірге болсам деймін.

Осы кезде сырттан кірген Балғабай да әңгімеге құ-
лақ тұрген. Сөз аужайын білгеннен кейін:

— Біздің кәсіп тым ауыр екені рас, бірақ бригада-
мында Рахия, Жұмагүл секілді қыз балалар да еңбек
етіп жүр. Келем десең өзің біл, шырағым,— деген.

Көптеген жастарға өз тәжірибелерін үйретіп, үстаз-
дық танытқан әке мен шеше тағы бір ізбасар табылға-
нына таңданған жоқ. Жұмышы әuletі осылай бастау
алмақ. Өмірде қарапайым енбегімен бағы жанған адам-
дар аз ба?! Солардың бірі Күлзайраның өз ата-анасы
екені елге аян. Ендеше, алдында құс жолындағай сайра-
ған тәлімді жол жатқанда, Күлзайра да биікке баста-
ған жолмен өрлей берері ақықат. Тек өзгөгө салмақ ту-
сірмеуі керек. Әркім өз мақсатына өзі талпынар болар.

Жарасбай Сүлейменов

БАҚЫТ ЖОЛЫ

Күз лебі біліне бастаған кез еді.

Жұмысқа жиналып, есік алдына шыққан Қадиша зенгір аспанға көз тікті. Қарлығаштар қанатының сусылы таныс әуендей естілді. Сөйткенше болған жок, бір топ қарлығаш оның төбесінен жұлдыздай ағып өте шықты. Аппак бауырлары жарқ-жүрк етеді, күміс қанаттары көз шағылыстырғандай. Қымылдары қым-қуыт. Бірін-бірі қуалап көкке тік шаншыла көтеріледі де, әлгіндей болмай, қанаттарын қомдаған алып төмен қарай құлдилайды-ай кеп. Дегенмен, балапан қарлығаштардың қолтықтары әлі еркін сөгіле қоймағаны байқалып тұр.

Кенет төңірек түнере қалды. Теріскейден ескен жел ақшулан бұлттарды тұтастырып жіберген еді. Жуыр манда тігісі ажырайтын түрі көрінбейді. Сәлден соң тенек жел күшіне еніп, ышқына соқпасы бар ма. Қадиша көзін көлегейлей қарап қарлығаштарды іздейді, көрінбейді. Ол осыған мұңайып тұрғанда, бір топ қарлығаш жартылай ашық тұрған қақпаның үстіне келіп тізіле қалды. Бірақ олар көп отырған жок, дүр етіп орындарынан көтерілді де, құзар бікке тағы да самған кетті.

Қарлығаштарды көз үшіна дейін ұзатып салған Қадиша қақпаны жапты да, фермаға қарай бет алды. Әлсін-әлсін қарлығаштар кеткен жаққа қарап қояды. Міне, төбесінен әлгілердің ізін ала тағы бір тобы үшіннөтті.

Қадиша көңіліне оралған бір әуезді ән жолдарын іштей қайталай берді. Иә, олардың мына кең даланы қимай кетіп бара жатқаны анық. Олар бауыр басып кеткен бақтарымен, өздерінің балғын шақтарымен қош ай-

тысып барады ғой, қазір. Келесі көктемде де келер-ау, бірақ талай сындардан өтіп шыңдалып, қанаттары қатайып оралады енді. Демек олар үшін балалық бал дәурен шақ қас-қағым сәтте өте шықканы ғой.

Ол да өзінің балалық шағымен ерте қоштасқан еді. Қадишаның ойы өткен күндерге ойыса берді. Оны, әлі он беске толмаған балауса қызды тай-құлындағы тебіс-кен құрбы-құрдастарының думанды ортасынан жұлып алып, жұмысқа салған қандай күш еді?.. Ол Ахтановтар семьясының асқар тауы құлаған күн болатын. Сол күні ол мектептен ерте оралған-ды. Алдынан анасы шықты аңырап. Жүргегі бір сүмдиктың болғанын сезе қойды. «Қеке, қеке!» деп жан даусы шыққан күйі төргі бөлмеге жан ұшыра ұмтылған...

Сөйтіп, әзіз әке дүниеден өтті де, артында ана, әлі оны мен солын танымаған тоғыз бала қала берді. Сол уақыттарда талай күндерді үйқысыз өткізіп, көз ілмей шығатын. Он ойланып, мың толғанып тұжырымды шешімге келе алмай қиналатын. Ол сонда өзінің алдында жатқан бір-ақ жолды, еңбек жолын көрді.

— Мен жұмыс істеймін,— деді ол бірде шай үстінде.

Анасы Рахима селт еткен жоқ, үнсіз отыра берді. Қадиша естімегі мә деп сөзін тағы қайталады. Сонда ғана анасы басын көтеріп, бұған қадала қарады.

— Құлымым-ау, қатарынан қалма, ана ағаларың әскерден келгенше өзім де бір қарекет жасармын,— деп Рахима көзіне жас алды.

— Жоқ, апа!— деді ол жұлып алғандай.— Бәрі келеді, не жұмыс берсе, соны істеймін.

Содан ана мен бала түннің бір уағына дейін көз ілген жоқ. «Жұмыстың қандайы болмасын мереіллі» деген ана сөзі Қадишаға ой салған-ды. Ол ертеңін көз алдына елестетіп, тәтті қиялға беріледі бір сәт. Сөйтіп жатып өзінің қалай үйіктап кеткенін де анғармаған.

Таңтерең оянғанда анасы жұмысына кетіп қалыпты. Стол үстіне дайындалп кеткен тамағын апыл-ғұптыл ішті де, кенсеге тартты.

Бөлімше басқарушысы оны жылышыраймен қарсы алды.

— Апаңа көмектесем дегенің дұрыс,— деді ол.— Сендер үшін ыстыққа күйіп, сүйкі тоңып журген жоқ па. Сосын ол «қолынан келсе, істеп көр»,— деп Қадишаны фермаға жұмсады. Қадиша бас тартқан жоқ.

— Жарайды, аға,— деді жайраң қағып.

Арада бірнеше күн өткеннен кейін Қадишанікіне мал фермасының бригадирі Жүкенов келді. Алғашында апамда жұмысы бар шыгар деп мән бермеген Қадиша, сәлден соң әңгіменің өзіне байланысты екенін аңғарды.

— Сауыншы жетпей жатыр, Қадишаға келдім.— Бригадир бұл сөзін Рахимаға қарап айтты. Сауыншылықтың қыры мен сырына бес саусағындағы қанық Рахима:

— Қайдам, қолынан келсе,— деп екі-үшты жауап берді.

— Несі бар, үйретесің. Жас қой, көндігіп кетеді. Ол енді Қадишага бұрылды.

— Бұған қалай қарайсың?

Қадиша көп ойланып жатпай-ақ:

— Барамын,— деді бірден.

Сауыншылықтың қандай қының жұмыс екенін жас та болса Қадиша жақсы біледі. Өткен жылы анасының сол қолың үсік те шалғаны оның есінде. Бірақ ол сонда да еңбектен қол үзген жоқ. Қындықтарға төзе жүріп, әрі тестерінен оза білді. Осы жайды ойлаған Қадиша айтқанынан қайтар сыңай танытпады.

Ертеңіне шешесі түн қараңғысынан тұрып жұмысина жиналғанда, бұл да бірге ере шықты. Ол осыдан жиырма төрт жыл бұрын фермаға осылай келген еді.

Он алты жасар қыздың сауыншы шелегін қарына ілуін әркім әр түрлі жорыды. Біреулер «белі бекіп, бұғанасы қатпаған жас қызды бейнетке белшесінен батырғаны не-сі екен» деп шешесін жазғырса, енді біреулері «талабы таудай екен, шешесіне қолқанат болуға талпынғаны дұрыс екен» деп шын көнілден сүйініштерін білдірісті. Кейбір қаңқу сөздер Қадишаның құлағына да жетіп жатты. Бірақ ол бұған мән берген жоқ, қайткен күнде де анасын, өзіне сенім артқан адамдарды ұятқа қалдырмау үшін намысқа тырысып бақты.

* * *

Уақыт үшқыр ғой. Бүгінде Қадишаның өзі де үлкен семьяның үйтқысы, жеті баланың анасы. Оның тұнғышы Марал Совет Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеуде, орта мектепті бітірген Бибігулі өзі тіленіп еңбекке араласты, совхозда жұмысшы. Айжан, Арас Гүлнәрі — мектеп оқушылары, Оралы мен Гаянары балалар бақшасына барып жүр. Не ішем, не кием демейді

олар. Бауыр еті балаларының болашағы бүгінгіден де жарқын боларына ана сенімі шұбәсіз. Осылар туралы ойласа, Қадишаның қара торы жүзі нұрлана түседі әркез. «Баршаны бақытқа бөлеген партия мен үкіметке мың да бір рахмет!» дейді ол жүрек тереңін алғысын ақтарып.

Ойлап отыrsa, еш қындық көрмеген сияқты. Тіпті, балаларына алаңдап еңбектен қол үзген емес. Жұмысттан шаршап келгенде балалары «мамалап» алдынан жүгіре шыққанда, ол өзінің қалжырағанын да ұмытып кетеді.

...Рас, бірде ол бала бағып, үйде отырмак та болған. Оған жолдасы Жоламанның: «Балалар жас, екеуміз бірдей күн-ұзак жұмыста жүреміз, осы сауыншылықты қойсаң қайтеді» деген сөздері түрткі болған еді. Сөйтіп Арап туғаннан кейін фермаға қайта оралар сыңай таңытпады ол. Мұндайда кім не айта алады. Содан да болар, бөлімше басшылары да оны «жұмысқа шық» деп қыстай қоймаған. Қызының бұл қылышына Рахима шешейғана қынжылыс білдірді.

— Қарттардың қатарына қосылған екенсін, қайырылы болсын,— деді ол бірде қызына ренішін білдіріп.

Анасының нені мензеп отырғанын түсіне қойған Қадиша:

— Қішкене балалар өссін,— деп күмілжіген еді. Осыдан кейін шешесі тік кетті.

— Немене, жас кезінде іstemеген жұмысты қартайғанда істеймін дейсің бе. Баланы бәріміз де өсіргеміз. Бірінді жетелеп, бірінді арқалап жүріп соқа да айдағамыз. Сөзді қой да, жұмысына шық. Қызым керемет еңбеккор деп жүрсем...

— Шыбық басын сыйдырмай отырған әйелдер көп қой.

— Сонда немене, сен де күйеуіце масыл болып отырмасың ба? Оның үстіне бөлімшеде сауыншы жетіспей жатқан көрінеді. Жұрт күлмей ме, «орденді сауыншы үйінде отырып қалды» деп. Оның үстіне өзің депутатсың. Сені жұрт Советке сайлағанда «сенімізді ақтамайды» деп ойламаған болар, сірә.

Осы сөздерден кейін Қадиша анасына уәж қайтара алмаған. Шынында да, онықі әбестік екен. Анасының ренжитін жөні бар. Ол өз уәдесін тез ұмытыпты. Оның бұл шешімін естісе бригадир Жүкенов не дейді, жарыс-

тасы Айман не айтады. Ұят-ай! Ол сол жерде ұяттан өртеніп кете жаздаған.

«Қызым керемет еңбеккөр деп жүрсем». Анасының осы бір сөздері оның ойынан шықпай қойған. Шынында да, бұл кезде Қадишаның есімі аудан жұртшылығына кеңінен мәлім болатын. Жыл сайын қарамағындағы әр сиырдан 2600—2700 килограмнан сүт сауып, социалистік жарыс көшін бастаушы еді. Бұл еңбегі елеусіз қалған жоқ-ты. Еңбек Қызыл Ту орденін өңіріне қадады, селолық Советтің депутаттығына да сайланды. Әлде, оның осы табыстардан басы айналды ма екен?

Жоқ, Қадиша өзгені ұмытса да, бұл табыстың оңайлықпен келмегенін естен шығармақ емес. Ол биік шептерді еселі еңбегімен, тынымсыз ізденісімен жеңіп алған. Сол жолда оған талай қындықтар да кездесті.

...1960 жылы шешесі құрметті демалысқа шыққанда Қадиша оның сиырларын қабылдап алған. Қас қылғандай сол жылы сүттің күрт кеміп кетпесі бар ма. Әр сиырдан небәрі 1910 килограмнан сүт сауған Қадиша сол жылы көш сонында қалып қойды. Ол сонда келесі жылға үміт артқан еді. Бірақ не керек, үміті ақталмады. Сонда да ол жасымаған. «Еселі еңбек еш кетпейді» деген ана сөздері жебеген оны сол кезде. Бейнетсіз зейнет жоқ екенін терең сезінген ол өзі қалап алған іске бар жүрек жылуын жұмсан бақсан.

Күн артынан күн өтті. Кешікпей Қадиша сағына күткен, сарыла күткен қуаныш сафаты да соқты. Ол 1963 жылы қарамағындағы әр сиырдан 2665 килограмм сүт сауып, «Жамбыл» совхозы сауыншылары арасында социалистік жарыс көшін бастады. Табыстың жарқын жолына осылай шыққан Қадиша Бегенова кейінгі жылдары да тізгінді босатқан емес.

Осыдан кейін ғана ана ашуы тарқап, Қадишаның үйіне жиі соғатын болған. Келе сала фермадағы жайдан сыр тартады. Ал Қадиша ферма бойынша орта көрсеткіш 2300 килограмнан айналғанын айтқанда, Рахима шешей, тіпті, көнілденіп кетеді.

— Бәрекелді, бәрекелді!— дейді қарт ана қуаныш отырып. Сосын: «бүгіндері 2500 килограмнан сауса да, көп емес қой» деп бір қояды. Бұл Қадишаны қайрай туksenі оның.

— Кешікпей оған да жетеміз,— деп Қадиша да алда алар асуының биік екенін аңғартады.

Әдетте ана мен бала арасындағы әңгіме осылай бас-

талып, бірте-бірте семья жайына ойысуши еді. Бүгін Ра-
хима шешей бірден төрге озған жок.

— Қадиша, сені шақырды ма? — деді ол екі жасар
Гауһарға кәмпіт ұстатып жатып.

— Кездесуге ме? — деді анасының нені мезгеп тұр-
ғанын айтқызбай-ак үққан Қадиша.

— Кездесу дей ме, анық білмеймін, әлгі Ермұқан-
ның Жабагысы келіп шақырып кетті рой.

— Иә, бүгін клубта жастардың еңбек ардагерлері-
мен кездесуі болады деген.

— Мені әуре қылып қайтесіндер деп едім, кетпей
отырып алғаны рой. Онысымен коймай, «сөз сейле» деп
қолқалағанын қайтерсін.

— Сөйлесең несі бар?

— Сендердің ауыздарыңа біреу түкіргеннен сау ма
өзі. Қарағым-ау, мен не айта алам. Балаларың жайын-
да айт дейді, бала өсіріп отырған жалғыз мен бе, осы
ауылда.

— Дұрыс қой, балаларың бүгінде бір-бір үйдің несі
болып отыр. Соларды қалай өсірдің, қалай тәрбиеле-
дің? Бүгінгі жастар осының бәрін біле бермейді рой...

Қадиша осыларды айтқанда, анасы сөзден тосылып
қалған еді. Теміrbайдың тоғызы баласы тоғызы жерде ту-
тін түтетіп отырғаны рас. Тұла бойы тұңғышы — Рақым-
жан совхоздың озат механизаторы, жырма бес жылдан
бері жүгері өсіруші. Оныны бесжылдықта ол жыл са-
йын орта есеппен гектар сайын 200 центнерден көк ба-
лауса алып, әріптестері арасында үздік көрінген. Оны
ауылдастары майталман механизматор ретінде құрмет
тұтады. Сол құрметтің белгісіндегі бүгіндері Рақымжан-
ның өнірінде III дәрежелі Еңбек Даңқы, «Құрмет Белгі-
сі» ордендері жарқырайды. Одан кейінгі ұлдары Қай-
ыржан мен Ғалымтай да жастайынан техникага үйір бо-
лып өсті. Бірі — бөлімшеде реттеуші шебер де, екіншісі
тракторшы.

Қызы Құсни осы Суаткөлде фельдшерлік-акушерлік
пункттің менгерушісі болып істейді. Басы ауырып, бал-
тыры сыздағандардың бәрі, соның шипалы қолынан ем
тауып жатады. Одан кейінгі ұлы — Мұқаш совхозда шо-
фер, қысы-жазы жол үстінде. Оның да «Үздік жүргізу-
ші» атағы бар. Еслемі көрші совхозда бөлімше басқару-
шысы, әл Әскері мен Бәтімасы осы ауылдағы сегізжыл-
дық мектепте ұстаздық етеді. Бәрінің де өз семьялары,
бала-шагалары бар. Солардың басы қосыла қалғанда,

Рахима шешей әркез өзінің кеңейген өрісін көріп қуанады.

Қадиша мен анасы клубқа келгенде халық жиналып та қалған екен. Бөлімше партия үйымының секретары Жабағы Ермұқанов Рахима шешейді құрақ ұша қарсы алды.

— Кешегі сөзіңге қарағанда келмей қала ма деп қорқып едім!— дейді партия үйымының секретары.

— Менікі жай сөз ғой, шақырганға келмейтін мен кім едім, тәйірі. Рахима шешей осылай дегенде жұрт жамыраса құлген еді.

Күткен кеш те басталды. Оны қыскаша сөз сөйлеп ашқан Жабағы Ермұқанов:

— Рахима шешейге сөз береміз,— дегенде жұрт дуркірете қол соқты. Алдыңғы қатарлардың бірінде отырған Қадиша мінбеке беттеген анасына көз тоқтатты. Бойы еңкіш тартқаны болмаса, қимылы әлі ширак. «Апам не айтар екен?». А나сы асығар емес, мінбеке көтерілді де жаңарымен отырғандарды бір шолып шықты.

— Не айтайын?— деді ол тамағын кенеп.

Алдыңғы қатарда отырғандардың бірі:

— Балаларыңыз туралы айтыңыз,— деді.

— Балалар туралы, не айтатыны бар, міне, отыр ғой өздері де. Қунде кездесіп, қунде көріп жүрсіндер.

— Ендеше өзіңіздің еңбек жолыңыз туралы айтыңыз.

Ана ойланып қалды. «Өткенге оралғысы жоқ еді, көпшілік сұрап отыр, енді қайтпек?»

Ілкі сәттік тыныштықтан кейін әңгімесін сабактады. Қарт ана өзі қатарластардың қындық үстінде шындалғанын бір айтып өтті. Колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел суретін жиналғандардың көз алдының қайта бір елестетіп кетті.

— Сендер бақыттысындар,— деді ана сөзінің соңында Партия мен үкімет не жақсылықтың берін жасап отырғой. Өз қолымызбен керегесін жайып, уығын қадаға Жамбыл атындағы совхоздың Солтүстік Қазақстан облысындағы іргелі шаруашылықтардың бірі екенін айтту — қандай мақтанды. Тіпті, оның бөлімшесі Суаткөлдің келбетіне қараныздаршы. Уақыт әкелген, адам жағсаған өзгерістерді көреміз. Кешегі Суаткөл қандай еді, бүгінгі Суаткөл қандай?! Салыстыру еш мүмкін емес. Не қажеттің бәрі бар.

Айтса, айтқандай. Бұл қунде Жамбыл атындағы совхоздың № 2 бөлімшесі—Суаткөл ауылның бейнесі мүл-

де танымастай өзгерген. Қаз-қатар тізілген ақшаңқан үйлер, сәулетті мәдениет ошактары көздің жауын алады. Бұлардың бәрі бертінде бой түзегенін Қадиша жақсы біледі. Осыдан он бес жылдай бұрын бұл ауылда не-бәрі елу шақты тұрғын үй, төрт жылдық мектеп, ал мәдени мекеме дегеннен төбесі шымтезекпен жабылған шағын ғана клуб болатын. Қадиша өз сайлаушыларымен алғаш рет сол клубта кездескен еді.

Әлі есінде, еңбекшілердің сайлау алдындағы жиналысында селолық Советтің депутаттығына кандидат ұсыну жөнінде сөз болғанда жүрт бірауыздан оның есімін атаган.

— Бегенова Қадишаны ұсынамыз!
— Дұрыс айтады, Қадиша лайықты кандидат!
— Біз де қолдаймыз, озат сауыншы, қоғамдық іске де белсене қатысады!

Байжігіт Әбдіразақов

БАСПАНОВТАР БАСТАМАСЫ

Қарт көкірегі қақырап кетердей. Аһ ұрғанда аузынан ақ жалын атады. Оның осылай күйзелердей орайы жоқ еді. Сынған сүйек септелген, жарақат орны бүтінделген. Қазір өз үйі, өлең төсегінде. Кім жаза баспайды, кім жаңсақ баспайды. Краншы қыздың орнын жоқтатпаймын деп жоғары көтеріле бергенде, құлап кетіп, мынадай бейнетке ұшыраған екен, күллі коллектив барын салды, ақ халаттылар да аянған жоқ. Арада айлар өтер, жыл да жылжыр, әйтеуір қарияның айырып кете рі аян. Тек «сабыр тубі — сары алтынға» жендіріп, шыдамдылық жасаса болғаны.

Өзі де шыдамды-ақ еді. Осы жолғы өкініші тән жа расынан гөрі жан жарасы қатты батқандықтан сыздал шығатын тәрізді. «Апыр-ай, айдың-күннің аманында», — дей береді. Ішкі әлемі ала-тулей. Кешегі қанды жорықта бүкіл Европаны жаяу жортып өткен ол аурухана төсегін көрмеген еді. Жамбасқа түскен зақым, жіліншіктегі жарақат жол-жөнекей жазылып кеткен-ді. Ақсаң басып жүріп-ақ жексүрын жауға есесін жібермеген. Ерлік істер омырауға награда болып тағыла берді, тағыла берді.

Міне, енді ойламаған жерде от басып... Эйтпесе, арматуршының көтергіш кранда несі бар еді? Бір есептен бос тұрыс, бос жүрісті қаламайтын адамға «несі бар?» деудің де қисыны келмейтіндей. Өршілдік, өмірге деген құштарлық Нұрмағамбеттің қанына сіңген қасиет-ті. Ол ауыл баласы болып өсті. Бұғанасы қатпай жатып кетпен шапты. Боз даладай боз жігіт ат жалын тартып міне бергенде, ел басына бұлт үйірлді. Қасиетті Отанға

қатер төнді. Сол күні үйленіп еді, сол күні жас отаудың ошақ оты маздалап еді. Майданға сүт шақырылды. Желегі түспеген жас келіншек үзенгілікке жабысып, қозы көш жерге шығарып салған. Хош десерде жанарынан жас төгіп тұрып: «осынау жалғыз дарақ түбінде күтіп аламын. Есен-сай келгейсің, сүйіктім. Өзің секілді екпінді колхозшы, стахановшы атанып, абырой үстінде қарсы аламын» деген еді. Айтқан сөзі айна-қатесіз орындалды. Соғыстан кейінгі ауыртпалыққа ерлі-зайыптылар иықтарын қатар тосты. Соның өзіне қара шаңырақтың көрі иесі Баспан ақсақал көңілі толмай тосын сыр аңғартты. Ер большевик, қызыл партизан, колхоз құрылышының ардагері Мендібаевты Арал, Қазалы түгел билетін. Ел ардақтысының сөзін от басы қалай тыңдамас!

— Шырағым, сен кіндіктен жалғызсың,— деді қара шал көкшулан мұртының жебелігін сипай отырып.—Солай екен деп еркелетіп өсіргенім жоқ. Бір жағынан сені өмірдің өзі шынадады. Қазір алмас қылыштай жалаңдалап тұрған кезің. Мұндай шақта азамат өзін қыныдықтың ақ дауылында сынар болар. Артель тіршілігі сенсіз де қалпына келеді. Заманың атан бел азаматқа зәру бол тұрған тұсына сына боп қағыл.

Нұрмамбет ақсақалдың нені мензеп отырғанын толғай алмай, әрі-сәрі күйге түсті. Ақ теңізден Амурға дейінгі аралықтағы жаңалықты қапы жібермейтін көкірегі ояу қарт осы жолы облыс төңірегіндегі бір өзгерісті тіл ұшына алған еді. Алып құрылышқа өзі сұранып баруға күш-куаты кемдік етеді.

— Келін де киіктің асығындай шымыр боп түсті. Сен екеуің плотина құрылышында бақ сынасаң қайтеді!— деді.

Сонан соң ерлі-зайыптылар Қызылордаға тартып кеткен. Бұлар қырық мың кетпеншінің тобына қосыла кетті. Жаңа арна қазылмақшы. Асау өзен ағысынан жаңылып жаңа арнаға құймақшы. Күй талғап жатқан жан баласы жоқ. Қамыс күркеде тұрып-ақ алапат істі атқарып жатыр. Жойқын қимыл кезінде оқыс оқиғалар да болады. Бірақ соның өзі дүлей күштің қабатында білінбей кетеді. Бас пайда, күнкөріс қамы дегеніңіз ұлы мақсаттың ырқына бағынған. Сонымен алып арна қазылып бітті. Енді оның табанына темір тор төсеу, тас қалау ісі бірінші кезекке шықты. Нұрмамбет пен Палау бұл кә-

сіпті де шебер менгеріп алды. Нағыз құрыш білектілердің өзі.

— Айналайын, орыс адамдары! Қашан да әділ, қашан да парасатты ғой,— деді бір жолы Нұрекен ораулы затты Палауға ұсына беріп.— Сый-сияпattyң базарлысын бізге бағыштапты.

Күйеуінің құрылышы басшыларына риза болғанын сезген Палау:

— Сірә, біз Тасбөгетте түпкілікті қалатын шығармыз,— деді.

— Қалсақ қалармыз!

Плотина құрылышы аяқталды. Арынды дария ырық-қа көнді. Тетікпен басқарылатын шлюз қатты ағысты кейде ойға домалатады, кейде өрге өрмелетеді. Мынау қақпан бел бөгеттің оң қапталына іркіп қоятын сәттері де аз емес. Ендігі мақсат билікке бағынған суды Қызылқұмның қалың шұбарына асырып, шөлейт өңірлерді ғулдендіру. Ол жерлерде Арал теңізімен астасатын Куандария, Жаңадария арналары бар. Сегіз ғасыр бойы құрғап жатқан бұл ескі жүйелерде Сырдың сарыала толқынды суы ыргала жөңкілмекші. Сол үш өзеннің тоқайласар тұсында Мұлкаман қылтацында шлюз салынбақшы.

Ер большевик сөзі еске түседі.

— Азамат өзін қыындықтың ақ дауылында сынар болар.

Ерлі-зайыптылар Мұлкаманға сұранып кетті. Көрген бейнет, тартқан азап белшеден. Ақырында олар үлкен объектіні іске қосып, Тасбөгетке қайтып оралды. Өкінішке орай, осындағы құрылыш участесінің жаңа бастығы жай оғындаі жайсыз хабар айтты:

— Бос орын жоқ. Қайды барсан, онда бар!

Морт мінезді Нұрмамбет:

— Мен сізден қызмет сұрап тұрғаным жоқ. Екі қолға бір жұмыс керек деп тұрмын. Өзіңіз еске салғандай, ізденуді, арыз-шағым айтуды және білмеймін,— деді.

Тонмойын жігіт қызырайып отыр. «Бөлмені босатыңыз» дегендей, есік жаққа қол шошайтты.

Азамат қатты күйзелді. Азамат зайыбы көз жасын көлдеткен күйі «Қылордаводстрой» тресінің бастығы Гукасовқа келді. Көлденең қиянат Эрик Хриетофоровичтің жүрегін сүмдүк сыздатты. Бірақ жұмысшы алдында сыр бермеске бекінді. Қас қағымда ашуды ақылға жендеріру оңай емес-ті. Осылай толқи отырып:

— Учаскеде екі адам қалса Баспановтар қалады! — деді.

Сонан соң ол нұрлы жүзіне күлкі үйіріп, әдемі бір сыр шерткен. Таஸбөгетте құрылыш материалдары комбинацияны салынбақшы екен. Бұл қуатты кәсіпорын облыстың ғана емес, бүкіл республиканың қажетін өтейтін көрінеді. Енді арматурашының жұлдызы жанады деген сөз.

Палау Баспанованаң жас толған жанарында қуаныш нұры ойнады. Ойна оңтайлы сөз оралмай, «рахмет, інім, көсеген, көгерсін» дей берді.

Гукасов өз жұмысшысын қолтықтап есікке дейін ұзатып салды.

Адамдар қандай әр алуан? Бір бастық «бөлме босат» деп қол шошайтады. Бір бастық ерекше құрметпен шығарып салады.

Адам жаны өткірдің жүзіне ұқсас. Мұқалып қалу оңай, қайта ұшталу қын. Келімді басшы сол қындықтың бетін қайыра білді. Жар-косағының іштей түлеп, сырттай құлпырып келгенін көрген Нұрмагамбет те бір жасап қалды.

Құштарлықпен суарылған қайрат-күш сарқылмайды екен. Елудің үстіне шыккан жұмысшылар бір жарым норманы місе тұтпай, екі норма орындауды дәстурге айналдырды. Олардың қолында «БО-6» станогі үршықша ойнайды. Бетон кеспектердің қапсырма бөлшексіз, торкөз шыбықсыз күні қараң. Арматура — шыңырау құдықтар мен тоспа-бөгеттердің де шымыр сүйегі. Ирі комплекстерге, әзілім сарайларға жұмсалатын темір бетондарда да арматуршы еңбегінің үлесі зор. Сол қат-қабат қауырт жұмыстар арасында жүріп Палау Баспанова он баланың анасы болып та үлгіріпті. Өндіріске араласпай-ақ шетінен тәртіпті, шетінен еңбек-сүйгіш, өршіл үрпақтар тәрбиелеудің өзі ерлік іске пара-пар ғой. Оның омырауына «Ардақты ана» орденімен қоса Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендері, қос-қос медальдар жарқыраса, оған қалайша қуанбасқа?! Оның үстіне социалистік жарыстың жеңімпазы, коммунистік еңбек екпіндісі деген атапы және бар.

Жұмысшы еңбегі — таза еңбек. Бұрау темір артық жазылмайды, бір бөлшек жаңсақ қосылмайды. Еңбек несі санап алған затын санап береді. Сондықтан да олардың ар-ождандары сүттен ақ, судан таза. Қайсыбіреулер әр жерде тиіп-қашып жүріп жұмыс істеп, соң-

ры жылы мол олжамен демалысқа шығады екен. Нұрмамбет пен Палаудың ондай құбылысқа жаны қас. Тіпті, Нұрекеннің өзі түрғыластарына:

— Ақтық демім біткенше станоктан айрылмаймын,— дегені бар.

Сол серттен төтен оқиға алыстатып жібергендей болды. «Айдың-күннің аманында» деп күйінетіні сондықтан.

Көп қиналыстың арасында және бір шерді сымбатты. «Мұрагердің болмауы да жанға батады» деді. Осы мұй-ішін түгел шарпып өткендей еді. Лиман қызы әке жанына жетіп келді.

— Көкетай, қиналмаңызы! Орныңды өзім-ақ баса-мын,— деді.

— Сен әлі тоғызыны кластасың фой.

— Онының кешкі мектепте оқып бітіремін.

Қарт аударылып түсті. Сол аударылған жағына қарай және бір үрпақ қынстағы.

— Избасарың болайын деп едім,— деді Ермағамбет. Бұған Пірмағамбет қосылды.

— Мен де!..

Зілбатпан қайғы сыпрылып түскендей болды. Сонау бір жалын жұтып, от шайнаған күндеріндегідей, Нұрекен жузі алабұртып, алаулап сала берді.

— «Болмасаң да, үқсан бақ» деп ақын аталарың айтқандай, пейілдеріңе ризамын, құлындарым!

Үрпақ сөзінің іске айналуын сырттай бақылап жүрген біз сөүірдің сәулелі күндерінің бірінде құрылыс материалы комбинатына соққан едік. Бірінші болып Палау жеңгей жолықты. Станок жанында бір тоннадай қапсырма бөлшек үолі жатыр. Бүгінгі өнімнің кешегіден басымырақ екенін цех бастығына сыпайылап жеткізген ол енді-енді қоштаса бергенде, дәл өзінің көшірмесіндегі Лиман қызы келіп тұра қалды. Станокқа жан бітті. Епті қолда болат қаңылтыр қамырдай иленіп, кеспекеспегімен түсіп жатыр.

Партком секретары Сексенбай Тұрбаев сыйырлай сөйледі:

— Көрдіңіз бе, жолдас, осы цехты қыз-келіншектер «жаулап» алған. Бұрын нар жігіттер ғана жұмыс істейтін.

— Қалайша?

— Лиман өз құрбыларының осында келуіне ықпал жасады. Қалалық партия комитетінің мүшесі, халық де-

путаты Лиман Баспанова өндірісте ғана емес, қоғамдық істе, саяси-бұқаралық жұмыстарда да зор белсенділік көрсетіп жур. Ол өзіне тапсырылған аманаттарды орындаپ қана қоймай, көптеген жаңа шараларды жүзеге асырды. Истің сапасы мен мөлшерін айыруда бұрын әжептәуір жаңсақтық кететін. Бұл ретте тонна көрсеткішінің тиімділігін ашқан да, осы алғыр жас.

Сейфуллиндей сұңғақ бойлы, сұлу мұртты бір жігіт кезіккен. Мұрт қоймаған, бірақ кескін-кейпі әлгіге ұксас және бір бозбала ұшырасқан.

— Ермағамбет, Пірмағамбет дегеніміз осы қос азamat болады,— деді заводтық комитеттің председателі Айдар Қуанышбаев.— Екеуі үш-үштен алты операция атқарып, төрт адамның жұмысын орындаиды. Міне, сом темірлерді баудай түсіріп, турап жатыр.

Комсомол үйімінің жетекшісі сөз қосты:

— Баспановтар әскерлік міндеттін өтеп келген жігітерді де осында үгіттеп әкеп, арматура дайындаушыларды көбейтіп жіберді.

Ермағамбет «Мақсатың қандай?» деген сұраққа ақылды жауап қайырды:

— Тоғыз жүздің бірі болмай, тоғыздың бірі болғым келеді.

Баспановтар жарыс нәтижесін бес күн сайын емес, күн сайын шығарудың тиімді болатынын дәлелдеген. Смена соңында артта қалғандардың атын атап, түсіп түsteудің де қажеттілігін айтқан. Комбинат жұмысшылары бұл күндері қақпа алдындағы қызыл тақтаға көз тоқтатпай кетпейді.

Комбинат директоры Владимир Андреевич Ким озаттарға сый-сияпта ұсынарда, Баспановтарға әдейі бір сыбаға артық сақтауды еске салады екен.

— Олар үздік көрсеткіш иелері ғана емес, жарқын бастамалардың да үйтқысы,— деген.— Баспановтардың бастамасы айқай-шуға, даурықпаға құрылмаған. Сырт көзге байқалмайтын өзгеше ықпалымен ерік-күшті билеп алатын бастама. Бізде жұмысшылар, озаттар әuletі тобының көбеюі — міне, соның әсері.

Асқан сезімталдықпен айтылған жүрекжарды шындыққа кім-кім де кесе тұра алмайды.

Ал, біз болсак, өнеге төркінін сонау қарт партизанның өмір тағлымынан іздейміз. Жақсы үлгі атадан ба-лаға, баладан кенже үрпаққа ауысса, бұған тек куана қол созу керек.

**Қуаныш Жиенбаев,
Ертай Айғалиев**

ОН БІР ЖҮРЕК ДҮРСІЛІ

Заңғар таулардың ұшар биігін ақшағыл қарлар би-
ыл ерте шалыпты. Ақша бұлттар маңғаз жылжиды. Қу-
лімхан осы таудың баурайында жарық дүниенің есігін
ашыпты. Зымыран уақытқа не дауа?! Мінеки, елуді ең
серді. Адам қызық қой, бірде күлесің, бірде қайғыра-
сың. Қайтсе де, саумалдап тартқан үміт жібі алға
жетектей береді. Баз біреулер айтады: «Маңдайыңа жа-
зылған тағдырдан озып еш жаққа бара алмассың. Тек
өмірдің айтқанына көне бер.» Қартайып отырған бұл жоқ.
Әйтсе де, өмір өткелдеріндегі қынындықтар ана самайы-
на мынау туған жердің тауларына ұқсатып ерте ақ шал-
дырыпты. Оның өмір бойы бойтұмардай сақтап жүрген
құпиясы да жоқ емес. Кейбіреулерге ұқсағысы келме-
гендіктен бе? Жоқ. Өз жүрегінің ғана дүрсілі: «Адам өз
бақытын өзі жасайды...»

Сары күздің екінші айы биыл өте-мөте өктемсі кел-
ген-ді. Тіпті бір-екі күн қатарынан қар жауғанда, әсіре-
се, шопандар қауымы абдырап-ақ қалған. Құздеуге бет
бұрып, жылдағыдай емес, кешеуілдеп, көші-қон шаруа-
сына енді ғана кіріскен тау бөктеріндегі шопандар сас-
пағанда, кім сассын?! Әйтеуір, абыр-сабыр науқанды
шақта әзер дегенде күн райының беті бері қарады-ау. Қазан
айының бүгінгі әлпеті, тіпті ғажап. Боз жусан-
ның иісі танауды жарады. Ауылға табаны тигеннен бері
ананың әжім сызғылаған маңдайы жазылып кеткендей.
Содан мінеки, бар болғаны екі шақырымға толар-толмас
қияс қара жолда машинадан әдейі түсті. Үйелмелі-сүй-
елмелі қос кішкентай қызының бірін жетектеп, бірін кө-
теріп, ол асығып келеді. Жұбайы Елеу жападан-жалғыз

қайбір жетісіп жүр дейсін. Энеуқуні кетерде қаршығадай қатыңқы жігіт ағасының қысыңқы көздерінің кәдімгідей-ақ боталап қалғанын сезімтал көнілі тез-ақ аңғарған. Жыландаі иретілген бишігімен жазған жерді ызалаған бір салып, теріс бұрылып жүре беріп еді-ау...

— Апа... апа! Шен мені тыңдамайсың ғой,— деді Күлімханның ойын бөлген үлкені Фани бұртынып.

— Не дейсін, көкем? Айта ғой, айта ғой.

— Мен енді қалаға балмаймын. Шол, балмаймын деген шон, балмаймын. Папама көмектесемін.

— Неге бармайсың, күнім-ау? Қала жақсы емес пе? Балмұздақ жейсін, паркке баrasың,— деді анасы күліп.

— Шені доғдига жатқызып қойса, біз қалып қоямыз ғой. Егел доғди тағы іздел келсе, шені қойдың аясына жасиып қоямыз. Иә, ма, апа! Иә, деші.

— Макұл, макұл, құлымын менің!— дейді ол емірепе үн қатып.

Қаршадай қызының айтып отырғанын қарай гөр. Энеуқуні ғой, әп-сөтте ауа райы шарт бұзылды да, алдымен себелеп жаңбыр жаусын. Қөшейін деп буынып-түйініп отырған бұлар әбіржіп те қалған. Ол аздай-ақ, таңсәріде тұрғанда, айналаны тобықтан келген ақша қар басыпты. Тау жақтан ызғарлы жел еседі. Сол күні жапалақ-жапалақ қар зауал ауғанша тыным тапсайышы. «Әне-міне, машина келеді» деп, тосып отырған Күлімхан дағдарды. Өзі болса, бір сәрі. Мына кішкентай екі қызын қайтпек? Алайда, анау-мынау жүгін жинастырған болды. Бір уақ қар күреді. Құндеғідей емес, ызғар беті қайтса керек, жауған қар еріп жатыр.

Ақшам жамырай денесі әлденеге дел-сал болып, ауыр тартқанын сезді. Басы ауыра бастады. Басының ішінде мың-сан құмырықсалар шағып жатқандай, дегбірін кетірді. Не істеу керек? Ай дала. Ал уақыт өткен сағын ана әлсірей бергенін өзі де сезді. Қан қысымы көтеріліп жатыр. Түн жамылып Елеу атқа қонды. Саржелген күйі ол тіке ауылға тартқан.

Шіркін, ана көнілі-ай! Аурумен жанталасып жатып өзі емес, он бір перзентін ойлаған. «Ойпыр-ау, дүниеден көшіп жүре берсем, олардың жағдайы не болар екен?» Ана махаббатының шексіздігі де сол. Ешқайсысын бөле-жармайтын. Әйтеуір, солар ренжімese дейтін. Колында қалған үш-төрт жаманы болмаса, барлығы да өз күнін көретіндей халге жетті ғой. Бәрінің де бетін қайтарған жоқ. Қызығы сол, әрқайсысы әрқылы мамандықты ен-

шіледі. Үй болып, түтін түтетіп отырғандары да бар. Немере де сүйіп үлгірді. Сонда да Құлімхан соларды ойлаң, аландайтынын қайтерсін.

Тұн үйкесіз өтті. «Дәрі-дәрмектеріңізді тастанап кетсөніздерші. Өткінші науқас қой менікі» дегенге қараған жоқ, таңсәріден екі кішкентай қызымен ауруханага алып кетті. Қас қылғанда, сонда барғаннан кейін кәдімгідей-ақ тәуір болып қалды. Тап мұнсыз қой бағылмайтындай-ақ аландай берді. Жападан-жалғыз жүрген жұбайы көз алдына елестеді. Тынымсыз көңілі ақыры дегенін істеген. Ол кезекші дәрігермен келісіп, ауылға тартқан да отырған.

Қайдагы?! Ертесінде салып ұрып бас дәрігердің өзі келді:— Немене, өмір сүргің келмей ме? Рұхсатсыз неге қашып кетесіз?

Құлімхан күмілжи берді. Тағы да аурухана. Қас қылғанда, қымыран іридінің кебі келді де. Бас дәрігер оны шақыртып алды да, астанаға жолдама жазып берді.

— Емделіңіз. Алдағы татар тіршілігіңізді ойлайсыз ба? Түсінбейтіндей бала емессіз фой,—деді ол сезінің артын нығырлап.

Ию-қио шуы мол қалаға үйренсеші. Үлкен қызы осында бухгалтер. Қайтсін, құрак ұшып жүгіріп жур. «Апа деймін. Өте білгір профессормен келісіп қайттым. Құлан таза жазылып қайтатын болдың» дейді ол қуана. Дәрігер «ертең кел, бүрсікүні кел» деп кәдімгідей-ақ, сандалтып қойды. Қызы жұмысқа кеткенде, ананың үйде айналдыратыны — үршық пен ой. Бір минут қарап отырғысы жоқ. Бөс болды ма, ауылға аңсары ауады. Тау. Тап-таза ая. Ақтылы қой жотаны бөктерлеп өріп бара жатады... Сағынса керек, кішкентай Фани да: «Ауылға қайтайықшы» деп қынқылдайды. Кішкентай қызы ойынан дөп түсті. Апыл-ғұптыл жүнін, үршығын дорбаға атып ұрып, Құлімхан жолға шықсын.

Сағ ауаны сіміре жұтады. «Кешке жұмыстан қызым келгенде, мұның орнын сипап қалады-ау, ә!»— Ана күлімсіреп қойды. Фани домалай жүгіріп барады. «Па-па-а!» Бұлар қалада жүргенде, жұбайы қоныс жаңартыпты. Қай уақытта үлгіріп жүргенін кім білсін, қараша үйді тігіп те қойған. Екі жасар Алмасын жерге түсіріп, жетектеп алды. Әлі де үйге дейін әудем жер. Тырбық боз жусанды бытырлата үзе ол рахаттана иіскейді. Күн әл-петінің де бұларға жақтасқаны да. Алтын-жалқыны кілкіген ару күн өрмелеп жүріп ұлы сәскені де болдырыпты.

Тау өңірі сияқты емес, бұл ара жалаңаш. Қөзге ілінер бұта жок. Осылай шопандар жазымен Сүйкөбе баурайын жайлап өтсе, бұл өңірді қыстау етеді. Орталықтан 200 шақырым шалғайды.

Мінеки, ак таяқты қолға алып, шопандықты кәсіп еткендеріне де жиырма жыл уақыт болыпты. Шүкір, сый-құрметсіз емес. Колхоздағы алдыңғы қатарлы шопандардың санатында. «Ардақты ана» жақында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды. Аға шопан деген аты болмаса, жұбайы екеуінің бұл ортақ табысы фой. Осылай өмірдің қызығын да, қындығын да осы өңірде қой соңында жүріп көріп келеді. Бәрі де бір сарынды тәрізді. Жазда жайлауға, қыста қыстауға көшесің. Қоңыл құлазытар егіз қозыдай үқас, күйбен-күйбен тірлікке толы күндер. Алма-кезек. Қаладағыларды ойлайды. Аптасына екі күн демалыс. Қалай ғана іштері жарылып кетпейді екен, ә? Жыл он екі ай демалыссыз жүресің. Үйреніп қалғандікі ме, осы кәсібінді тастағың келмейді.

Ананың бір жасал қалатын маусымы жадыраған жаз фой. Қаникулдан балалары келіп, мәре-сәре болып жатқаны сол. Әрқайсының мейірлене қарап, бір тойсайшы. Өзінше шаңырақ қөтеріп отырған Еріkbай қазір өздері сияқты шопан. Осы мезгілде оны отарымен қастарына алады. Балаларының сыңғыр күлкісі мен тастан-тасқа секіріп, ағып жатқан тентек бұлақтың сылқ-сылқ үндері үндесіп, төңіректі әсем сазға бөлейді. Әртісі де, киносы да осылар. Айжан мен Әлиясы өлең айтса, Бақыты мен Қаныбегі домбыраны алма-кезек тартып, құлағының құрышын қандырады...

— Апа, апа! — дейді үрейлене жүгіріп келе жатқан Фани. — Ана қаяшы. Қашқи, қашқи!

Қалт тұрып қалған Құлімхан алғашқыда өз көзіне өзі сенбеді. Мұнартып жатқан жампаз тәбелерді бетке ала жортып барады. Бұларды әлде байқамады, әлде алдында өзге қомақты олжа күтіп тұр ма, мойнын да бүрган жок.

— Корықпай-ақ қой. Қөрші ауылдың бүралқы иттепінің бірі де. Ойнай фой, көкем!

Қарақат көздері жәудіреген сәби бұған иланды. Ал ана көнілі алай-түлей, өзгеше бір күйге енген-ді. Аза бойы қаза тұрап қасқырлардың ұлыған дауыстары жаңағы бір сәтте жаңғыра құлағына келіп еді. Сол бір оқиға, сірә да, есінең кетпес...

Сол жылы қытымыр қыс қаһарына мініп алды. Онда да осы «Бассу» қыстауында отырған. Элиясы әлі мектепке бармаған. Қасында екі қызы ғана. Елеу совхоз орталығында өтетін партия жиналышына кеткен-ді. Бәрі де баз қалпында: Элия мен Ганиды тас-түйін киіндіріп қойды. Өзі көк атты шанаға жегіп, отарға шөп тасыды. Қар қалың. Отар осылай тек жемшөпке қарап қалған. Шынылтыр аяз. Аспан ақшандақ. Баяу ғана ызғарлы жел еседі. Алгашқыда бойы тоқазығандай еді. Алқым-жұлқым қимылдан кейін ыстықтап кетті. Курекпен алдымен қар басып қалған шөпті аршыды. Сонан соң айырды әбден басылып қалған шөпке олай да, бұлай да салды. Бытысып қалған шөп онайлықпен алынбай, Құлімханды әбден ығыр қылды. Ағыл-тегіл аққан терін сүрте-мұрте қыздарына қарап қояды. Екеуі де шашылған шөпті жинап, көмектескен болады. «Құлыштарымай» дейді күбірлеп ана жүргегі елжірей.

Тұс ауа табиғат кәріне мінді. Азынай соққан ызырық желдің арты аққүйрық боранға ұласты. Дес бергенде, әйтеуір отарға біршама шөп тасып үлгерген-ді. Екпіні де адам жығардай боранмен алысып жүріп, үйге отын кіргізді. Ана даладағы отарға аландаі берді. Үйден шығайын десе, кос қызы көздері жәутендең бірге шықпақшы. Боран тұнімен толас таппады. Қішкентайлары үйқыда. Құлімхан тұнімен көз ілген жок. Тұнімен үй мен отарды қасқырлар торуылдады. Тұнімен отардың о шеті мен бұ шеті сан рет дүркірей үріккен. Мұндай қиналмас. Мазасыз тұн қойнауын селт еткізе гүрсілдете жиі-жиі мылтық атады. Кораның екі жағына іліп қойған қос аспалы шамның бірін боран «жұтқан» да қойған. Қиянқылығын қарай ғөр! Қасқырлардың ұлыған дауысы құлақ тұндырардай. Айнала жылт-жылт. Мыңсан қасқырлар қазір тап беретіндей көрінді. Тағы да осынау алқара түннің тыныштығын мылтық дауысы бұзды, тағы да лап еткен жалын қара тұнді бір жалап үлгіреді. Сәлден соң ана сүріне-қабына үйге, қыздарына асығады.

Бірте-бірте жарығын себезгілетіп таң да атты. Құтырған боран басылсашы. Әдетте, таң атысымен кейін шегініп, жым-жылас жоғалатын қасқырлардың ұлыған дауысы да сенбеді. Қорада аш қойлар маңырап, әбден зықысын шығарған. Қыздарын үйге қамады да, амалсыздан шанамен шөп тасыды. Жалғыз адамға қайбір өнеді дейсін. Түске дейін уш-ақ қатынады. Ашығып тұрған

отар әп-сэтте-ақ жалмап жатыр. Сол екі ортада ол тағы да үйге асығады.

Тұс ауғанда Құлімхан әбден шаршаған-ды. Жұбайы Елеудің жуық арада келе қоймағанына назаланған ана еріксіз көз жасына ерік берді. Осында қын сәтте қыр астынан трактор гүрлі естілгенде, ол балаша қуанды. Бәрінен де мектептегі балалары, тіпті астанада оқып жатқан Фалиясы мен Ерланы қоса келгенде, күйеуіне деген өкпесін ұмытып, құлімдей берген...

— Папам келді, папам!

Апыл-тапыл басып келе жатқан Алмасы да «папалап» ұмтылып қояды. Көз ұшындағы төбені бөктерлей салт атты бұларға қарай далактап шауып келеді. Құлағында ызыцдаپ келе жатқан қасқырлардың ырылдаған даусы да сап басылды. АナンЫҢ қонырқай жүзіне құлқі үйірілген. Неге екенін өзі де білмейді, он бір ұл-қызы алма-кезек көз алдында елестеп өткен. Он бір жүректің дүрсілі ана құлағына қазіргі сәтте айна-қатесіз естіліп түрғандай. Еңбекте озат «Ардақты анаға» олардың амандығынан артық бақыт керек те емес еді...

* * *

«Айналайын, адамдар!» Осы бір сөздерді қай жерден оқыды еken. Әлде өз жүргегінің дүрсілі ме? Адамзат тарихымен салыстырғанда, бір адамның ғұмыры тым қысқа ма деп қаласың. Қып-қысқа ғұмыр... Эрі барсаң жүз жасарсын. Сонда да мынау гүл жайнаған бейбіт өмірді, талай рет сүрінгенде демеген адамдарды қимайсын. «Адамның күні — адаммен» дейді ғой. Құлімхан осы өмірінде адамдардан көп жақсылық көрді, жақсылардан үйренді. Рас, өмірдің күңгейімен бірге көлеңкесі де бар. Ондайды бастан кешкенде, еріксіз ренжіп, бірнеше жылға қартайып кеткендей боласың. Десе де, жамандық болмаса, жақсылықтың дәмін сезінбейсін. Өмір күреске толы. Қүресте жеңе білсең ғана адамсың.

Өмір демекші, өткен жылдан бермен Құлімхан басында ерекше бетбұрыс болды. Ол — құрметті демалысқа шықты. Құнделікті тіршілікпен қабаттасып жүріп, жылдардың қалай өткенін де сезінбей қалады екенсің-ау. Бәрінен де он бір баланы өсіру оңай дейсің бе? АナンЫҢ бір байқағаны, баланың кішкентай кезінен гөрі ер жеткен, бойжеткен кезінде тәрбиелеу қын екен. Расында да, бала жас кезінде өз қолында болады. Не болса да,

өз көзіңмен көресің, өз иғыңмен көтересің. Бала өскен соң қолда тұрмайды, алысқа ұшқысы келеді. Алыста жүрген соң, олар туралы ой үнемі көңілінде маздап тұрады. Ананың мұндайда көңілге демеу берері хат пен хабар. Біреуінен хат келсе, қайта-қайта оқып, көңілінің алаулаған сағынышын басады. Хабар келсе, демеу көреді. Алда-жалда өздері келе қалғандагы ананың қуанғанын көрсөніз. Ауылдастары айтатын: «Күлімхан бақытты ғой. Балаларының бәрі оқыған, бәрі еңбекқор, бәрі тәрбиелі. Одан артық бақыттың керегі не?»

Бұл сөздер айтуға ғана оңай. Ананың бір тілегі бар: «Балаларының барлығы көз алдында жүрсе ғой, шіркін. Бір қызығы ұлдың ересегі Ерікбай қол созым жерде ғана тұрады. Екі баланың әкесі. Колхоздың білдей озат жылқышыларының бірі. Сонда да бір күн көрмесе, сағынып қалады. Зайыбы Елеу ашу шақыратын: «Немене, бір күн бармасаң, тамақ батпай ма? Ең болмаса, араға бір күн салсаң қайтеді. Бала емес, ауылдың үп-үлкен азаматы. Бақтым, қақтым. Енді олар маған көмектессін, бізді бақсын...» Күлімхан не десін, күледі де қояды.

Тіршілік... Эне-міне дегенше алпысты алқымдап қалыпты. Колхоз абзал ананы құрметті демалысқа шығарып салды. Бірақ өмір бойы еңбек етіп үйренген адам үйде отыра алмайды екен. Қызық болғанда, жиырма жылдан астам баққан отарын өткізген соң, ал ойлансын. Шүкір, балалар өсті, кішкентайлары әлі де қолда. Елеу ауылда, анау-мынау жұмыс істесе де, көштен қалмас. Ол айтты: «Жоқ! Ауылдағы жұмысқа көндіге алмаймын. Ең болмаса, бір отар тоқты алайық. Саулықтан гөрі оңайырақ қой». Бір байламға келе алмай, екеуі ертеңіне қосарланып кеңсеге келді.

Колхоз председателі бұларды көргенде таңданып қалды. Мән-жайға қанғаннан соң, еріксіз жыниған. Соңан соң ол көңілге қонар уәж айтқанда, ерлі-зайыпты екеуі қосарлана қуанды.

— Неге қолдан келмесін. Балаларымыз бар көмектесетін, өзіміз де тұғырдан түсіп отырған жоқпыш. Елеу әү бастан жылқы дегенде, ішкен асын жерге қояды. Қелістік,— деді Күлімхан кесімді сөзін айттып. Елеу де бұл сөзін құптады. Мінеки, сонымен Елеуі екеуі жылқышы болып шыға келді.

Одан бері арада жыл өтті. Жатырқаған бұлар жоқ. Былтыр ауыл адамдары Күлімханның тіл үйірер қымызының дәмін татқанда, таңдай қақты, жоспар да асыра

орындалды. Биылғы қыс та көнілдегідей сырғып өтті. Наурыз айында Жамбылда жұмыс істейтін төртінші баласы Ерғали демалысқа келіп кетті. Жалғыз өзі келмей, қара шаңыраққа келін әкеліп түсірді. Тоқсан алтыға келген қайын атасы Әбу де, қайын енесі де бұлардың қолында-тұғын. Адам қартайған соң бала болып кете ме, Әбу атасы тойда билеп жүртты күлкіге батырды. Балаларының ойдағысы мен қырдағысы түгел жиналып үй-іші мәре-сәре салтанатқа бөленигенде, Құлімханның куанышында шек жоқ еді. Келіндерімен қабаттасып зыр жүгірді. Улken семьяға тағы бір адам қосылып, тойтойға ұласып жатса... Ана өзінің жасарып кеткенін сезінді. Он бір баласының әрқайсысын күніне мың айналады, әрқайсысына қарай бергісі келеді.

Сәуір айы... Ақ боз атқа мінген ак самайлы ана қожыр-қожыр алып таудың етегіндегі жалғыз аяқ жолмен жортып барады. Бағыты — жайлай. Сылдырай акқан тау бұлағы аңғарды жанғырықтырып, асығып агады. Құлімхан осы өңірде дүниеге келді. Соナン соң... соナン соң... Ой деген таусылмайды екен: Елеу екеуі бақытты рой, бақытты. Артына ерген қарапары бар. Солар аман болсын. Ана күбірлеп барады: «Айналайын, айналайын...» Осы бір жүректен жарып шығып, тебіреніспен айтылған сөз әлденеше мэрте қайталанған болар...

Астаналық облыстың партияның XVIII съезі атындағы колхоздың қарт еңбеккери, «Ардақты ана» Құлімханың есімін бүкіл Жамбыл ауданы біледі.

Иә, бұдан артық мерей болмас, сірә!

Нұрлытай Үркімбаева

АНАНЫҚ АСЫЛ АРМАНЫ

Біз Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Бірлік селосының Абай атындағы көшесін бойлап жүріп келе міз. Сап түзеген биік те еңселі үйлер, жарқын жұздер... Эне, анабір маңында бұлдіршіндер құлдыраңдай шапқылап, мәз-мәйрам ойнап жүрген аула — сол біз бет алған үй.

Мектептен келісімен үй тіршілігіне қолқабыс тигізуғе ұмтылған балаларда тыным жоқ. Ертең — жексенбі. Қелетін біраз қонақтар бар. Сондықтан дастарқан дайындығына осы бастан кірісе беруді тапсырған еді Ырысты жеңгей.

Жексенбі де келді. Балабақша мен мектепке баратаңдарының бәрі де үйде, сондықтан бұл отау бүгін кіші-гірім «базар» іспеттес. Сәбилердің былдырлаған бал тілдері мен күміс күлкілері үлкен үйді бақыт пен нұрга толтырып тұрғандай.

Балалардың үлкені Жәзира анасының кенесімен қазанға ет салып, ал Нағима мен Дина түрлі-түрлі тіл үйірер тәтті печенъелер мен торттар пісіруге кіріскен еді. Ырысты жеңгейдің қолынан шығып жатқан сары бауырсақтар да тұс ауа берекелі үйдің кең дастарқанынан орын алған болатын.

Ауыл үстін жұмсақ түн түмшалай бастаған сәтте жиналған қонақтар жадыраңқы көңілмен төрге оза бастады.

— Бәрекелде, осы Сарыбаевтардың колы шебер. Дастанқанды құлпыртып тұрған солардың өнері емес пе? Эйтпесе, осынша тағамды Ырысты келініміз жалғыз өзі пісіріп үлгірер ме еді? — дейді сүйсінгенін жасырмай

айткан Зейтана апай. — Мектепте оқитындарының бәрі бастауыш кластарда менен дәріс алған шәкірттерім. Мен үнемі ойға қаламын: үйлерінде осыншама қыруар жұмыс істеп, кішкентай сіzlілеріне қарайтын қыздар қалайша сабакта да жақсы үлгіріммен көзге түседі, әрі бәрі дерлік қоғамдық жұмыстарға қатысады. Сонда осының бәріне бұлар уақытты қайдан табады? Кейбір ата-аналар балаларына түк істетпей, «Айналайы», бізге берген көмегің сол болсын, әйтеур, сабағыңды жақсы оқыши» десе де окуын жарытпай жүреді. Шын мәнінде де осы Сарыбаевтар семьясына қарап-ақ сөз болып отырған түйінді мәселені дәл шешкендей боласың. Баланың жақсы тәрбиеленіп, саналы қалыптасуына тиімді әсер ететін де еңбек.

— Оныңыз рас,— деп сөзге араласты Әлиман апай, мен Ырыстылармен бірнеше жылдан бері көрші болып келемін. Атасы мен әжелерінің де көзін көргенбіз. Жақсы тәрбиенің түп-тамыры сол кісілерде жатса керек. Аталары Сарыбай Жылқыбаев та, әжелері Тұрайым Таубалдиева да аса еңбеккор, біреудің «ала жібін аттамаған» біртоға, момын жандар еді.

Сарыбай атай көбінесе немерелерінің кішкентайлығына қарамастан, шүпірлетіп жаңына отырғызып қойып, оларға домбырамен ән салып беретін, белді ақындардың жырын оқытын.

— Шал-ау, бұлар әлі кішкентай емес пе, жыр түсінетін халге жете қойған жоқ қой. Неменеге әуре қылып отырсың, жібер одан да ойнасын,— дейтін сонда әжелері.

— О несі ей, тәйірі, жыр түсінбейді деген не сөз ол. Сөзін үқпаса да, жақсы жырдың ырғақ әуені, әсем мақамы, сырға толы үйқастары қалсын зерделерінде, құлақтарына сіңісті бола берсін де. Балғын кезінде берген тәрбие тасқа басқан жазудай. Ол мәңгілік қалады,— деуші еді сонда жарықтық.

Кейінірек дерт мендеп, төсек тартып жатқан шағында да Сарыбай атай Абай жырларын жатқа оқып отырушы еді оларға. «Апыр-ай, қандай сырлы ақын, пай-пай, қандай сұлу дүние десейші!»— деп бас шайқаған атасына қарап кішкентай Жазира таңданушы еді. Сондағысы қарияның ізгі ниет, сол ізгі ниеттен туған жақсы тілек екен фой. Немерелерім зерделі, жыр ұғатын, өнер сүйер жеткіншек болса деген інкәр арман екен де.

Баласы мен келіні қызметте жүрген кезде күнұзаққа немерелері жаңында қалатын қариялар тәрбие мәселелерінде де көзге түседі.

сіне келгенде, бірі «баланы жастан» дегендей, немерелерін үй тірлігіне там-тұмдап тартып, шаруа жайын үйреткісі келсе, екіншісі — олардың әлі буындарының бекі қоймағанын дәлелге алып, немерелерін үй тірлігіне емес, осы бастан өнер өріне тарта беру керектігін айтып, екеуі «қызылкеңірдек» болысып жататын. Ал түптеп келгенде, қос қарияның да ойлайтыны немерелерінің саналы азamat, еңбекқор, өнерпаз, асылдың қадірін білер санаткер бол қалыптасуы болатын.

Жарықтық әжелері ақкөңіл кісі еді. Тіпті, қыздықыздымен өздерінің жалынды жастық шақтарын мактанашипен еске алушы еді. «Жас кезімізде шаршау дегенді білмеуші едік. Бір өзімізде «тау қопаратын» арын болатын. «Жас кезде берген бейнет — қартайғанда зейнет» деген осы да» деуші еді. Қазір ойлап қарасам, соның бәрі балаларына, немерелеріне жасаған құлаққағысы екен де!

Сол асыл әжесінің немерелеріне «Қарақтарым-ау, көмектескендерің, жұмыс істегендерің өздеріне жақсығой» деп әрбір үй шаруасының қыры мен сырын жете үғындыруға тырысатынын көруші едік. «Ата көрген — оқ жонар, ана көрген — тон пішер» деген осы да...

Кеш бойы қонақтардың осы отауға деген ыстық ықыластары, жақсы ниеттері бір толастаған жоқ. Ауыл адамдарының қазақтың даласындаі кеңпейіл көңілдеріне тән аса бір қызықты отырыс, думанды кеш қызып жатты. Сырға толы «Сырымбет» те, сағынышқа толы «Ауылым» да, назға толы «Мойынқұмда» әні де шырқалуда. Кеш бойы бір байқағанымыз, кейбір үйдің балаларындаі дастарқан жағалап қыңқылдап бір нәрсе сүрап, не шешелерінің мазасын алып, етегінен тартқан бір бала да байқалмады. Осыны байқаған төрде отырған Шайбай ағай:

— Оу, осы үйдің кішкентай артистері қайда жүр? Шақырындар бері, өнерлерін тамашалайық,— деді.

Көп кешікпей, әкпелерінің жетектеулерімен, ұяла басып қонақтар отырған төргі бөлмеге бала бақша жасындағы Айгүл мен Фалия кірді. Тәрбиешілері мен үлкен әкпелері үйреткен әндерін айтып, тақпақтарын оқып, ол екеуі отырғандарды мәз-мәйрам күйге түсірді. Екіден енді-енді асқан Айжан да олардан қалысар емес, өлең айтуға тілі келмесе де, Айгүлдерге қосылып билеп жургені. Осылайша балалар өздерінің сәбілдерге тән назқылықтарымен отырысқа өзгеше мазмұн, сән бергендей.

Ендігі жерде қонақтардың қолқа салуымен ән кезегі үй иесі Қамшыбек ағай мен Үрысты жеңгейге тиген еді. Қамшыбек ағай көп ойланбастан домбыраны қолына ала, жұбайының ең сүйіп айтатын әні «Ақсүңқарымға» салды. Жайшылықта ескеріле бермейтін, осындай тебіреністі сәтте ғана еркіндік алатын сыңғыр үн сезімнің сан түрлі пернелеріне қозғау салып, жаңынды үйіта түскендей. Аяулы жар, бакытты ана ерекше тебіреніс үстінде. Сон-а-ау балғын балдаурен сәттері қайта оралғандай, күйбең тірліктің жетегінде айтыла бермейтін, байқала коймайтын мөлдір сезімін дәл қазір әнмен жеткізердей, ерекше толғаныспен ән қайырмасын көтеріп әкетті.

— Батылдым, баяндым,
Дархан той, базарым,
Ақ көңіл, аяулы, Ақсүңқарым...

Қамшыбек ағай да тебіреніс күйде. Сонау бозбала шағында осы бір қоңыр домбыраны серік қылышы еді ол. Аса көп ән сала бермегенімен де, ол үнемі сырлы әуендерді шертіп, қос пернеден күміс күй төгілтуші еді. Қарындасты Сонакулмен бірге оқитын көрші қызы Үрыстының сондай сәттерде домбыра үнін үйіп тыңдайтынын көбіне аңғара бермеуші еді бұл. Баласынатын... Қызы баланың бойжетуі әп-сәтте-ақ емес пе? Бірер жылдар шамасында сұлуулана тараптың өсіп келе жатқан көрші қызы сымбатына қарап қайран қалған еді.

Сонан соң тілек қоса, білек қоса бірігіп шаңырақ көтерді. Екі-үш балаға дейін де Үрысты талай рет сахнадан төгілте ән салып, бірнеше рет аудандық, облыстық байқаулардың жүлделі орындарын иеленіп жүрді.

— Аяла гүлінді,
Ұмытпа үнімді.
Бір жырла жырымды, Ақсүңқарым...

Сол күні көңілді кештен қайтқан әрбір қонақ көкірегінде осы бір әуен шырқалып, тымық ауыл түнінде сонау алыс, мәңгілік әлеміне сініп жатқандай еді. Мәңгі тербел өтетін мәңгілік сезімдер-ай!

Дәл осы сәтте біздің оймызға Қамшыбек ағаның мана бір әзірде айтқан сыры оралды.

— Сөздің шынын айтқанда, осы шаңырақтың алтын діңгегі — жеңгелерің. Ал үйдегі он екі баланың бойынан кездесер жақсы әдеп, өнегелі тәрбие болса да — Үрыстының арқасы. Әрине, мен де кезі келгенде әкелік ақы-

лымды айтып, балалар тәрбиесіне араласып отырамын. Дегенмен, кей жағдайда үйде не болып, не қойып жатқаны да аңғара бермейтін кездерім бар. Бұл мүмкін өзімнің біртоға міnezімнен болар. Әлде женгелеріңе сенгендікі ме екен? Әрине, үй болған соң «қазан-аяқ сылдырамай тұрмайтыны» белгілі. Мұндай кезде женгелеріңің ашу жетегінде кетпей, асығыс шешімдерге бармай, үнемі сабыр сактап жүргені. Кейбір тікбақай құрбыларым мен келіндерімді көргенде, терең ойға қаламын, женгелеріңің қадір-қасиетін сонда жете түсінгендей боламын. Кейбір замандастар әйелдердей: «Ақшаны көп таппайсың, елден асып киініп, басқалармен жарыса дүние жинауым керек. Қаладан қалаға қыдырып, курорттарда демалғым келеді» деп, буынсыз жерге «пышақ салып», жағымсыз жайттарды жіпке тізіп, көніл қалдыраған емес. Соған қарағанда, семья бақтыы ең әуелі әйелге байланысты ғой деймін. Шүкіршілік, мен тағдырыма ризамын...

Дүйсенбі күні Жәзира мен Нұрлан жұмыстарына, қалғандары мектебі мен бала бақшасына кетті де, үйде әлі бірге толмаған Гүлфира мен екідегі Айжанның жаңында Ырысты жеңгей және түстен кейін оқитын, екінши класс окушысы Элия қалды. Әкпелері мектептен келгенше кішкене Элия дастарқанды реттеп, үй-ішін жиыстыруды. Содан соң сабак әзірлеуге кірісті. Дайындығы біткен кезде шығарған есебі мен жазған жазуларын мамасына көрсетіп алып, тиянақты әзірленген күйі мектепке кеткен еді.

Енді біз женгемізден сыр тарта бастадық:

— Қазіргі кейбір құрбыларымның көп баланы тәрбиелеп өсіру мүмкін емес, қын деуі — бекер сөз. Шынын айтқанда, алдыңғыларын тәрбиелесең, кейінгілері де солардың үлгісімен өседі екен. Былайша айтқанда, балалар бір-бірін тәрбиелейді. Марқұм Тұрайым енемде бала десе, ішкен асын жерге қоюшы еді. Тіпті, сол кісінің барында: «Балалар не болып жатыр?» деп мазасызданған емеспін. Әжелеріңің нұсқауымен қыздарым үй тірліктерін тындырымды істеп, жұмыстан шаршап келген кездерімде, алдынан жайдары шығып қарсы алушы еді. Қазір, міне әже орнында бас-көз боп өзім отырамын.

Балаларым айтқанымды екі еткен емес. Тек істің мәнін түсіндіріп айтсам болды, ары қарай өздері дөңгелетіп әкетеді. «Арпа ішінде бір бидай» демекші он бір

қыз, бір ұлым бар. Бірақ оны жалғыз ұл еken деп еркелетіп, көтермелеп жатқан біз жоқ, бәрімен бірдей көреміз. «Артықшылық, өктемшілдік сияқты жаман қасиетten балаларымның қай-қайсысы да аулақ болса еken» деп ойлап жүремін.

Балаларымызды кішкене кезден барды қадірлеуге, байлыққа құнықпауға қолымнан келгенше баулып келемін. Тәрбиеден болар, «кластас қыздар ананы алыпты, мынаны кіпті, мама, мен де кигім келеді» деп біреуі орынсыз мазалап көрген емес. Сонда да болса, мүмкіндігінше осылар жақсы киінсе еken, қатар құрбыла-рынан кем болмаса еken деумен, тіпті, өзім үшін көп нәрселерден бас тартамын. Барымды дастарқаныма салып, үйді берекелі ұсташа тырысамын. Соған қарағанда, тәрбиенің ең мықты буыны жеке үлгі-өнегеде болса керек.

Құдайға шүкір, қазір, міне, екі үлкен балам еңбекке араласты. Еңбекақыларына өздеріне арнап бір нәрсе әперейін десем, азар да безер болады. «Мама, өзіңізге жұмсақызышы. Біздің де еңбек жемісімізді қызықтаңызышы, бізді тәрбиелеп өсірем деп аз қыншылық көрген жоқсыз ғой» дейді. Міне, осы ниеттерінің өзі-ақ жетіп жатыр маған, жаным марқайып сала береді. Күйеуім совхозда жұмыс істейді, ал өзім болсам село ауруханасында асхананың аспазымын. Қөп балалы семьяға төленетін ақшалай көмек тағы бар. Қысқасы уыстап ақша ұстап, «Жоқ, жоқ, өмірі бізге жетпейді» дейтіндердің ауылышын емеспіз. Меніңше, семья берекесі, шанырақ дәүлеті ақшаның аз-көптігінде емес, соны қалай ұстай білуде сияқты. Себебі, семья үшін ең маңызды буын — кішкене «мемлекеттің» экономикасын дұрыс жургізе білу ғой. Олай болса, бұл мәселе әр семьяда әр түрлі тәсілдермен шешілуі мүмкін. Мен өз басым айлық алған күні шетінен шөкімдеп тасымай, қажет азық-тулікті мол етіп алып қоямын. Ал содан қалғанын қонақ құтуғе, ағайын-туғанмен алыс-беріс сияқты ата дәстүрімізді атқару үшін және балаларды киіндіруге жұмсаймын.

Ата дәстүрі демекші, бабаларымыздың өнегелі салт-дәстүрлерін кейінгі жас үрпактар бойына дұрыс дарыта, оларға түсіндіре білу, меніңше, әке-шешенің міндеті. «Мен ешнәрсені білмеймін және білгім де келмейді. Мен үшін салт-дәстүрдің бәрі бірдей ескілік»,— деп безеріп тұратын жастарды жаным сүймейді. Эрине, жағымсыз

әдептерден кез-келген көзі ашық азаматтың бойын аулақ ұстағаны дұрыс.

• Бірақ атамыз қазақтың қонақтың күту, алыс-жақын ағайындармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу сияқты асыл дәстүрлері бар емес пе? Неге соны білмеске, кейінгілерге білдірмеске. Мен мысалы, өсіп келе жатқан қыздарыма ең әуелі қазан ұстау сырларын үйретіп отырағын. «Жамбас кімге салынып, бас кімге тартылуы керек, құйрық-бауыр кімге арналады» деген сияқты жайларды олардың білгендері жөн. Эйтпесе, сәби мінездес қарияларды орашолақ әрекетіңмен өкпелетін алудың қыны емес. Былайша айтқанда, кіммен аралассаң да, ақ ниетіңмен, шын жүргіңмен сыйласуды, әлгі кішкентай «мемлекеттің» ішкі-сыртқы саясатын қалай жүргізуі бар хал-хадарымша ұғындыруға тырысамын. Себебі, бүгінгі шолжаң ұл — ертеңгі әке, бүгінгі ерке қызы — ертеңгі ана, бір семьяның берік тұтқасы. Эйтеуір, қалай болғанда да, балаларды мектеп қабырғасынан-ақ болашақ өмірге, семья тірегі бола білуге баулу керек сияқты. Менің ойымша бала біздің болашағымыз екенін әсте естен шығармаған дұрыс.

Иә, айтса айтқандай, мерекелі үйдің берекесі де өзіне сай екен. Мұндай көп балалы үйде тәрбиеленген жеткіншектің бойында колектив мұддесін дұрыс түсінетін, бауырмал, кең пейілді, іскер жан болып қалыптасу, дау жоқ, әке-шеше тәрбиесінің жемісі.

Ірысты жеңгейден кейінгі үй тірлігін үйымдастырушы тұнғыштары Жәзира екен. Нұрлан болса, жұмыстан келген соң сиырға шөп салу, суару, отын жару сияқты ауыр жұмыстарға кіріседі. Жаз бойы үй іргесіндегі жоңышқаны орып, жинаушы да Нұрлан. Сінлілеріне киім тігіп, шұлық, шәркей, бас киім току Нагиманың үлесінде. Бес бөлмелі үйді жинаушы Гүлзира да, ал дастарқан жайылған сайын ыдыс-аяқты тап-түйнектай етіп реттеуші — Дина мен Мәдина. Бесіктегі сіңлісіне қарау Дәмира мен Әлияның үлесінде. Бала бақшага баратындары да там-тұмадап еңбекке тартылып келеді. Біз ойға қалдық: «отыздарында да мұртты сәби бол әке-шеше мойнынан түспейтін соқталдай азаматтарға шынында да, айтар дауа жоқ екен-ау» деп.

Жәзира айтады:

— Қоктем шыға бәріміз бірігіп үй іргесіндегі бақшаны өндеуге кірісеміз.. Үй дастарқанына қажет овош пен жеміс-жидекті егіп, жаздай күтіп баптаң, күз

түсө қызығын көреміз. Білек түре кіріссек болғаны, банкі-банкі неше түрлі салаттар мен тұздалған помидор, қиярлар, тосаптар дайын бола қалады. Жыл сайын 200-ге тарта осындай банкіні жауып аламыз да, соның арқасында дастарқанымыз тарылып, қонақ келгенде тарығын көрген емесспіз.

Алғашқы жылдары Ырысты жеңешем (әжемнің бауырында өскендіктен мен осылай деп атایмын) тосап, салат жасау сырларын үйрететін бізге. Қазір өзіміз мецгеріп әкеттік. Дайын дүниені сатып алғанша, осылай тер төге енбек етіп, оның жемісін жеу ерекше мәнді болса керек. Қазір сінлілерім дәмді етіп тағам пісіріп, әсем ғып киім тоқығандар, ол кісі «Менен де асып кеттіңдер-ау», деп күліп қояды. Эрине, іштей мақтаныш сезімінде болады біз үшін.

Мен айтар едім: іске беріктік пен үәдеде тұра білуді әкемізден үйрендік деп...

Үй тірлігі біршама біткен кезде балалар бір кісідей үлкен бөлмеге жиналып алып, сабак әзірлей бастайды. Бірінің білмегенін екіншісі түсіндіріп, бір-біріне көмектесіп жатқандары. Мұндайда мектепке әлі бара қойманан төрт сәби басқаларына бөгет болмайық дегендей, аулада ойнап жүреді.

Әдеттегідей кешкі шай басында ұзатырақ сұхбаттасып отырған Қамшыбек ағай мен Ырысты жеңгей бүгін де екі іінінен дем алған сары самаурынды ортаға ала ұзақ сырласуда.

— «Кейінгіні көріп қартаярсың» дегендей, был, міне, байқап отырсам, сен баяғыда асып өткен қырықтың қырқасына мен де жетіп қалыптын. Саған елудің төбесі көрініп қалды-ау, шалым. Қосылғанымызға да жиырма жыл толыпты. Шүкіршілік етіп, ендігі жерде осы балалар жетілсе, елінің айтулы азаматтары болса, деген ниеттеп күн кешеміз гой. Ең бастысы аспанымыз ашық, бас аман болсын де,— деп ойын түйіндей түсті жеңгей.

— Шынында, зымырап бара жатқан бұл уақыт шіркінді қойсайшы. Құні кеше ғана сияқты еді, сенің омырауыца «Ардақты ана» орденін таққаның. Құні кеше сияқты еді осы Жәзира мен Нұрландардың әр қадамын қызықтап, тәй-тәй басқанына мәз болысқанымыз. Міне, енді олардан кейінгі Нагима да мектеп бітіргелі отыр. Енді тек осы балалардың қызығын көруді тілек етеміз де,— деп ағай да жарының сөзін қостай түсті.

Халқымызға тән кеңдік пен дархандықты, кіші-

пейілділік пен қарапайымдықты ту қып үстанған, бабаларымыздан мирас боп келе жатқан кішінің үлкендері сыйлауы, үлкеннің кішіге деген қамқорлығы сияқты жақсы қасиеттерді бойына сіздіріп өскен, татулығы жарасқан советтік тату-тәтті семья шын мәнісіндегі көңіл қуанышынды арттыра түскендей...

Хантауы жақтан тағы да самал жел есті. Саф ауа жан-дуниенде жадыратып, өне бойынды сергітіп өткендей. Бейне бір сылқым самалдың шашпауын көтере түскендей боп тал-терек біткен қоса ыргалуда.

Көне көздердің айтуынша осы «Қөктөрек» совхозы алғаш құрыла бастаған жылдары ауылдың орта тұсына қариялар қолымен қос терек отырғызылған екен. Ауылдың Қөктөрек атануы да соған байланысты болса керек.

Содан бері қос бәйтерек талай оқиғалардың күәгерлері боп келеді. Неше мәрте қар жамылып, мұз құрсаңып, олар талай рет аспаннан жауған ақ нұрға саусактарын созған. Талай көктемде бүршік атып, жаздың аптағының сезін панаған жандарға, сапарға шыққан жолаушыларға сая болған. Жасын ойнаған аспанға тәқаппарлығын паш ете қасқая қарап, талай рет таң алдындағы күміс күннің алғашқы шапақтарына өз сырларын ақтарған.

Бүгінде сол қос бәйтерек тамырларын тым теренге жайған күйі, саялы қойнынан талай сезім шуақтарын таратып, асқақ тұр.

Орынбай Оралбеков

ЖЕР МЕН АДАМ

Баршын мен Қорғалжының арасы жүздеген километр. Бұл Целиноград облысындағы ең табиғаты көркем, ғажайып өлке. Осынау даланың ғажабы сол — мидай жазыққа ойдым-ойдым көлдерді мөлдірете жайып салып, бар әсемдікті сыландыра қойған сияқты. Осы әсем табиғатты өлкенің тағы бір ерекшелігі — мұнда ерте көктем мен қоңыр күзге дейін Сарыарқа мен Бетбақты баса-көктеп, мындаған километрді артқа тастанап келетін ақбөкениң топ-тобымен мекен ететіні. Үлкенді-кішілі көл үстінде үйрек, қаз, тағы басқа да сирек кездесетін құстар ұшып-қонып жүреді. Төңірегіндегі мидай ашық даладан бір тұрактар жер таппай, бәрі де осы көлдерге жеткенше асығатын сияқты.

Табиғаты осындағы әсем, шүрайлы жердің бір шетін иектей Қорғалжын ауданының Аманкелді атындағы совхозы орналасқан. Мұнда атақты механизаторлар әуле-ті — Геллертер тұрады.

1.

Көктем шыға жауыннан көз аштырмайтын табиғат бұл жылы бұрынғы әдетінен жаңылғандай, көгілдір аспанды бұлт торласа да, сәлден соң өкпек жел айдал, ара-ара арасы сөгіліп, батысқа қарай жөңкіп бара жатады. Құн ыстық. Жер сарғайған. Нәр тамбағалы біраз болған. Ошақ басында күйбендең жүрген Марта Людвиговна тершіген мандайын асықпай сүртіп:

— Мына күн қайтеді-ай, жер-дүниені өртеп жіберер ме екен? — деп қояды.

Осы кезде біреу аулаға кірген. Эйел оны аңғармай

қалды. Келген адам «үң» деп сырттағы көлеңкедегі орындыққа отыра кеткенде ғана байқады — күйеуі Владимир Иванович еken. Өні күрөніп, шаршап келгеші байқалады. Оған жанарын тастанады да:

— Ал нең бар, әкел! — деді.

— Қазір, Владимир,— деп Марта Людвиговна дастарқан жайып, пісірген тамағын стол үстіне әкеле бастады.

Тамақ үстінде Владимир Иванович:

— Әлгі Наташадан хабар бар ма? — деп сұрады.

— Жаңа әзірде телефонмен сөйлесті. ВЛКСМ XVII съезі өз жұмысын кеше аяқтапты, бүгін самолетке отырмашы. Ертең кешке үйде болатынын айтты.

— Е, дұрыс болған еken,— деді шалы көңілденіп.— Егін салуды тезірек аяқтап, комбайндарды жөндеуге кірісу керек. Эйтпесе, мына күннің түрі жаман. Жер кеүіп барады. Апрым-ай, биыл қалай болар еken? Ауарай мұншалық қолайсыз болар ма?

— Бір Наташаға қарап қалған жұмыс бар ма? Бірер күн тынықсын. Жұр ғой басқалары да егін басында,— деп, «Ардакты ана» Марта Людвиговна кейістік білдірді.

— Кемпір, ол кейін дем ала жатар. Қазір егінші үшін

• әр минут қымбат. Басқалары Наташадай қайдан болсын, шалағайлық жасап алмай тұра ма? Олардың сындырған агрегатын жөндеп беріп үлгіре алмай жатырмын,— деп Владимир Иванович шынын айтты.

Шалы шеберханасына кеткен соң, Марта Людвиговна ойға қалды. Бұл үйдегі 11 баланың бәрі дерлік әкесінің жолын қуды — алтауы механизатор. Соның бәрі де ересек ұлы Эдуардтан басталды. Ол алдымен тракторды жүргізуін игерді, соナン соң машинаның да тілін білді. Ақырында институтқа түсіп, инженер-механик болып оралды. Қазір осында еңбек етеді. Содан кейінгі екі ұлы Роберт пен Эдик те, қызы Наташа да механизаторлықты қалап алды. Оларға іле-шала Елена, Владимир, Анна механизаторлық білім алды. Енді, міне, екі жылдан бері Геллертер звеносын Наташаның өзі басқарады. Бәрі де шетінен еңбекшіл, ынтымақты, бауырмал. Эсірессе, қызы Наташаның жөні бөлек. Осы жылдар ішінде облыстық Советтің депутаттығына екі рет сайланып, Паша Ангелина атындағы сыйлықтың лауреаты атанды, Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен, ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Алтын масақ», «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» белгісімен наградталды,

Қазақстан Коммунистік партиясының XIV съезіне делегат болып қатысты. Енді, міне, ВЛКСМ съезіне делегат болып барып отыр. «Апрым-ау, ертеңгі тойымға әзірлеңуім керек екен ғой. Барлығымыз бір бас қосып, дұылдасар шақ осы емес пе? Әрі келесі күнгі жұмыстың жайын да бәрі кең отырып ақылдасар» деп Марта Людвиговна ойдан серпіліп, орнынан шапшаң көтерілді.

«Шүкір, басқа балаларым да жаман емес, Наташамдай дүрілдеп тұрмаса да, жемісті еңбектері елеусіз қалып жатқан жок. Грамоталар, бағалы сыйлықтар алмағаны жок!» «Ардақты ана» погребке түсіп, қыс бойы жақсы сакталған тұздаулы қиярын, капустасын, помидорын шығарып, тойдың әзірлігіне кіріспе кетті.

Тұнделетіп жұмыстан ұл-қыздары оралды.

— Мама, Наташадан хабар бар ма? — деп, Елена мен Анна алдымен аласын төңіректеді.

— Эпкемізді сағынып қалдық. Онсыз ісіміз де өнбей жатқан сияқты. Жер де бізді бөтенсіді ме, қалай? Наташадай біз қайдан болайық! — деді Елена.

— Ол мұнша Москвада жатып алмаса, қайтеді? — деп Анна да сағынғанын сездірді.

— Съездің біткені кеше екен, ертең келіп қалармын деп телефон соқты,— деп аласы екі қызын емірене құшактады. — Оны біз де сағындық, қыздарым!

Бөлмеге жаңа кірген Роберт:

— Жаңағы сөзіңіз рас па? — деп сұрады.

— Рас, Роберт, сүйінші, әпкем ертең келеді! — деп Елена аласынан бұрын жауап берді.

Кешкі тамақтарын ішуге отырған ағайынды Геллертер өте көнілді еді. Бәрі де жұмыстан шаршап оралғаның ұмытқан. Жұздері жадыраңқы, сөздері жарқын-жарқын. Бір кезде үйге:

— Кеш жарық! — деп Қази кіріп келді.

— Ешкім арық, жолдас шеберхана менгерушісі, жоғары шық! — деді Эдик қазақ тілінде.

Орталарынан орын алған Қази:

— Наташаның съезден келетін кезі болды ғой, ә? — деп сұрады.

— Ертең кешке келіп қалар,— деді Елена.

— Жайша ма? — деді Роберт байсалды үнмен.

— Бір ақылдасатын шаруа бар еді,— деп Қази Бекішев жымын отыр.

— Соңғы кезде ағаларымыздан гөрі Наташада шаруацыз қөбейіп кетті ғой, оған не себеп болды екен, Ка-

зи? — деді Анна ашық-жарқын күле сөйлеп, шешесінде шынтағынан тұрткеніне мән бермеген күйі сөзін жалғап. — Бізге жездे болып жүрменіз!

Қази сасқан жоқ:

— Ой, Анна, сен осындай қызғаншақ па едің? Атағы жер жаратын әпкеңнің маңынан жұру де оңай емес қой,— деді күліп. — Жұмыс бабы ғой, әйтпесе...

— Оны уақытында көрерміз,— деп Анна жымыш, сөзін бөліп кетті.

Екеуі де бұдан әрі сөз жарыстыруды жөн көрмеді. Геллертер мұнда тың игеру жылдарында Қазалы қаласынан келген-ді. Бұл қала өзімен аттас теміржол станциясынан он екі километр қашықта орналасқан. Сырдария осы маңынан ағып өтетін. Апрель айында өзен жағасындағы тораңғы, жиде, изен, жыңғыл гүлдегендеге, төңіректі хош иіс аңқып, мұрынды қытықтайды. Онда өзінің осы үлкен балалары бауырмал қазактармен бірге ойнап, сабак оқып, бірге өскенін Марта Людвиговна мақтанышпен дәл қазір тағы да есіне алды. Содан ба, бәрі де шеттерінен қазақ тілін жетік біледі, тіпті, көбіне өзара да осы қазақ тілінде сөйлесіп жүргені. Қөшіп келген жылы мұнда да қазақтар арасына түскенде, олар өз бауырларын қарсы алғандай күтсе, бұлар да өз туystауына келгендей ыстық қауышып еді.

— Қази, тамақ алып отырсайшы,— деді ана қамқор үнмен.

— Рахмет пейіліцізге, Марта апай,— деп Қази әдеттегідей жайдары тіл қатты.

Келесі күнді бір үйлі жанмен бірге Қази да асыға тосқан еді...

Тұс ауа бергенде орталық көшеден шаң шықты, шан сейілгенде, келе жатқан жеңіл автомашина екені анық байқалды. Қызыл түсті «Жигули». Марта Людвиговна елеңдей орнынан көтерілді. Мынау партком секретарының машинасы болатын. Аудан жақтан келе жатыр. Наташасы да бірге келе жатпасын? Ол үйдің ауласынан шығып, күтіп тұрды. «Е, айналайын, Наташамды ала келген екен ғой» деп ананың жүрегі лұпіл қақты. Куаныш лұпілі. Жүзі шырайланып, езуіне күлкі үйірілді. Осы қызы Экономикалық Өзара Қемек Советіне мүше елдері механизаторларының Тулада өткен жер жырту жарысна үш рет қатысып, бір алтын, екі күміс медаль алыш оралғанда да, Целиноград қаласынан өз аты жазылған

«Кировеңті» «ноқталап» мініп келгенде де тап мұндай сабырсыздана тоспаған болар. Бұл Геллертер өмірінде гі ең үлкен оқиғаның бірі еді. ВЛКСМ XVII съезінің делегаты! Жас коммунист қыз үшін қалай қуанбады шешесі. Наташаның көз алдында өткен өмір жолын ой елегінен өткізіп болғанша, «Жигули» ақырын сырғып келіп, есік алдына тоқтай қалды.

— Мама! — деп Наташа есікті ашып түсе сала анасын құшақтай алды.

— Съезд қалай, Москва қалай? — деп Марта Людвиговна сұрап жатыр.

— Тамаша, мама, бәрі де ғажап! — деді Наташа көтеріңкі леппен.

— Ой, Марта Людвиговна, саламатсыз ба, балаларынызды көрсөніз, басқа жанды көзінізге де ілмейсіз — деп совхоз парткомының секретары Фабдолла Тайыпов та машинадан түсті.

— Ойбай-ау, қызыммен қауышып, есім шығып кетіп-ті ғой,— «Ардақты ана» шын қысылып қалды. — Үйге кіріңіз, Фабдолла, шай ішіп кетіңіз.

Сол жылдың алтын күзінде Наташа Геллерт «Союз-22» космос кораблінің командирі В. Быковский мен борт инженері В. Аксеневтен күттіқтау телеграмма алды, онда: «Егін орағында қол жеткен табысыңызben күттіқтаймыз. Мықты денсаулық, бақыт тілейміз!»— деген сөздер бар екен.

Владимир Иванович сонда әйелі Мартаға қарап:

— Аяу райы қолайсыз басталғанымен, жазға салым жауған көл-көсір жаңбыр қызымызды үятқа қалдырмай, уәде үдесінен шығарды-ау! — деді мұртынан жымып.

— Е, сен де айтады екенсің! Еңбексіз қай табыс өзін-өзі келіп еді, мандай терінді төкпей, қашан жер жомарт болып еді?! — деді «Ардақты ана» күйеуіне тойтаратыс беріп.

— Мен — жеңілдім, сен — жеңдің! — деді отағасы тағы да жымып.

2.

Наташа қысқа қидырған шашын көкшіл орамалымен таңып алды да, айнаға қарады. Көкшіл орамал көк комбинезонымен жарасымдылық тауып, ықшам да ашаң бойына қона кеткендей екен. Айнадан екі көзі мөлдіреп, қасы қап-қара, ақсары қыз қарап тұрды. «Сен, ертерек үйден шық, бүгін атқарар істер қаншама!» деп айнада-

ғы суретіне қарап күліп қойды. Осы кезде есік ашылып, анасының тұлғасы көрінді.

— Наташа, әлі кетпегенсің бе? — деді шешесі.

— Қазір шығамын,— деп есікке қарай жүре беріп, кілт тоқтады. — Мама, мен бүгін шеберханада боламын. Орақ таяуда басталады, сондықтан комбайндардың жөнделу сапасын тексеріп шығамын.

— Роберт пен Эдик сүдігер жыртып жүр ме? Бүгіннен бастап, жұмыс басында түстенетінін айтты.

— Иә, оларға алаң болмаңыз. Егін басында Анна мен Еленаға да жұмыс жеткілікті. Ақбөкендер қазып кеткен шаршылардағы ойдым-ойдым шұңқырларды тегістейді, оның өзі де аз жұмыс емес. Биыл ақбөкендер ерте оралдығой, солардың «ісі» бүл. Оқа емес, жеріміздің сәні — ақбөкендердің де тіршілігі керек бізге,— деді Наташа ойын байсалды қалыпта түйінде.

Марта Людвиговна оның бөліп-бөліп айтқан сөздерін мұқият тыңдалған алды да, қызының айна алдында біраз кідіру сырын жаңа ұққандай, жымың етті. «Е, бәсе! Шеберханаға барады екен ғой!» Шеберхана менгерушісі осы үйге үйір, Наташаның кластасы Қази Бекішев болатын. Бойдак. Қызының да ол десе, жаны бөлек. Ұлдары да Казимен дос, жолдас.

Бүгін ауа райы ашық, күн де онша ыстық емес-ті. Салқын жел бар. Алакеуімнен тұрып бар баласын жұмысына жөнелткен Марта Людвиговнаның көңілі жайлап, таңғы жанға жайлыш самалды кеуде кере жұтып, есік алдындағы орындыққа отырған еді. «Ұлдарым мен қыздарым жаман өсіп келе жатқан жок. Шүкір, бәрі де аяғынан тік тұрып кетті. Үлкен ұлым Эдуард болса, же-ке отау тікті, келінім де жаман адам емес. Ендігі бір ойының айналып соға беретін қазығы — осы Наташасы. Еңбегі жанып, Геллертердің атағын шығарды. Эне, беделді-беделді мәжілістерге, съездерге қатысып жүр, же-місті еңбегінің айғағы ретінде ордені мен медалі бар. Осы атак-данқына қызығып, көз салушылар болмасын, онда қызының бақыты жана ма! Е, үй болып, отау тігу оңай, жарасымдылық тауып кету қын. Жарасымды тұрмыс өмірінді гүлдетеді емес пе? Ал егер... Қой, ондай женіл шешімге келетін Наташа емес. Ақылы жетеді бұған!» деп ана енді күпті көңілін жұбата бастады. «Осынмын не өзі? Бір жағдай болса, Наташа ақылдаспай жүр-ме бізбен. Жоқ, ақылдасады. Сонша күйректенгеніме жол болсын». Марта Людвиговна орнынан көтерілді. Ары-

бері күйбеңдеп үй тірлігімен жүрді, бірақ ананың жаңа басталған ой толғанысы бітпеді. Қайта жалғаса берді. «Қази жақсы жігіт. Жаман атын естіген емеспін. Мінезі де жайлыш. Оның үстіне Наташамен бір мектепте оқыған, әбден сыралғы». Оның ағасы Габдолла Наташаның звеносында істейтін, сол есіне тусти. «Ағасы да бір мың болғыр жігіт, озат комбайншы. Робертім Габдоллаға ілесіп отырсаң «озаттар қатарынан қалмағаным» дейтін. «Былтыр он мың центнер астық бастырды» деп ол туралы Наташа да айтып отырғаны есінде еді. Роберт пен Эдиктің де көрсеткіші осы деңгейде болатын. Соны да есіне тустирді. «Был егін бітік шықты, міндеттемеден асып тусетін түріміз бар» дейді Роберт. Ал Наташада алдын-ала аптығу жоқ. «Алдымен міндеттемені орындау парызымыз. Одан асып жатсақ, тіпті тамаша!» дейді. «Е, бұлардың бәрі де сайдың тасындағы, бір өңкей тәуір жігіт-қыздар болды рой! Бәрі де Наташаның арқасы...»

Марта Людвиговнаны Наташаның кейінгі кездегі жүріс-тұрысы ойландыра берген еді. Тұрмысқа шыққалы жүргенін ана жүргегі сезеді. «Кімге?» Енді, тек осы сұраққа жауап алуғана қалған сияқты.

Ана жүргегі алдамапты. Көп ұзамай Қази Бекішев пен Наташаның үйлену тойы ауылда дүрілдеп өтті.

3.

Қази мен Наташаның отау тіккендеріне бір жылдай өткен. Бұлар ол кезде совхоздың ескі үйінде тұратын. Марта Людвиговна құнаралатып қызына соғып тұрады. Осы жерде құдағы Сақыш та табыла кетеді. Ол да үйінде байыз тауып отыра алмай, келінің айы-күні жеткенін ойлап, үй тіршілігіне септесуге келеді. Бұл жолы да ол Марта Людвиговнадан бұрын жеткен екен. Тершігендегі маңдайын сұртіп қойып, шай қамдал жүрген. Құдағының көріп:

— Марта құдағи, төрлет, жоғары шық,— деді жылы қабақпен.

— Е, Сақыш құдағи, сіз де осында екенсіз рой,— деп ол төрге озды.

— Наташа сенің қызың болса, маған келін, бірақ мен оны өз қызыымнан кем көрмеймін.

— Е, оған дау бар ма! — деп Марта Людвиговна да жылышырай білдірді.

Екеуі әнгімелесіп отырып, шай ішісті. Бір кезде бас-

қа бөлмеде тынысып жатқан Наташа кіріп келді. Өнің солғын, қабагы салыңғы. Ол:

— Ене, Қази телефон соққан жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ, Наташажан, жайша сұрадың ба? — Енесі қалбалақтап қалды.

Келінің қуқыл жүзіне қан тепті. Әлденені айтуға қысылатын сияқты. Соны анғара қойған Марта Людвиговна сөзге араласты:

— Қызым, толғатып тұрғаннан саумысың?

— Білмеймін, солай сияқты ма... — деп, қабагын сәл шытқан Наташа столға отыра кетті.

Енеде жан қалмады:

— Ойбай, дәрігер шақыртайық, — деп телефонға жүгірді.

— Ене, алдымен Қазиды шақырыңызы, — Наташаның үні ақырын шықты.

— Мақұл, айналайын, мақұл...

Сөйтіп, сол күні перзентханаға түсken Наташа келесі күні таңсәріде босанып, осы тұңғышы Жаңарқұлін дүниеге әкеліп еді. Тұңғыш бала бұл үйдің бақытын бақытқа ұластырғандай, Наташа мен Қазидың қуанышында шек жоқ болатын.

Арада екі жыл өткенде Наташа Геллерт Ленин орденімен наградталып, СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. Сол жылы бұл семьяға совхоз төрт бөлмелі кең де еңселі үй салып берді.

— Мама, — дейді Наташа Жаңарқұлін ойнатып отырып. — Бақыт дегеніңіз — еңбекте екен фой!

— Иә, — деді Марта Людвиговна. — Еңбек бар бақыттың бастауы фой.

4.

Республика өмірінде өткен жыл үлкен той жылы болды. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы атап өтілді, СССР-дің құрылғанына 60 жыл толды. Әсіресе, партиямыздың Азық-тұлік програмmasын қабылдаған май Пленумы — еліміздегі зор оқиға еді.

Пленумның Азық-тұлік програмmasын қабылдауда Геллертер үйінде де зор оқиға ретінде қабылданды. Осы кезде Марта Людвиговна Наташага қайта-қайта:

— Биыл фана емес, бидайдан жыл сайын тұракты мол өнім алуды партиямыз ауыл еңбеккерлерінің алдына басты міндет етіп қойып отыр екен. Осыны ұмытпаңдар, — деп ескерtedі.

— Рас айтасыз, мама,— дейді Роберт байсалды үнмен. — Біздің звено екі жылдан бері қатарынан астықтан екі жоспар беріп келеді. Мұның бәрі Наташаның еңбекті үйимдастыра білуінен, резерв көздерін тауып, әрі уақытты тиімді пайдалануынан. Партиямыздың Азық-түлік программасында алға қойып отырған міндеттерді орындауға біз де шама-шарқымыз келгенше үлес қосамыз.

— Роберт дұрыс айтады. Бірақ Наташаның қайнағасы Фабдолла Бекішев пен мына Аннаның күйеуі Сәрсен Жылқыбаевтың да бұл істе еңбектері елеулі болмақ. Өйткені екеуі де озаттарымыз рой,— дейді Эдик.

— Оларыңыз да дұрыс сөз. Бірақ ағамыз Владимир де, әпкем Еленаның да жаман еңбек етпейтінін айту керек,— дейді Анна күйеуі жайлы айтқанда, ақсары жүзіне қан тепкенін сездіргісі келмей.

Сол кезде Наташа түйінді сөзін бір-ақ айтты:

— Бауырларым, бәріннің сөздеріңің жаңы бар. Звениңізда артта қалушы бірде-бір адам жоқ. Бір кісідей жұмылғандықтан, табыс та мол, еңбек те өнімді. Үнтымағымыз жарасқандықтан осындаі биікке көтеріліп отырымыз. Мамамыз дұрыс айтады. КПСС Орталық Комитетінің 1982 жылғы май Пленумы Азық-түлік программасын қабылдады. Бұл — өміріміздегі зор оқиға. Еліміз астықтың түсімін молайтуды алға қойып отыр. Осы іске үлес қосу әр совет адамының борышы. Соған біз де өз үлесімізді қосамыз деп ойлаймын.

— Иә, жөн сөз! — деді басқалары.

Марта Людвиговна балаларына қарап сүйсініп отыр. «Айналайындар, еңбек десе жаңып түседі рой бәрі де. Мына Аннаның да күйеуі жап-жақсы бала өзі. Еңбекшіл, табанды, байсалды, сөзіне тұракты жан екен. Бұл қызым да сәтімен құтты орнына қонды рой!» деп толғанған ана журегі елжірейді.

... Таң алакеуімнен Геллертер егіс даласына қарай беттеп барады. Табиғаты әсем жердің жаңы сұлу, еңбекшіл адамдары егіс даласында еңбек жырын тағы да шерте бастады...

Болат Шубаев

ӨЗ ОШАҒЫҢНЫң ОТЫ ҮСТҮҮК

Шәми шешейдің шат-шадыман жүзінде ерекше бір толқу, тебірену, қуана қобалжу нышаны бар. Құле береді. Құле жүріп қалың түбіт орамалының бір үшін тартқылап, түзете береді. Сәл тұрып үйге кіреді, сәл отырып қайта тысқа шығады.

Бір уақ есік алдында қазан-ошақты қолдарына алып, лапылдатып от жағып, бауырсақ-тоқаш пісіріп, бас-сирақ үйтіп той қамына қызу кірісіп кеткен қыз-келіншек,abyсын-ағайындарының қасына келіп жөн айтпақ болады. Онда да жарытып еш нәрсе дей алмай, у-шудан сытылып қақпа алдына шығып сонау келін келер Марқа жаққа көз тігеді. Дабырласқан жастар бұл жерде де тыныштық бермей:

— Апа-ау, үйдегі шаруаға көз болсаңызышы, шаң көрінгенде өзіміз де хабар айтып, жетеміз ғой,— десе, енді бірі:

— Әлде, сүйіншіні қимай жүрсіз бе? — деп те әзілге басады.

Той, қуаныш үстінде бәрі де жарасымды емес пе, Шәми шешей оларға:

— Е, қарақтарым, сүйіншілеріңнің садағасы болайын. Қалағандарынды алындар. Сағатбекімнің қуанышынан немді аяйын,— деп риясыз құле жауап береді.

Үйге кірсе, ағайын-туыс,abyсын-женгелерінің ортасына түсіп, тағы да түс-түстан олардың әзіл-оспағының ортасында қалады.

— Үйбай-ау, келін түсіретіндей емес, өзің дәп бір қыз ұзататындағы-ак қобалжыдың ғой, Шәміш. О, несі... Қане, былай қонақ тауып отыр да, той қамынды көрсет бізге.

— Рас-ая. Қөрейік те...

— Қане, аш, әбдіренді.

— Е, бәсе, ел ортасында отырып, көрші совхоздың бір қызын қарсы ала алмаймыз деп қорқып отырсың ба? Әлде, қуаныштан есің шығып кетті ме? — деп кеү-кеулескен әйелдерге Шәми шешей не дерін білмей абдырап:

— Жок, а. Неден қорқайын. Бірақ он екі ұл-қызы есіріп отырып, құтты босағамнан аттар он үшінші баламның қандай боларын ойлап, қобалжимын да. Қандай ортада өскен жан екен? Қанша дегенмен, кісі баласы ғой, біздің ортамызда тез үйреніп кете ала ма? Соны ойлап қобалжимын. Эйтпесе, алғашқы келінімнен аянып қаларым жок,— дейді.

— Е, қайтсін-ай!..

— Ойланатын түгі де жок. Еменәлінің қызы болса, топты қараның ортасында өспегенімен, әке-шешесінің үлгісін көрген, тәрбиелі бала.

— Рас-ая, рас...

— Дегенмен, қайтсін, шеше байғұстың ойлайтыны әменде осы ғой. Келіннің аяғынан демекші, әйтеуір, сүттей үйыған бұрынғы татулық берекесі бұзылмаса, екен дейді де.

— Жөн ғой, жөн...

Бірі қолпаштап, бірі басу айтып жатқан әйелдердің әзіл-қалжың сөздеріне құлақ қоя отырып, Шәми шешейдің әйтеуір көңілі алабұртып, әр нәрсені бір ойлай береді. Іштей: «Қуанышым жалғаса берсе екен, құт берекем ортаймаса екен», деген ізгі тілеуді қайталайды. Әлі бір отауы шеттеп бөлінбеген ұлken шаңырағына бүгін келіп қосылар жас келінінің жақсы адам болуын, жарасым тауып кетуін қалап, іштей тілек тілейді.

Бір ғана өзі емес, барлық аналарға тән осы ізгі тілекten арыла алмай, бүгінгі қуанышына қоса алдағы қундеріне алаң болған жүрек қобалжуын жасыра алмай, Шәми шешей осылай мәре-сәре болады. Ел-жүрттың, баласының, тіпті, сырттай танып-біліп жүрген ағайын-туыстың айтуынша, тәрбиелі, инабатты бала сияқты. Сондықтан да, бір көруге асырып, мазасызданып отырганы. Эйтпесе, той қамына алаң болар жайы жок. Ел іші, шірікін, қандай салмақты болсын көтеріп, қуанышты бөліп әкетуге бар ғой...

Бірауық отағасы Тұрысбекті іздел, оның қараторы жүзіне барлай қарап еді, бір топ ақсақал-қарасақалдардың ортасында темекісін езуіне қыстырып, сабырлы, бей-

қам түрғандай көрінді. «Е, еркек ойланып, толғанатын-дай шаруа ма бұл? Үйдегісінен түздегісі көп оларға не уайым. Жақсылық, жамандыққа күйіп, алаң болатын баяғы ана байғұс та...»

Осылай ойласа да, орнықты отырған отағасын көріп, көңілі орнына түскендей болды.

— Эй, мана әбдіренді аш дедіндер ме, ал ашайын. Көріндер, қане,— деп көнілдене түпкі үйге беттеді.

— Э, бәсе...

— Қолы ашық Шәми едің ғой, шашылышы бүгін бір,— деп бір топ әйел дуылдай, оның сонына ерді...

* * *

Боран ауылында бүгін үлкен той. Осы шаруашылықтың ірге тасын қаласып, отыз жылдан астам оның ыстық-сұғына төзген, тек ауылдағы ғана емес, бүкіл аудандағы тұңғыш тракторшылардың бірі Тұрысбек ақсақал мен Шәми шешейдің үлкен ұлы Сағатбектің үйлену тойы. Бес ұл, жеті қызы тәрбиелеп өсіріп, ауылдастарының сый-құрметіне бөлөнген жандардың үйінде өтетін тұңғыш отау тойына жұрт әдеттегіден көп жиналған. Қоштап-қолдаушы ағайын-туыс, шаруашылық басшылары да ара-тұра келіп-кетіп: «Қалай, той қамы жақсы ма? Қөмек қажет болса, қысылмай айта беріңіздер?»— деп қол ұшын беруге әзірлігін білдіріседі. Келіп жатқан тарту-таралғы да аз емес. Қалай да көптен күтілген тойдың дүрілдеп өтері анық-ты.

Әйелдер түпкі үйде дабырласып, Шәми шешейдің дайындығын тексеріп жатқанда, сырттан «алақайлап», есіктен ентелей үйге ұмтылған бір топ баланың даусы естілді.

— Сүйінші, апа, сүйінші! Жаңаауыл жақтан шаң көрінді!

— Келе жатыр, келе жатыр!

— Алақай, сүйінші! Келін келеді, келін!..

Сүйінші сұраған бала-шағаның алақандарына қолға іліккенін ұстасып, әйелдер де дүрліге сыртқа ұмтылды.

Расында, тізбектелген қою шаң шұбатылып, ауыл шетіне ілігіп қалған екен. Сағатбектің жора-жолдастары, ауыл жастары үлкен қақланың алдын тосып, екі қатар тізбектеле тұра қалыпты. Екпіндей келіп, анадайға тоқтаған алдыңғы «Жигулидің» есігін айқара ашып, алдымен Сағатбекі көрінді. Әкесіндей салмақты, сабырлы

болғанымен, қара торы жүзі куреңітіп, қобалжып тұрғанын анық байқатқандай еді.

Колпаштап, қолтықтаған әйелдер Шәми шешейді де сыртқа жетелеп, ак шілтер жібек жамылып, ұлының қолтығында имене басып келе жатқан келініне жақындасты. Орта бойлы, талдырмаш, имек қас, аққұба қызы ордендермен, медальдармен жарқырап, алдында тұрған болашақ енесіне ізетпен оң тізесін иіп сәлем берді.

— О, айналайын! Қадамыңа нұр жаусын, қарағым! — деп Шәми шешей келінің бетін жапқан жеңіл жібекті көтеріп, маңдайынан иіскеді. Онсыз да қысылып тұрған аққұба қыздың екі бетіне қан жүгіріп, имене төмен қарай берген еді.

Одан әрі думанды той қызығы басталып жүре берді. «Жар-жар» айтылып, ән-күй үні шағын ауылдың аспаңында тұн ортасына дейін қалықтап, алысқа естіліп жатты. Бір ауылдың асыға күткен, ак тілек жауған айтулы тойы осындаі көңілді думанмен, көптің есінде қалатындаі қызықты өткен еді.

Той тарқап, думан басылған бір таңертеңгілікте, байырғы әдептерінше елең-алаңдан тұрып, үй шаруасына араласатын, ертеңгісін өріп жұмыстарына, оқуларына кететін бала-шағасының шайын қамдауға кірісетін Шәми шешей көрші бөлмеден қоса тұрған келіні Күлиманды көріп:

— Ойбай-ау, жата бер, қарағым. Ертеңгісін бәрін қамдап, жай-жайларына жөнелту — қашанғы міндетім. Сен үйқынды бөлме, жарығым,— деп қорғалақтай беріп еді:

— Ене, апам бізді де ерте тұрып, шаруа қамдауға үйреткен. Қайта, сіз тынығып, ендігі шаруаны маған беріңіз. Сағатбектің де өтініші осы,— деп күлімдеген келіні өзімсіне қазан-ошаққа араласып кетті...

Аспалы сағат таңғы алтының қонырауын соқты. Іле кішкене радиокабылдағыштан Совет Одағының гимні шалқый жөнелді. Кешікпей самаурын ызыңдады. Сырттән сүт толы шелегін көтеріп Шәми шешей оралды. Төрғі үйден төсектен бірер күннен бері құяңы қозғалып, белі сіресіп қалған қайынатасы Тұрысбек тұра бастады.

Сәлден соң, үлкен шаңырактың үлкен-кішісі түгел оянып, әрқайсысы өз қарекет-ісіне кірісіп кеткен.

Алдымен, алыс қырдағы егіс даласына сүдігер жыртуға кететін Сағатбек пен Зәуреш тыстағы тракторларын ғүрілдетіп, дайын тұрған дастарқаннан асығыс шай ішіп,

аттанып кетті. Одан соң, орта мектептің жоғары кластарына баратын Мұрат, Сәуле, Серік пен Болат тұрып, төсек-орындарын жинап олар да үйден шықты. Төмөнгі кластарда оқытын Алма, Қарлығаш, Айнұр да үйкесінде еріншектей орындарынан тұргандарымен, үлкен тәтелерінің «бол-болынан» кейін еріксіз кекіл-шаштарын түзеп, сөмкелеріне бауырсақ-тоқаш салып алдып, сабағына аттанды. Манадан бері әрқайсынына бір жүгіріп «әйтбүйтпен» байыз таппаған Шәми шешей, бірінші класқа биыл барып жүрген сүт-кенжесі Айнұрды аулаға дейін шығарып сап, шалының қасына келіп шәйға отырған.

— Міне, балам, «балалы үй — базар» деген осы. Әр қайсының алдына шығып, артына түсіп тұрмасам, тамағымнан ас өтер ме? Ана болған соң осы, қарағым. Әйттеуір, бергеніне шүкір! Ал, енді шайынды қүй, шырағым...

Келін боп түскеніне бір жеті өтпесе де, балалы үйдің әдетімен шүпірлекен қайынсіzlі, қайыннілерінің тілін тауып, көңілдерінен шығып, шүйіркелесіп кеткен Құлиман күнде көріп жүрген мына опыр-топырға көзі үйрене қоймағанымен, ерекше бір татулық, сыйластықты көріп, көңілі орнықсан сияқты. Бір үйде сонша бала жүріп, бірде-біреуінің артық үні, жөнсіз қылышы байқалмайды. Тіпті, мына төрт бөлмелі үйдің бар шаруасы да осы топ баладан артылмайтын сияқты. Осылай бәрі таңтеренмен топырлай сыртқа аттанса, кешкісін қайта жиналып, күн бойы көрген-білгендерін айтып, ерекше бір көңілділік орнайды. Әсіресе, кіші қайынсіzlілері мен інілері мұны жағалап, «тәте-тәтелеп» маңайынан шықпайды-ақ. Соның өзі бір қызық сияқты.

Шәми шешей болса, олардың бірде-біреуіне дауыс көтеріп, қабақ шытпай, қас-қабағымен жұмсал отырғаны. Жас келінге осының бәрі таңсық та, құпия. «Қалай тәрбиеледіңіз, қайтіп өсірдіңіз?» деп сүрай қоюдың тағы реті жоқ. Өзі іштей «Берекесі балдай үйыған, татутәтті шаңырактан бақыт тауып, жарасып кетсем» деп тілейді...

Қаймақ қатқан күрең шайды құмартада ұрттап, Шәми шешей де келінінің ішкі ойын оқып-тоқып отырғандай, оның инабатты аққұба жүзіне, ізетті де сүйкімді отырысына қарап: «Е, жаратқан, ұзағынан сүйіндіре көр!» деп шүкірлік етеді. Сөйтеді де, көз алдына өзінің осыдан отыз-қырық жыл бұрынғы дәл осындай, тіпті, бұдан да жас кездерін елестетеді...

Өрімдей он алты жасар отау иесі атанған сол бір тұста бұл өстіп, дәл бүгінгідей он екі ұл-қыздың анасы атанағын деп, мұлдем ойлаған жоқ еді. Шүкір, ортасы тоғып, ошағы кеңіді. Ешкімнен кем болған жоқ. Үкіметтің жасап отырган қамқорлығы да ұшан-теңіз. Балалары да жетіліп, ұлның алды, міне, үй болып, отау құрып отыр. Жетілді деген осы емей, немене! Тек, бұлар біз көрген ауыртпалықты көрмесін де... Бүгінде арқа кеңіп, арттағы жетілген соң, бар қындық бір күнгідей болмай, ұмытылды. Әйтпесе, бәрі де етек-женді сүйрете жүріп, бастаң кешкен өмір жолдары емес пе?..

Ұлы Отан соғысының зардабын, оның салған жарагаларын қайта қалпына келтірісіп, Урал заводтарында біраз жыл металлург, болат құюшының көмекшісі болып істеген Тұрысбек тек 1948 жылдың күзінде ғана елге қайтып оралған-ды. Ер-азаматы селдіреп, қаусап қалған колхоз шаруасы толығымен бала-шаға, кәрі-құртанаң, әйелдердің қолына қарап, қаз-қаз басқан баладай, жаңа қалпына келе бастаған кез. Майданға кемінде бір аяқ, бір қолын немесе денсаулығын беріп қайтқан бірен-саран ер-азаматтың да арқасына түскен ауыртпалық аз емес. Әйтеуір, дәтке қуат.

Осындай жағдайда төрт мүшесі толық, жиырмадан жаңа асқан қылшылдаған жігітті колхоздың ең қын да ауыр шаруасы күтіп тұрған еді. Ол да қаймықпай, келе қызу іске кірісіп кетті. Заводтан ала келген бір сөмкे түрлі бұрау кілттерін, құрал-саймандарын шығарып, колхоз ұстаханасын қолына алды. Қажет кезінде соқа соңына түсті. Өстіп жүріп егіс басында көрші ауылдың қара торы, орта бойлы талдырмаш қызы Шәміге жолықты. Таңыстық соны дүрілдеп өтпесе де, шағын да болса, шат-шадыманды тоймен бітті. Міне, содан бері бар ауыртпалықты бірге бөлісіп, бірге жасасып келеді.

1949 жылдың көктемінде сонау, үш жұз километр жердегі Зайсанға барып, тракторшылар курсын тәмәмдап келгенді Тұрысбек, міне, содан күні кешеге дейін тракторынан түспей, отыз жыл тек осы шаруашылық қана емес, бүкіл ауданның жерін жыртып, соқасын сүйретті десе де болғандай. Кезінде күн-түн демей, бір колхоздан соң, екінші колхоздың жеріне ауысып, кейде, тіпті қызылшеке болып таласып-тармасып қалатын колхоз басшыларының тілегін жықпай, айлап үй көрмей кетуші еді.

Не керек, үйдегісінен тұздегісі көп болды. Балалардың бар ауыртпалығын Шәми шешейдің өзі көтергені де рас. Эйтейір, қайда жүрсе де, отағасы абыройсыз болған жоқ. Тұтіні тұзу, балалары аман-саяу. Анаға бұдан артық қандай бақыт керек.

Енді, міне, әке жолын қуып, бір үйден үш механизатор шығып отыр. Ана Мұрат, Серік, Болаттар өсіп жетілсе, олар да сол ізге түспесіне, кім кепіл? Кейде үй ауласында үш трактор қатар тұрғанда, көршілері: «Бұл Тұрысбектің үйі совхоз гаражы болып кеткен бе, немене?» деп күліседі. Мейлі ғой. Ұлдарының өздеріне ұнаса болды да. Ал қыздары ше?..

Қыздары демекші, Шәми шешейдің үлкен қыздары Айман, Шолпан екеуді де Өскеменде педагогика институтын бітіріп, бірі — мұғалім, бірі — комсомол қызметкері болып жүрсе, мына Зәуреші өзгеше мінез танытты емес пе...

Әлі есінде, 1976 жылы оныншы бітіріп, енді қалай болар екен деген оймен осындай бір дастарқан басындағы отырыста Тұрысбек ақсақал, қызына бұрылып:

— Ал, қызым, қандай ойың бар? Қай окуға бармақсың? — деп жөн сұраған.

— Барамын, папа.

— Қайда.

— Өзіміздің училищеге. Өзіңіз сияқты механизатор боламын.

Қызының нық жауабына қуанып қалса да, сөзінің артын андамақ болған әкесі:

— Ойлан, ойлан. Оқуың жаман болған жоқ. Өскемен, тіпті, Алматы барам десен де, өз еркін. Қолынды қақпаймыз. Қаражаттан да қысылмайсың,— деген.

— Жоқ, папа. Біз бірер құрбы келісіп, өзіміздің училищеге баратын болдық.

— Кой, әрі. Бір үйге екі трәктірші аз деп тұрсың ба? Қыз басыңда лайық қасібінді қала,— деп манадан бері естігеніне сенер-сенбесін білмей отырған шешесі сөзге араласты.

— Қызықсың, апа, оның қандай қындығы бар? Ол неге қыз кәсібі емес? Әр жерден аты шығып жүрген механизатор қыздар аз ба?! Әне, анау Қемшат апайды күнде естіп, телевизордан күнде көріп жүрсіз ғой,— деп Зәуреш өз ойын дәлелдей жөнелді.

Қызының берік тоқтамы осы екеніне іштей риза болған әкесі:

— Сөзің жөн, қызым. Қалауың сол болса, еркің өзінде,— деп келісім білдірді.

Содан, қоңыр күз түсे Роза, Фалия, Дәкен, Бақытжан, Нәзігүл және Зәуреш болып, ауылдың алты қызы Борандары кәсіптік-техникалық училищеге оқуға барды. Механизатор мамандығын менгеруге тілек білдірген ауылдың алғашқы қарлығаштары бірер жыл өткен соң да сол жұптарын жазбай ауданда, тіпті, облыста бірінші болып «Қарлығаштар» атты механизатор-қыздар бригадасын құрды. Бригадирі — Зәуреш.

Ал олардың істеген істері, жеткен жетістіктері шағын ауылдың шаңырағын біктетіп, абыройын асқақтатты.

Зәуреш болса, қазір әкесіндей партия мүшесі, жас та болса табанды, тындырымды еңбегімен танылған қыз «Құрмет Белгісі» орденімен наградталып, ВЛКСМ-нің «Алтын масақ» белгісін өңіріне тақты. Тіпті, Демеубаевтар әuletінің абыройын асқақтатып, Қазақстан Компартиясының XV съезі мен республика комсомолының XIV съезіне делегат болып барып қайтты. Енді, міне, сонау Алтай қойнауындағы шағын ауылдан шығып, топты баланың ортасында өскен Зәуреш Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты ретінде зор қоғамдық жұмыстарға да араласа бастады.

Осының бәрін көріп, біліп отырған Шәми шешей өзін әрдайым, шынайы бақытты сезінеді. Қезінде қызының механизатор болам деп құлшынғанына кейігенін есіне алып, еріксіз жымияды. Қызының өз жүрегінің қалаумен таңдаған ісіне, еңбегіне шын пейілмен риза болады.

— ...Міне, қарағым, «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, бүгінде ұл мен қыз теңесті. Саған жарасатыны анау, маған лайықтысы — мынау деп бөлісетін емес, қандай іске болса да, құлшыныспен кіріскең адам өз бақытын табады.

Қөпті көрген, көп жайды көкейіне түйген «Ардақты ана» ортасы толы ошағына, жаңа келіп түскен келініне үлгі болсын дей ме, осылай өткен өмір жолдарын көз алдына келтіре әңгімелейді. Сөйті отырып, «Осыншама топты баланы қалай өсіріп, қайтып тәрбиеледініз?» деген келінінің сұрағына лайықты жауап іздейді.

Ал оған сөзбен жауап қайыра алар ма?! Көре білген кісіге он екі ұл-қызың ортасында ойландырар, өнеге болар жайлар көп. Өзі көрсін, өзі көңіліне түйсін.

Шәми шешей өз ошағына он үшінші баласындай болып қосылған жас келініне қарап, аналық мейіріммен

осылай толғанады. Бар анаға тән абзал жүрекпен алғашқы күнин алдағыны ойлап, болашақты болжайды. Балдай тәтті татулық, бірлігінің арасына иненің көзіндегі сызат түспеуін тілейді.

Осының берін біліп, танып отырмын дегендегі Күлиман да ұнсіз бас изеп, «Ардақты ана» орденін омырауына қадап, ауылдың сыйлы адамына айналған енесі мен отыз жылдан аса трактор тізгіндең еңбек ардагері, қайынатасы Тұрысбек ақсақалдың әжімді, ойлы жұздеріне құрметпен қарап, оларға деген ілтипаты арта түскендей болады. Іштей ол да: «Осы екі кісінің көңіліне қаяу түсірмесем екен, маған бола қабағы шытылмаса екен», деп тілейді.

Осылай бірін-бірі ұғынысқан ұнсіздікті тағы да Шәми шешей бұзып:

— Е, ошақ қасы, от басының берекесі қашан да әйелдерге байланысты. Ендігі тізгін сендердікі. Сағатбегім екеуің арттағы іні-сіңлілеріңе бас-көз болып, қабақ шытыспай, ынтымақты өмір сүрсендер, бізге одан артық бақыттың керегі жок. Құдайға шүкір, қауқарымыз қаша қойған жок. Қиналып, қысылған кездерінде ақылшы, қамқоршы болуға әлі де жараймыз. Он екі баланы өз құрсағынан өргізсе де, он үшінші бала бола алар ма екем деп күдіктенбе. Сенің бұл босағаны аттағаның, менің он үшінші құрсақ көтергеніммен бірдей. Осыны ұқ, жарығым! — деп тебіренеді.

Ағынан жарылып, бүкпесіз сыр шерткен ана жүрегінің осы бір сәттегі ыстық лұпілін, пәк сезімін аңғаруқын емес еді.

... Кою шай, дәмді шай ұзақ ішілді. Қайынатасы мен енесінің көңілін тауып, олардың ұлағатты сөздеріне ден қойған жас келін жарастығы келіскең қос ардагердің әжімді жұздеріне қызыға қарап, олардың ұзақ та өнегелі өмірлеріне сүйсінгендей.

* * *

Шын бақыт пен жарастық, ынтымақ орнаған осынау кең босағаның көл-көсір қуанышқа толы келбетінен біздің мына бақытты заманымыздың, бейбіт те берекелі өміріміздің бар көркі, жарқын да жасампаз бейнесі жарқырап, айқын көрініп түрғандай...

Гүлзия Пірәлиева

АМАНАТ

Поезд ақырын жүріп келеді. Вагонда іркес-тіркес отырған жүрт оның мимырт жүрісінен әбден мезі болып, мызғи бастаған. Қастарындағы жандардың жұпымылығы мен жаралы жауынгерлердің ыңырсыған үндері жүректерін жаңыштап, еңселерін езе түседі.

Вагон бұрышында тығыла түсіп, қолындағы құндақтаулы қызы бар ана да отырған орнынан тапжылар емес. Тәтті үйқы құшағындағы сәбиін тосын соққыдан сақтайын дегендей, еппен еңкейіп қыса түседі. Тап қазір төбебен бомба түссе де, «маған түссін» деп, бүкіл денесін бүге бір уыс болып қалыпты. Поезд солқ ете қалғанда, қолындағы сәбиі селк етіп, шырылдап қоя берді. Ол түймелі көйлегін тез ағытып, көкірегін сыйымдай нәресте аузына салғанмен, мына соғысқа лағнет айтып ашынған аナンЫң алпыс екі тамыры иімей, біраз әуреледі. Баланың тәтті үйқысы бұзылып, қолды-аяққа түрмай, шырқыраған даусы аナンЫҢ тұла бойын мұздатып, шеке тамырын шымырлатып жіберді. Әрі елдің елірген екпіндерінен үріккен екі ұлы қосыла жылап, вагонды азан-қазан етті. Қас-қабағы қатулы, қатқан қара келіншек балаларының қайсысын жұбатарын білмей састы. Жасына жетпей әжім торлаған жүзін бір қолымен басып, бір қолымен құндақтаулы қызын құшағына қысып ұстаған аナンЫҢ кейпі кім-кімнің де көкірегіне қайғы-қасіреттің қара бұлтын орнатары сөзсіз-ді. Бірақ қасындағы екі аяғынан айрылып, соғыстан қайтқан жауынгердің бірі:

— Жылама, інішек, жылама. Жігіт те жылай маекен. О, болмайды, жараспайды ол жігітке. Кел, келе

ғой, ертек айтып берейін,— деп балалардың басынан си-
пап, жанына отырғызды.

Осы бір жылы жанаар, жылы сөзді күткендей, екі ба-
ла көз жастары мөлт-мөлт ете жаңағы жігіттің қамқор
құшағына енді. Мінгеннен қастарында жатса да, жақ
ашыспаған ана қас-қағым сәттік қарбаласта жылы сө-
зімен қол ұшын берген қараторы қазақ жігітіне жылы
шыраймен қараған. Тілі басқа болса да, тілегі бір жі-
гіттің екі ұлын бауырына баса айтқан ерлік жайлыш ерте-
гісі бала түгіл мұны да елітіп алған еді. Ол емізулі қы-
зын ұмыта, мұң қаптаған қара көздерін қадай, аса бір
ілтипатпен тыңдады.

Жаралы жігіттің майда қоңыр даусы әлсіздерге әл
бергендей, тіпті, әмір еткендей әсер етті. Тәтті тіршілігін
тас-талқан еткен соғыстан жүдеп-жадаған, жұпның ки-
інген жұрт жаңа бір үміт отына малынғандай, мазасыз
мұндан арыла бастады. Бәрі де жігіттің ертегі емес, ер-
лік туралы толғаныс тудырып жатқанын жан жүректе-
рімен сезініп, жанына жинала бастады. Жігіт өрт қапта-
ған шайқас шебінің шерін тарқата отырып, ара-арасын-
да басынан кешкен қызық оқиғаны айтып, күлкіге де
көмді бұларды. Бірақ, жігіттің көңіл аулаған көнілді
әңгімесін жұрт жүректері жарыла күлмей, жымып қана-
тында отырды.

Бұлар сонау таулары көкпен көмкерілген Кавказ же-
рінен шығып Қазакстанның дархан даласына енген, ең
бірінші станцияда жол бойы жігер бере, жалынды сөздер
айтқан асыл ағаларын бір топ арбалы адамдар алып
кетті. Вагон іші тағы да азан-қазан. Ақ жаулықты ана-
лар мен аппак сақалдары кеудесін жапқан қарттар,
олардың қастарындағы кескен томардай болып, теңкіп
жатқан жігітке поезд тоқтасымен-ақ лап қойды. Оның
жол бойғы сөздері қандай қайратты болғанмен, ойлы
жүзінде бір мазасыз мұң бары бағана-ақ байқалып еді.
Бірақ ауыл адамдарымен қауышқандағы жасаураған
жанары келіншегі кеп, кеудесіне құлағанда жалын ша-
шып, жайнап кетті. Қоштасарда ол, бұларға «Бауырла-
рым, сендердің болашактарың әлі алда. Жеңістен үміт
үзбендер. Білем, сендер бақытты боласындар. Қонақжай
қазақ елі сендерді еш ренжіте қоймас. Бір тілім нанын
бөліп жемесе, мені осында жерлеп қетіндер. Жатсынбаң-
дар, бір үйдің жанында сезініңдер өздерінді. Тек, сенің-
дер, сендер, жауынгер сөзіне! — деп беттерінен сүйген.
Вагон іші толқыныстан тербеліп, барлығы көздеріне жас

алған. Қолындағы қызын құшағына қысқан, қос жана-
рынан жылымшы жас аққан ана да поездың тарс-түрс
жүрісіне тербеліп кете барды. Оларды басқарып келе
жатқан қияқ мұртты қавказдық жігіт пен жириен шашты
орыс бұларды елеусіздеу бір станциядан түсіріп, қарсы
алуга келгендеге тапсырды да, өздері ілгері жүріп кетті.

Айнаның анасы қырық бірінші жылдың жазында
эвакуациямен, бүкіл ауыл-аймағымен Қазақстанға көшіп
келгендігі жайлы айтқанда, әңгімесін үнемі осылай бас-
тайтын.

— Сүр шинельді фашистер бізге шабуыл жасаған
шақта, сен қырқынан жаңа ғана шықкан қыз едін,— де-
ген еді анасы Айнаға, ұзатылайын деп отырғанда.

— Иә, қызым, сол жылдары қазақ елі қол ұшын бе-
ріп қараспаса, сүйегіміздің қайда қаларын бір құдай біл-
сін. Откен жайды несіне айтып отырсың деп ойларсын,
бәлкім. Оның себебі бар. Ертең ерге шығып, жат жүрт-
қа жүргелі отырсың. Сондықтан саған әдейі өмірбаки осы
өсietімді ұстасын деп айтып отырмын. Ол жерде де
мына бауырларындағы қазақ халқымен қоныстас болар-
сың. Соларды сыйлас жүрсөң, мәңгі-бақи разымын.

Сенбейсің, тіпті, сенбейсің. Шіркін-ай, сол кездің
адамдары да бір киелі жандар екен-ау?! Рухы биік. Ең-
селерін басқан қайғыдан қанаттары қайрылмаған қазақ
жүрті бізді тап мерекедегідей, мол мереімен қарсы
алып еді. Қайдан алған десенші, соншама қажыр-қайрат-
ты? Тап бір майданнан жеңіспен оралған жауынгерлері
не туысқандары келгендей-ақ ат-арбаларымен алдымыз-
дан күтіп алды. Ауыл өкілі бізді әр үйге бөліп жатты. Ал
мен болсам: «Үш бірдей баламмен кімге сиям. Эрі ертең-
гі күні еңбек ет десе, емізуі қызымды қайтем» деп жүрт-
қа жақындауға жүрексініп түрғам. Менің жан күйзелі-
сімді сезген бір қазақ әйелі қасыма келіп: «Құрбым, емі-
зуі баламен қолбайлау болам деп тұрмысың? Қорықпа,
менде де үшеу, арасы бір жастан. Жалғыз өзіме қын со-
ғып жүр еді. Енді екеулемп бағамыз балаларды. Бір-бірі-
мізге сүйеу болармыз. Жүр, құрбым,— деп, менің жауа-
бымды күтпестен біреуін көтеріп, біреуін жетелеп алға
түсті. Мен қайырымды қазақ әйеліне алғысымды айта
алмай, абдыраған күйі үнсіз соңынан ілестім. Жат жан-
ның құшағында жатырқамай, жыламай келе жатқан
ұлымды қөріп, іші-бауырым езіліп, егіліп жылап келем.
Қазақ әйелі жасы қырыққа келген, денесінде пышақ қы-
рым еті жоқ, соған қарамай аса қайратты қөрінді. Бидай

Әнді, әдеміше келген әйелдің көтеріп алған ұлымды әңгімеге тартып, әр нәрсені суыртпақтап сұрап, анда-санда тәмпіш мұрнынан түртіп қойғанында да сондай жылылық бар.

Оның жолдасы елдің ер-азаматтарымен бірге соғыс басталысымен-ақ майданға аттаныпты. Содан ай аралатып үшбұрышты хаты кеп тұрады екен. Кішкене үш бөлмелі жер үйінде үш баласымен бір өзі. «Біз келеді» дегеннен-ақ бізге арнап бір бөлмесін босатып қойыпты. Өздерінің бес-алты көрпе-жастықтарын теңдей бөліп, біздің бөлмені тап-түйнектай етіп жинапты. Келіншек келісімен аштып кеткен нанын көмді. Бізді балалары отырған тері бөстектің үстіне көрпе салып, «тынығындар» деп отырғызды да, өзі жүгіріп жүріп ошағына отынын қалады. Жас балалар ойнап отырса да бізден көзін алар емес. Мениң балаларым да жуық арада оларға жуыса қоймады. «Мұншалық арып-тозған адамдар қайдан келді, бұлар кімдер, өзі?» деген сауалдар сәбі жанарларынан анық аңғарылады. Келіншек тәспеншеден алған ыстық нанын бірінші бізге берді. Екі күннен бері нәр таптаған біз оны сол заматта-ақ жеп қойдық. Ар-ұятты ұмыттырған аштық бізді тағы да ошаққа қаратты. Келіншек көпке дейін жапқан нанының алғашқысын бізге беріп жүрді...

Көп ұзамай бір үйдің жандарындей, бауыр басып кеттік. Ол әзіrbайжан деп алшақтатқан жоқ, біз қазак деп қашқан жоқпыш. Қайғы қуанышымыз да, тіпті, қазанымыз да бір болды. Иә, солардың сүйеуі арқасындағой, міне, құдайға шүкір, адам қатарына қосылдық. Мұндаид меймандос, қайрымды халықты қадірлеп, құрмет тұтпай бола ма?

Е, қызым-ай, сол бір сүм соғыс салған зардалтар азба, адамға? Иә, қайғысы қорғасындей қырқыншы жылдардан бері қазақ халқының қамкор құшағында өсіп, бойжеттің, қазақ тілінде қара танып, әлем құпиясын білдің. Енді, міне, есейіп, ерге шыққалы отырсың. Карттардың алдын кесіп өтпе, баланың көнілін қалдырма. Осыны біз сендерге айтсақ, сендер өздеріңнен өрбіген ұрпактарыңа аманат етіп жеткізерсіңдер. Ал қазақ халқының алдындағы парыз ол өмірде өтелмек емес. Өйткені, өткенді өтеу мүмкін емес қой.

Сол таңда қызы да бөлмесінде қалқып отырып, қалың ой құшағында таңды атырды. Бұла бойжеткенге

тұңғыш табалдырығын аттағалы отырған болашақ босағасы, ертең кешке өткелі отырған той жайларыныштырын алып, үйқы бермеген. Айнаның көз алдына қаршадайынан қуыршақ ойнап, анасының қуырып берген бидайын бөле жеген құрбы қыздары келді. Олардың ауылдағы бір үйге келін түссе, өз шаңырағын екі-үш күн көрмей, сол үйде қона жатып, иіс сабын, бет орамал се-кілді салт-сыбағаларын алатындары есіне түсіп, езуіне күлкі үйірді. Сол сәтте ертең мені де құртақандай қыздар қоршап, қызықтап отырар-ау деген ой жылт етіп, тағы да жымып қойды...

Иә, Айна алғаш ақ жаулық тартып, өзінің өмірлік ақ босағасын аттаған күннен бастап, оны қөршілері есік көрсінгे бірінен соң бірі шақырып, азғана уақытта-ақ араласып кеткен. Бойында бұла күші бар жас келін қолын қусырып, қосағының аузына қарап отырмай, Шымкент облысы, Тұлкібас ауданына қарасты Куйбышев атындағы колхоздың балалар бақшасына тәрбиеші болып орналасты. Оның әрбір күні күміс күлкілі балалар мекенінде мерекедегідей өтетін. Айна көп балалы үйде тәрбиеленгендіктен бе о бастан-ақ бауырмал, балажан еді. Соны сәбилер де сезіді ме, Айнаға бірден бауыр басқан. Күнде алакеуімнен тұрып, сиырын сауып, шайын даярлайтын да, ата-енесін таңғы асқа шақыратын. Өзі бір-екі шыны шайын ішер-ішпестен көше күзеттін. Әйткені, қос ат жеккен көк арба алдымен Айнаны алып, көшениң басынан-аяғына дейін бала жинаиды. Мұның өзі қызық көрінетін Айнаға. Төбесі презентпен бүркеліп, жан-жағы ою-өрнектермен нақышталған көк арба көшеде көзге шалынса-ақ болды, колхоз тұрғындары жұмысқа жинала бастайды. Таңғы үйқыларын қимай, жылап оянатын балаларын асығыс киіндіріп, әкеп тапсыратын. Әрбір ананың «айналайын, келінжан, оң көзіңмен қаарсың» деген тілектерін барынша адал ақтағысы келгендей, әр таңын жұмысқа деген тастүйін тиянактылығымен қарсы алатын ол бар балаға әуелден-ақ бірдей, «оң көзімен» қарайтын. Қанша жылап айрылса да, аналары көзден таса бола Айнаны айналышқтап, әр нәрсепі бал тілдерімен былдырлаған балғындармен сөйлесіп кетеді. Кейде бауырсақтай борсиган білектерімен мұның мойнынан құшақтап, еркелегендерінде ет-жүрегі езіле: «Ана атаулыдан артық бұл пәниде бақытты жан бар ма екен?» деп ойлайтын.

Балаларының қолына бақыт құсы боп қонғаннан-ақ өз қыздарынан кем көрмей, келін деп кемсітпей, қамқор құшақтарына алған Хасан атай мен Шашты шешей ол де-гендеги шығарға жаны бөлек-ті.

Айнаның көз алдынан тұңғышы дүниеге келген күн көпке дейін кетпей, көкірек сарайында әдемі бір ән са-зындағы, мәңгі сакталып қалған...

Бір жетіден соң екі адам боп оралған Айна шаңыра-рына мол шаттықты ала келгендегі сезінді өзін. Балала-рының бәрі есейіп кеткендіктен, тірлігі тыныш тұракта-ры бала уілінен кенеттен көңілденіп, көңіп сала бергенде, Хасан ақсақал мен Шашты шешейдің бақыттан бастары шыр айналған. Өзінің туған анасы Айнадан да қызған-ғандай, қорғаштаған немерелерін ертелі-кеш ермек ет-ті. Айна өзін ана деген ардақты есімге ие еткен қызын қолына тек емізерде ғана алатын еді. Құндақтағы қы-зын қырқынан шығарарда атасы бір қойдың басын ша-лып, енесі төңіректегі кемпірлерді түгел шайға шақырды.

Ата-енесінің қызына деген ерекше махаббатына ку-анған Айна көп ұзамай белін бекем буып, жұмысына шыққан. Ата-енесінің арқасында бала бағудың қынды-ғын көрмеген ол базарлы бала бақшаны әбден-ақ сағы-нып қалыпты. Екі-үш күндей елден ерек ерте тұрып, көк арбасын күзетіп көзі талды. Сол күндері уақыт та өтпей, көк арба да әдейі кешігіп келетіндегі көрінді. Ол көк ар-бага мұнтаздай киінген балалардың отырып, кешке кір-қожалақ болып қайтқанын, әрбір аданың жасырып айт-са да, бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай аманаттарын естіп, бал тілді балалар ортасында отырғанын ол бақыт санайтын.

Сөйтіп, Айна төртінші қызын босанғанға дейін салт кісідей жүрді. Өйткені, Рұstemі мен Сонасы да ата-ене-сінің аялы қамқорлықтарында өсті. Мұның мойнына тек тамақтандыру ғана мінген. Әскери борышын өтеп келген қайнысы Мұрғыша Мариямға үйленіп, әке-шешесінің қо-лында қалды да, бұлар бөлек шықты. Ата-енесі ұлы Рұ-темді бауырларына басып, өздеріне бала етіп алды. Енді екі бала мен бір үйдің тіршілік тауқыметі бір өзіне түс-кен. Тұңғышы Гүлбайы да осы кезде жетіге толып, жұм-сауға жарап қалған-ды. Бұл жұмыстан келгенде, үйдің бәрін айнадай етіп жуып қоятын да осы қызы еді. Үйдің үлкені болғасын ба, өзі жас та болса, жауапкершілікті жақсы сезінген Гүлбайы сіңлісі Сонаны, жаңа үйде ду-ниеге келген Гүлзахираны да өзі асырап, өсірді. Еншісін

алып, бөлек шыққанда босанған Гүлзахира ғана Айнаға ана болудың бақытын, бала бағудың бейнетін көрсепті. Алғашында балғын бөбекті жуындыруға жүрексініп, жұшашақырымдағы енесін шақырып, көріп алған-ды. Бірақ ол кісі барда батыр да, жалғыз қалса қорқақ. Эйтсе де, жас келіншек қайта-қайта енесіне жүгіруге ұялып, өз әрекетін жасап, бала күтіміне төселе бастады...

Соңғы күндері қолды-аяққа түрмай, жылай берген соң шыдамы таусылып ол көршісі Айша апайды шақырган.

— Төртіншінді туғанша бала бабын білмеймін дегеніне кім сенеді, сенің. Эшейін қорқақтырың ғой. Эй, жылауық қыз, келе ғой, не болды саған, кәне, кәне,— деп көрші кемпір сәбиді қолына алып сілкілеп еді, көз жасы сап тыылды. — Келінжан-ау, мынауынцың жауырыны жабысып қалыпты ғой. Жуындырғанда жауырынын жазып қою керек. Ысқылағанда да, қатты ыскыласа, еті тірі болып өседі. Эйтпесе, еті піспей, сәл нәрседен жарақаттанып жүреді. Эй, келін шырақ-ай, енеңе әбден сеніп кетіпсің ғой. Баланың осындағы қындығын көрмесен, қызығы бола ма?

Балбырап үйқыға кеткен Гүлзахираны қымтап Айша апай кетіп қалған. Айна үялғанынан жерге кіріп кете жаздады. Қызы сол түні бойы тырп етпей, тыныш үйқтады. Айна да мерзім-мерзімімен тамақтандырып, таң ата бесікке басын сүйеген күйі қалғып кетті. Иә, ол осы қызында ғана өзін нағыз ана сезінді. Азабымен тәтті болатын баланың тұңғыш рет тұн үйқысын төрт бөліп мазасыз михнатын кешті. Эйтсе де көздерін жылтыратып мұның омырауымен ойнаған кішкентайы түні бойғы қиналғанын әп-сәтте ұмыттырып жіберді. Қызын құшағына қысып, мейірлене иіскеді. Бұл қызы басқа балаларындағы емес, түсі әксары еді. Атасы алғаш көргенде-ақ: «Ой, мынау сап-сары қыз ғой. Кімге тартып кеткен, ә? Осы сары қыз?» деп күлген. Содан соң-ақ, оның аты куәлігінде ғана Гүлзахира да, ел аузында Сарықызы болып кетті. Жас сәбидің ыстық-суығын бар баласынан көп көргендіктен бе, осы қызы өзінің сүйіктісі. Айша апайдың ақылымен тұзды сумен көп шомылдырған сәби шынашақтай болса да, өте шымыр болып өсті.

Жалпы Айна да, жолдасы Гүлбала да балаларын беттен қағып, жасық етіп өсірген жандар емес-ті. Балаларының бәрі де биязы, өте бауырмал. Сарықыздан соң дүниеге келген Абдол, Мәдина, Фарида, Асан, Үсен, Фа-

тималарды Гүлбайы мен Сонасы сүйрелеп жүріп өсірген. Он бір баланы тәрбиелеп, өсіру бір басына аздық етпесе де, ол өзінің сүйікті мамандығы — тәрбиешілікті тастанған жоқ. Үйде де, түзде де балаларымен бірге болатын ана өмірді оларсыз ойлап та, елестетіп те көрген емес.

«Ардақты ананың» бар арманы тек осы балаларының бақты. Ал тәрбиеші ананың арманы таза тіршілік иелерінің татулығы, бейбіт өмірі. «Ардақты ана» атанған тәрбиеші, әзіrbайжан әйелі Айна Аллахбердиеваның бір өзінен өрбіген он бір ұл-қызы бүгінде саналы совет азаматтары. Тұнғышы Гүлбайы түрмис құрып ана атанса, ұлы Рұстем Сайрам ауданының орталығы Белые-Водыдағы кәсіптік-техникалық училищені бітірді. Ойы училище берген жолдамамен астанамыздағы архитектуралық институтқа түсү, ал Сарықызы болса, Шымкент қаласындағы тігіншілік курсы тәмамдал, еңбекке ара-ласты. Ал бұлардан кейінгі кішілері мектепте оқып, бала бақшада тәрбиеленуде.

Айна шешесінің аманатын ешқашан ұмытпай, орындаپ келеді...

Жақыпжан Нұрғожаев

АҚЛИМАНЫң БАЛАЛАРЫ

Бөдене ауылшының түрғындары Құлжаппаровтар семьясын — «механизаторлар әuletі» деп атайды. Тоғыз бала өсірген Төлеген мен Ақлима көп жылдар бойы осы ауылда механизатор болып еңбек етті. Олардың тұңғышы, «Долан» совхозының озат механизаторы Жұлдызды облыс жастары Қазақстан комсомолшының XV съезінің делегаты етіп сайлады. Құлжаппаровтардың одан кейінгі ұлы Құндыш да механизатор. Ал екінші ұлдары Құліпхан кәсіптік-техникалық училищеде механизатор мамандығын менгеріп жүр.

... Қол ұстасқан екеу шалғынды жапыра жүгіріп келді. Демдері бітіп, кеудеге симай, тайша тулаған қос жүрек кластас құрбыларына асықтырады. Әлдері бітіп, әу деген үндеріне даланың сағымы қамал болып тағы да естіртпеді. Қыз қолындағы қызғалдақты көкке көтеріп: «Қыздар, қыздар!»— деп тағы айқайлады. Сонда ғана орманға кіруге жақын қалған алдыңғы топ іркілді. Әркімнің қиялын ала қашқан жастықтың тұнық бұлағы тағы да тулай акты. Қол ұстасқан екеуі жеткенде, әлдебір құпиялы әңгімесінің аяғы бітпей, жамырай құлді. Жұлдыз екеуі кейінде қалғанына аздал қысылып тұр. Олардың не жұмбақтап, кімді кімге тенеп тұрғанын анық түсінді. «Құрбылар, қателесесіндер» деп ақталудың қажетсіздігін ойлап қойды. Жұлдыз құшағындағы қызғалдақты бөліске салды. «Берші, болашақ актисаға өзім тапсырайын» деп қолынан бір шоқ гүлді жұлып алды. Мұрат: «Жоқ, мен мұны гүл бағбаны болатын Жұлдыздың өзіне ұсынайын» деп құрбысының құшағын қайта гүлге толтырды. Бәрі мәре-сәре. Төрт құрбы болі-

ніп оқшау шықты. Аспанда тырналар тізбегі көрінді. Құс қанатының сұлы құлаққа келгендей, ол тап қазір мына тырналардай аспан әлемінде қалықтап, алыса самғасы келіп кетті. Ұшқыр қиял тізбектелген тырналармен жарыса ұшқанмен, ертең бәрібір уақыт көшіне еруге тұра келетінін ойлап қойды.

Мақсатқа, арманға бізде қарсы тұrap тосқауылдың жоқ екенін түсінгендерімен, әркім ертең-ақ өзіндік қам-карекетін күйттейтіні анық. Төртеудің ең шеткісі Сәуле басын көк шалғыннан жұлып алып: «Жоқ, Жұлдыз, сені механизатор болып қалуға қимаймын. Жастықтың ең қызық шағы — студенттік шақ. Одан қалай ғана күр қаласың?» Ол көзін қайта ашты. Мамырдың маужыраған бояулары да жоқ, қызылды-жасылды киініп серуен құрған кластастары да көзден ғайып болыпты. Тек көрші бөлмедегі радиоқабылдағыштан «Көзімді жұмсам да көрем сені...» деген ән жолдары естілді. Жұлдызды өткенге жетелеген бал сезім орнынан қозғалтпай, баурап алды. Эр кластасының күлкісі, қызық мінезі еске түсіп, сыршыл көңілдерімен сыр актарысып жатып қалды.

— Жұлдыз, бүгін жүзің неге алабұртып кеткен? Жоқ, әлде сырқаттанып қалғансың ба? — деп осы кезде жанына келген анасы қызының мандайына алақанын басты. Ол көзін жұмып, шешесінің алақанынан сүйді.

— Жай, әншайін, кластастарымды ойлап жатқаным фой. Сағынғаныммен, қолдан келер не бар? Совхоз жұмысын тастап, қала аралап кетудің жөні тағы жоқ.

* * *

Тыстағы сақылдаған аязға шыққысы келмейтіндігін білдіріп алмайын дегендей, ширақ басып барып ауладағы қармен бетін үйкеледі.

— Ал мен кетім. «К-700» мінген сен-ақ бар сол Тасқұдыққа. Шеберханада трактор жөндеу осы сұқта әлдекайда артық,— деді Құндыз. Ол әпкесінің еңбегіне сүйсінгенмен, «улken тракторды маған неге бермейді?» деген өкпесі де бар еді.

Айтса айтқандай-ақ, оның «тепсе темір үзетін мығым жігітпін, әскери міндетімді де өтеп келдім, көшеде журген көкбалақ бала емеспін, ұлым Алмастың тілі шықты, білмеймін, осы басшылар маған неге сенімсіздік таныттынын?» деген ойы да жоқ емес. «Әттең, қолға бір тисе фой, ақ қарды бүркыратып отар-отарға жемшөп жеткізіп,

малшылардың алғысын алар едім». Бұл шеберханада жүргенде де оның ойынан кетпеді.

Тете болғандықтан, үйде көп жағдайларда Құндыз-бен келісе алмай қалатыны да бар. Бірақ Жұлдыз оны әлі бір ренжіткен жоқ. Кейде оның қолы жұмыстан босай қалса, өзі қызыққан үлкен трактордың тетіктерін бұрап, майын ауыстырып, қамқор болып жүргені. Рахметін айтса, «далада тоқтап қалып, шыж-быж болып жатпасын дегенім ғой. Эйтпесе, қайбір қолым қышып бара жатыр дейсің» деп, көлгірсі қалатын мінезі де бар. Жұлдыз мұндай сэтте үлкемін деп қекірек үрмай кішіре єсалады. Бұл мінезіне әбден үйренген іні-сіңлілері де шаршап келді-ау жоқ, мойнына асылып, алған «бестік» «төрттіктерін» айтып, бірі — кітап, бірі — дәптер, ең кішісі Меруерт «куыршақ әпер» деп абыр-сабыр болады. Үйдегі баланың үлкені болғандықтан ба, сегіз іні-сіңлілерімен тіл табысып, айтқандарын екі етпей, еркелетіп жүргені. Шешесі Ақлима да жұмысбасты адам. Совхоздың сан-салалы тіршілігіне араласады. Тоғыз бала тудым деп қолын қусырып, қофамдық жұмыстан шет қалып көрген жоқ. Өрімдей кезінде трактор жүргізді. Ісі жеміссіз де болған жоқ. Көп құрметіне бөленіп, ауылдастарына қадірлі болды. Кейін денсаулығына байланыстығана бұл жұмыстан қол үзді. Эйтпесе, қызымен дала төсінде бүгін қатар жүрер еді ғой!..

Осыдан жеті жыл бұрын Жұлдыз механизатор боламын деп тілек білдіргенде, Ақлима шеше ойланған жоқ. «Еңбектің жеңілі, ауыры деп бөліп қарауға болмайды. Тек жұмысты игере білгін. Экең де 21 жасынан механизатор болып істеп, көштөн қалған жоқ. Механизатор боламын десең, алдыңнан жарылқасын», деген байлам айтты.

Сонымен Жұлдыз жолдастарын Бөденеден ұзатып салып, өзі қара жолмен жаяу қайтты. Олар арман арқалап, білім сапарына аттанды. Ал Жұлдыз болса, ауылында қалып қойды. Жүрексіну мен жүдеу көніл қабаттасқанда, құрбыларынан қалып қойғанына өкінді де. «Айтылған сөз — атылған оқпен тең». Ол алған бетінен қайтпады. Сөйтіп, алғаш рет «Т-40» маркалы тракторға отырғанда, шаруашылықта шөп шабу науқаны қарбалас басталған еді. «Долан» совхозында да еңбек майданы қырда жүріп жатқан. Асая үйреткен бозбаладай, Жұлдыз да қара жолға түсті. Кең қара жолдан бөлініп кете-тін тарам-тарам сүрлеулерді көрді. «Біріне бұрыла

салсам ше? Қайда болса да, бүгін әйтеуір күн өткізіп, еңбекті ertенен бастасам, қайтеді?» деген оймен Бөдениң қарай асырып келеді. Еңбек жолының алғашкы сурлеуі осы қадамы екенін ол сәтте білген жоқ. Міне, содан бері де уақыт керуені алға жылжып, арада жеті жыл өтіпти. Ол бүгін:

— Менің еңбек жолым Жер-Ананың бір пұшпағында өтіп жатқанына қуанамын. Жүрексінбей келіп, жүйрік шыққаным өзім таңдаған мамандықты ұнатқанымнан шығар. Маң дала — күт қамба. Сол қамбаның кілті мен сияқты еңбек адамдарының қолындағой. Иә, дәл солай. Ел ырысын көздің қараышындағы күтімге алған бізді халық бекер құрметтемейді. Ащы тер — тәтті дән болып, дастарқан берекесін кіргізіп тұрса, механизатор еңбекін неге қадір тұтпасқа,— деді шешіле сөйлеп.

— Жұлдыз, жаңа «аудандағы жалғыз қызы механизатормын» дедің фой. Бұл мамандықты таңдау себебінді қалай түсіндіресің?

— Менің осы мамандықты таңдауыма себепші әкем мен шешем болса да, оны игеруге баулып, ақыл-кенес берген Николай Кнесковқа мың да бір рахметімді айтпақпыш. Социалистік Еңбек Ері Қемшат Дөненбаева, республика қызы-келіншектері арасындағы социалистік жарыста Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің хрусталь кубогын тұңғыш жеңіп алған Жадыра Таспанбетованың еңбек жолын жалғастырғаныма, қын да қызыға мол осы мамандықты таңдап алғаныма өкінбеймін. Еңбек бақыты дегеннің не екенін қазір айта алатын сияқтымын. Соңғы қоңыраудан соң дала қосында болу алғаш ауыр болғанмен, бригадир Витя ағай еңбекке баулуда аянып қалған жоқ. Мен бұл жұмыстан романтика іздел, не болмаса күнкөріс қажетінен таңдағаным жоқ. Жүрек қалауы солай болды. Ауылды өркендетудегі негізгі күш механизаторларда екенін айқын аңғардым. Өмірдің алтын қазығын еңбек деп түсінуіміз, өзімнің кейінгі толқын — сіңлілерімді де ойлантуы тиіс,— деді Жұлдыз.

Оның алаулаған жүзі нұрланып, мейірімге толы қос жанарынан бақыттылықтың бір ұшқыны байқалып қалды.

Шындығында да бүгінгі ел қамы үшін дала қосы, кәсіпорында еңбек етіп жүрген жастар бойындағы рухтын алмайтын қамалы, шықпайтын биігі жоқ екенін олармен жүздесе, сөйлесе келе аңғарамыз. Экелер мен ағалардың ежелгі дәстүрін солар жалғастырып жатқан жоқ па? Mi-

не, солардың бірі — Жұлдыз. Оның әкесі — Төлеген, шешесі — Ақлима механизаторлар. Еліне елеулі, халқына қалаулы жандар. Балаларының үлкені Жұлдыз бен Құндыз механизаторлар. Құліпхан кәсіптік-техникалық училищеде оқиды. Бүгін алаңсыз тәрбиеленіп жатқан Шұға, Шағала, Шынарай, Сырым, Ақерке, Меруерт қандай маマンдық таңдарын уақыт көрсетер. Ал қазіргі бір әuletтің еңбек жолы трактор тұғырынан басталды.. Бұл шашырақтың бақыты өздерінің еңбек жолын халық иглігіне ариғандықтан да шығар.

Шағын ауыл. Бір үйде той болса, тайлыш-туяғымен сол шашырақтың отын жағысып, қуанышын бірге бөліседі. Көрші-қолаңың басы ауырып, балтыры сыйдаса да, сол шашырақтың тұтінінің түзу шыққанын асыға күтеді бұл ауылдың жандары. Барды бөлісіп, біріне-бірі бауыр басқан ауылдастар Ақлиманы құрмет тұтып, сыйлайды. Қебі кешегі бойжеткен болып бой түзеген, шаруашылықтың қарбалас қундері қатар жүріп еңбек еткен құрбылары бұл қундері осы ауылда ақ жауалықты ана. Еткен еңбек, тәккен тер текке кетпегенін өзі іштей сезгенімен, қеудесін ұрып, мен артық іс атқардым, деп совхоз басшыларына әлі бір салмақ салған жоқ.

Шайын демдеп, алдана алғаны сол еді, есік айқара ашылды.

— Үнді шайдың иісі-ақ қой деп едім, бәсе,— деп келген көршісі Ақлимадан жауап күтпестен төрің осы ма дегендей, жайғасып отырды.

Ақлима оған шай құйып берді.

— Эй, сен неге сүйінші сұрамайсың? Бұл сенің қуанышың ғана емес, бүкіл ауылдың да қуанышы, білдің бе?

— Не болып қалды? Адамды ынтықтырмай айтсаңшы, түге. Айтпағың жақсылық болғай,— деді көрші жүзін бағдарлай қарап, айтпағы не қуаныш екенін түсіне алмай отыр.

— Қызыңың «Құрмет Белгісі» орденімен наградталғанын әлі естіген жоқсың ба? Естімесең, сүйінші өзімдікі,— деді Ақлиманың қолын қыса ұстап.

— Бала қуанышынан бүгіп қалар не бар? Қалауыңды айт.— Ана жүрегі толқып, қапелімде көрші қолына не ұстаратын білмей, қат-қат түйіншегіне жармасты.

Бұл күні Ақлиманың жайған дастарканы бір жиылған жоқ. Ауылдың балалары «Жұлдыз тәтем орден алыпты» деп, май токашқа қалталарын толтырса, еңкейген

кәрісі: «Ой, бәрекелді! Өркенің өскір, шешесі енбекқор жан еді, Ақлиманың өзіне тартқаны фой. Жарады, Төлегеннің тұңғышы» деп ақ баталарын жаудырып жүр. Құтты болсын айтушылар толастаған жоқ. Ақлиманың жүзі гүл жайнап, ауылдастары айтқан тілекten көнілі тоғайып отыр. Отанға мың алғысын жаудырып, ақ жауалығын иығына тастай салып, тысқа шығады. «Төлеген қашан келер екен? Сүйіншіні өзім сұрайын әкесінен. Эй, әлі естіген жоқ-ау ол. Несін айтасың, әкесі де бір жасап қалағын болды». Ол таң атпай майды ауылға кеткен. Тысқа он шығып, он кірді. Төлеген естісе, бүгін қуаныштан бір асып-тасырын біледі. Отken жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланып, өніріне белгісін тағып келгенде: «Айналайын Жұлдызым. Суымның тұнығы, шаңырағымның гүлі» деп қайта-қайта мандайынан сүйген.

Ана жүргегі қуаныштан кеудеге симаса, қайғыдан қақайырылады. Қай ананы кездестірмейік бойында балаға деген мейірімділіктің асау толқыны тулас жатады. Рахмет Фамзатовтың «Ананы сактаңыздар» деген мақаласын оқығаннан кейін әлемдегі бар аналардың парасаты одан бетер биіктей түсті. Кешегі жанкешті барлауши Николай Кузнецовтың шешесі ұлдарымен партизандар құрамаларында жаумен бірге шайқасты. Ең кіші ұлымен барлауға сан шықты. Қолы қалт етіп босай қалса, жаралыларды емдеді, киімін жамады, асын пісірді, сәбілерге қарады. Оны отрядтағылар «партизандар анасы» деген мақтандышпен атады. Кезекті барлау кезінде ортаныш ұлымен бірге жау қолынан қаза тапты. Отан-Анаға шексіз сүйіспеншілікпен қараған Николай Кузнецов өз басын өлімге байлап, ерлік жасауы ананың ақ сүтімен бойға сіңген парасаттылықтан туындал жатса керек. Сондықтан да, Батыс Украинада «Партизандар анасы» деген аталатын үлкен ескерткіш қойылуының мәні осында.

Бүгінде от басына бақыт әкеліп, ту даланы түлетіп жүрген жандар аз емес. Олардың есімін қуанышпен атаяуға болады. Ұлбала Алтайбаева, Қемшат Дөненбаева, Зылиха Тамшыбаева, Жадыра Таспаңбетова сияқты бүгінде қоғамда өздерінің тиесілі орны бар еңбек адамдары. Бәрі де мемлекет ісіне араласып, ел дәүлетінің артуна үлесін қосып жүрген жандар. Ал сол шоғырдың ізбасарларының бірі — ардақты ана тәрбиесін алған Жұлдыз. Жарыста жалындал жунемі озаттар қатарында болуды мақсат тұтады ол.

Сәндібек Әлібеков

АСПАНЫМЫЗ АШЫҚ БОЛСЫН

... Волхов майданына келгеніне де Бақтиярдың үштөрт ай болып қалған. Бұл жерде олар ұзағырақ жатып қалды. Екі-үш күнде бір рет арнаулы даярлық өтеді, соңғы хабарларды тыңдайды. Тіпті, жауынгерлер зерігейін деді. Соңда командирлерінің айтатыны:

— Сіздер шыдаңыздар. Алда өте маңызды шайқастар болады, соған қатысасыздар.

Сол күндерде ол Россияның кең байтақ даласын, орманын сырттай тамашалап журді. Бірде бір топ тырна өте төмен ұшып өтті. Олардың сазды сұңқылы да біразға дейін естіліп тұрды. Осы көрініс оның көз алдына туған елін, өскен жерін елестетті. Онда да осындағы тырналар топталып ұшып жүретін еді. Жаздың болып қалғаны-ау! «Тырналар... қандай ұйымшыл құстар. Мүмкін олардың барлығы бір ұяның балапандары шығар. Осындағы таттэтті ұясы, туған-туыстары мол адамдар да бар-ау. Олардың армандары бар ма екен?» Ол өмір туралы шексіз ойларға берілді. Соңғы кездері көп ойланады. Мүмкін, осындағы сын сағатта адамдардың барлығы да сондай шығар.

... Бақтияр балғын балалықтың бал шырынын көре алмай, ерте есейді. 1918 жылы өмірге келген ол әке-шешеден ерте айырылады, туыстары інісі мен қарындасты үшеуін балалар үйіне тапсырады. Мұны Бақтиярдың өзі шала біледі. Содан бергі уақытта інісі Жаңбыршы мен қарындасты Кулпаршыниан ажырап қалды. Мектепте оқыды, еңбекке жастай араласты. 1938 жылы Совет Армиясының қатарына алынды. Оның соны Ұлы Отан соғысына ұласты. Енді есін біліп, азамат қатарына қосыл-

ғаннан бергі арманы: «Туған жеріме оралып, еңбек етсем, ел қатарына қосылсам...»

Иә, арман алдамайды еken. Жеті жыл басқа жерде жүрген Өтегенов елге аман-есен оралды. Әрине, ол жылдарда талай қындықты басынан өткізді, ең бастысы аман-есен туған жердің топырағын басты. Ал елде жақын дегенде жалғыз туысы Байбосыновтан басқа ешкімі де жоқ еді. Сол кісінің ақылымен Ақтөбеде қалып, ішкі істер басқармасына жұмысқа орналасты. Қелесі жылы Бейбіт пен екеуі семья құрып, бір шаңырақтың отын тұттатты.

Майданнан бірнеше жауынгерлік орден, медальдармен оралған Бақтияр бейбіт еңбек сақшылығында да өзінің адалдығын, іскерлігін таныта білді. Сонау 1942 жылы партия қатарына қабылданған ол содан бері коммунист деген атқа кір келтіріп көрген емес. Ал, Бейбіт болса бұл кезде кәмелетке жаңа толған, ашаң жұзді, талдырмаш, қара торы қызы болатын.

Бақтияр жетім өссе де, өткен өміріне өкінген емес. Себебі қай уақытта да туған Отаны, сүйікті Коммунистік партия оны қамқорлыққа алды. Мәпеледі, тәрбиеледі. Есін біліп, азамат қатарына қосылғанда осыларды ойласа, өзінің туған еліне, адамдардың кіршікіз ақ көңіліне, Отанымыздың қоғамдық құрылышына шексіз риза болатын. Егер Ұлы Октябрь революциясы әкелген баянды бақыт, тендік болмағанда, өз тағдыры қалай болатыны белгілі еді, өзінің Ұлы Октябрь революциясымен құрдас болғанына қуанады. Кейін туыстарын іздестіріп еді. Інісі Жапонияға қарсы соғыста қаза тауыпты. Ал қарындасты жасында ауруға шалдырып, содан жазыла алмалты.

— Мен уақыттың қындығынан оқи алмадым. Ол кезде ел басына түскен қындық бұған мүмкіндік бермейді. Біз көрген қындықтарды балаларымыз көрмессе болғаны,— дейді өткен өмір жолдарына ой жүгірткен Бақтияр.

Иә, балалар демекші, осы үйдің бар базары да, ажары да, қуаныштары да балалары еken. Бақтияр мен Бейбіт он баланы тәрбиелеп, өсіріп отыр. Ал үлкен балаларынан тараған оншақты немерелері де бар.

Бір шаңырақта он бала! Он тағдыр, он өмір. Және осы балаларымен Бақтияр мен Бейбіт қалада тұрып келеді. Ауылдық жерде он баласы бар үйлер жиі кездеседі ғой. Ал қалада бір үйде осынша бала бар дегенге, әуел-

гіде жасыратын не бар, сенбедік. Бірақ жарасымды семья сәнін, ынтымақты берекесін көзімізben көріп, сүйсіндік. Сөз арасында күдігімізді жасыра алмай:

— Осынша балаларды тәрбиелеу, өсіру, киіндіріп, оқыту оңай болмаған шығар? — деп сұрадық.

Табиғатында мінезі ауыр, аз сөйлейтін Бақтияр бірден ештеңе деген жоқ. Ал Бейбіт болса ашық, жарқын, ескі таныстардай шүйіркелесіп кетті.

— Эрине, бала тәрбиесі қашанда оңай болған емес. Бірақ өскен соң балалар бір-біріне қарайды. Біз бәз біреулердей, дүние қуған жоқпыш, оны мақсат та етпейміз.

Бейбіт тұрмыс құрғанда ешқандай мамандығы жоқ еді. Әуелгі жылдары оны жұмысқа орналастыру туралы Бақтияр ойламапты да. Өйткені, жас семья балалы-шагалы болып, бір үйдің қарекеті бастан асып жататын.

Сол жылдары Бақтиярмен Өмірхан Дұзбаев деген құрдас жігіт көрші тұрады. Қатар замандастар ретінде жақсы араласып, сыйласып жүреді. Өзі сауда саласында басшы қызмет атқарады еken. Араласып тұратындықтан Бейбітті жақсы біліп, бақылат жүреді. Бірде Бақтиярға:

— Бәке, жолдасынды мен сатушылыққа үйретейін. Жұмысқа қос. Мениңше тез үйреніп кетеді,— дейді.

Бұлар ойланып қалады. Бірақ Өмірхан айтқанынан қайтпай:

— Мен білсем сендер босқа жүрексінесіңдер. Оларың дұрыс емес,— деп отырып алады.

«Мойынға алса, бітпейтін ештеңе де жоқ» деген барғой. Шынында ол сатушылық жұмысқа тез үйреніп кетті. Бұған тілеулес болып жүрген Өмірхан қатты қуанып:

— Бәке, көрдің бе, Бейбіт жап-жақсы үйреніп қалды. Осылай талаптанып жақсы жұмыс жасаса, оған жеке дүкенді де сеніп беруге болады,— дейтін ол көршісінің қадамына риза болып.

Бұл жұмысқа Бейбіт шын ықыласымен беріле істеді. Қай жұмыстың да қызығы мен қындығы, қыр-сыры мол болады фой. Бейбіт соны білуге үмтүлді. Ал білмегені болса, оны сұраудан, үйренуден жалықпады. Осылайша ол жаңа ортаға тез-ақ үйреніп кетті. Адамдар да осы бір қара торы қазақтың жас келіншегін жақсы көретін, көбісі өз құрбылары санайтын. Оған сырларын айтып, ақыл-кеңес сұрайтын. Реті келгенде өздері де қолқабыстарын аямайтын.

— Мен сатушылыққа баратын болдым,— дегенде, ту ма-туистарым:

— Ол бір қын жұмыс. Өйткені халықпен жұмыс істеуін керек. Ал халықтың бабын табу одай шаруа емес,— деп қорқытты.

Қандай жұмыста да көмекші болу бір басқа да, жеке жауапкершілікпен жұмыс істеудің жөні бір басқа фой. Бұл жауапкершілік — Бейбітten іскерлікті, ұқыптылықты, ізденимпаздықты талап етті. Арнаулы мамандығы болмағандықтан, барлығын тыңдан бастау керек еді. Ол осылай жасады да. Өз бетімен оқыды, жасы үлкен, тәжірибелері мол әріптестерінен жалықпай үйренді. Осындаі талабының арқасында жұмысына маманданып алды. Енді ол туралы әріптестері:

— Біздің Бейбіт бірбеткей адам. Ол алдына қойған мақсатына жетпей тынбайды. Міне, бұл біздің жұмыста ете керек қасиет,— дейді.

Біз қарапайым сатушы Бейбіт өмірімен танысып отырғанда, ұлы Абайдың: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек, әуелі—надандық, екіншісі — еріншектік, үшінші — зұлымдық»— деген ұлағатты сөзін еріксіз еске түсірдік.

Міне, ақын ескерткен осы үшеуінен де Бейбіт бойын аулақ салған адам. Біріншіден мамандығы болмаса да, тың жұмысқа талаптана білді. Бұл — надандықты жеңгіні еді. Екіншісі — тынбай іздене білді. Бұл — еріншектікке бойын үйретпегені еді. Үшіншісі, оның бойында зұлымдық деген зиянды кесептатың белгісі, атымен жоқ еді. Өйткені, ол ана болатын. Тек жәй ғана ана емес, он баланы өмірге әкелген «Ардақты ана» еді.

Осы жұмысының Бейбіт жиырма екі жыл тапжылмастан атқарды. Бұл жұмысқа ең үлкен қызы Розасын туғаннан кейін орналасқан еken, содан кейінгі балаларымен бір салада жұмыс істеп, жуырда ғана мемлекеттің көп балалы анаға берілетін жеңілдігін пайдаланып құрметті демалысқа шықты. Сонда оның атына көп жылы сөздер, ақ тілеулер айтылды. Ол оған әбден лайық. Сауда саласында көп жылғы мінсіз қызметі үшін талай грамота, бағалы сыйлықтар алды. Советтік сауда қызметкері атына ешқашан кір келтіріп көрмеген, сондыктan да ол көпке сыйлы да қадірлі.

Семьясының көптігі ескеріліп, бұрынғы үйіне қоса үш бөлмелі жаңа пәтер берілді. Бұрынғы үйлерінде Мақсат бастаған үлкен балалары тұрады. Ал өздері кішкентайларымен жаңа үйге көшті.

Қара шаңырақтың алтын діңгегі Бейбіт пен Бақтияр-

дың балалары жастайынан еңбекшіл болып өсті. Оның себебі, екеуі бірдей жұмыста болғандықтан есін білген балалары әке-шешелері келгенше үй тірлігін бөле атқарып, кішкентайларына қарап отырады.

— Көп адамдар балаларын кішкентайынан шектен тыс еркелетіп, ештеңе үйретпей өсіреді. Жасында тұрмысқа жаттықпаған бала өскен соң икемсіз болады. Бала тез өседі. Ал өсіп кеткен баланы іске үйрету, тәрбиелеу өте қынға согады,— дейді Бейбіт.

Орынды айтылған сөз. Халқымыз: «Баланы жастаң...» деп бекер айтпаса керек.

— Қазір заман жақсы. Қанша баланы асырап, өсіріп отырмыз. Сонда да ештеңеден тарығып отырған жоқпыш. Бұл ұлы Лениндік идеяның салтанаты. Жеріміз қандай, еліміз қандай, күн санап құлпырып барады — дейді, Бақтияр ойлана сөйлеп.

Өрісі кең өскелең заманның құрдасы дұрыс айтады. Туған еліміздің алып құрылышымен ол бірге жасасып, бірге өсіп келеді. Оның көз алдында жалпақ дала мың құбылып, жаңарып барады. Олай болса, жасампаз заманның құрдасы кәрілікті мойындармайды да. Өйткені, оның көңілі жас. Өйткені, олар өсірген он бүлдіршіннің, олардың ұрпақтарының өмірі жас. Соларға қарап олар да қартауды білмейді, қартайғысы да келмейді, қартаймайды да.

... Біз сол күні ұзақ әңгімелестік. Олардың өмір жолдары ұқсас, тағдырлас болуы мүмкін. Бірақ олардың басқаға ұқсамас жеке бақыттары, сырлары, өмір жолдары бар. Рас, олар айтулы, даңқты адамдар емес. Дегенмен, бір ұяда он бала тәрбиелеп, оларды еңбекшіл етіп өсіруі өзгелерге айтып беруге тұрарлық. Әңгіме барысында Бақтияр да:

— Бақыттыңыздың бастауы осы балаларымыз. Ортақ тілегіміз — біз көрген қындықтарды осылар көрмесе екен. Аспанымыз әрқашан да ашық болса екен,— деді.

Иә, аспанымыз әрқашан да ашық болсын!..

Төлен Қаупынбаев

БҮЛҚЫНҒАН БҰЛАҚ

Біреуін екеу етудің қамымен қай мезгілде де ширап шыраймен сан сабылып жүретін жандарға елеусіз, әй-теуір «өтер-кетер» деп өткізетін күн, сірә да, жоқ. Содан ба, не бір маусым, не бір жылдың дидары емес, табаны күректей жиырма жыл бойы ол белін бекем түйіп, қолына шопан таяғын ұстап келеді екен.

Сөйтсе де жер-ананың шың-құзына дейін көк тебін-деп, ашық қол әжедей пейілін кеңге салып, бір еркін көслетін шағы — жаз-жайлдаудың шыбынсыз жасыл тәріне не жетеді?! Бұл — салқын сабат қымыз сапырып, тастан-тасқа секіре бүлқынған адудынды өзеннің лебінен көкірек кеңіп, «үх, шіркін дүние-ай!» деп табиғат-анаға балалық сезіммен емірене еркін еркелер мезгілдің деген шағы еді. Алдыңа қарасаң да, артыңа қарасаң да керіле созылып, кемел шағына келген көкпенбек әлем. Жаз са-малына еркелейді білем, Көкбастаудың бұлағына үн қатқан көкмайса шалғыны судыр ете түседі де, шегірткенің әніне құлақ түргендей, әлгі бір сусыл үн заматында тына қап, қоян жон, жұмсақ, масаты кілемді алдына жая қойғандай болады. Бізге таңсық болғанымен ерлі-зайыпты Құлән Эбдібаева мен Айдархан Біләловқа бұл үйреншікті құбылыс. Мұның сырына үңілмек болсаң, «жайлай сәні осындай болмағанда қандай болушы еді, өзіңіз де айтады-ақ екенсіз» деп жымиып құлген Құлән-нің ашаң жүзі нұрлана түседі.

— Таңданыс кейінірек болсын, әлі де танысып көріңіз. Қала көзімен ғана емес, жайлай сәнін дала көзімен де көрген жақсы. Текке таңырқамай, байыппен көргендей болмайды,— деп кешкілік движокты дыр еткізіп от-

алдырып келгеннен кейін Айдархан бір сырдың ұшын шығарып отырды. — «Тянь-Шань баурайында» деген фильмді көріп пе едіңіз? Қорсөніз — сол фильмдегі құзар тау — мынау көз алдымыздың оқшырайып тұрған Тиек пен Есенаманың шоқысы.

Ал әлгі жалғыз құлан, таутеке үйірі су ішіп шыққан өзен — табаныңыздың астында жатқан — мынау Текес. Басын бір қияндағы Сырт жайлауынан алады да Құтырғаның бұлқынған бұлактарын қосып алып төмен қарай құлдырай агады. Қеккемер атанған осы жайлаудың жайқалған кекмайсасын көрсетуге тырысқанымен неше алуан гүлдерін кинооператор көрсете алмапты. Мұның басқа өнір-өлкеден ерекшелігі, естен кетпес суреті хош иісті гүлдерінде емес пе? Алтын тамыр, дәрі шөп, шынаргұл, еңлікгүл, көкемарал, қоянтобық, бұғы сүзер — бәрі де жайқалып өседі.

— Бәлкім, кинооператор келгей мезетте бұл гүлдер өспеген шығар? — деп сөзге Күлән араласты.

— Өспей не бопты! — деді Айдархан жұлып алғандай. — Немене, Тиекті біреу бір жаққа түп орнымен көшіріп әкетіп пе? Онда да осындай шыбынсыз жаз болатын. Тек көретін көз, түсінетін жүрек болмаған да? Әйтпесе, еңілікгүлсіз мына Қызылкезеңнің, Дөңгелек саздың сәні бар ма?! Тау қызығына үңілмей, оның қойнауларындағы неше алуан гүлдер мен шөптердің өзіндік қасиетін білмей тұрып, ол жайында әңгіме қозғаудың өзі қате, тіпті, қажеті жоқ нәрсе...

Тегінде, Айдархан кез-келген нәрсеге еліктеп, сыраша бермейтін жігіт. Ал ойындағысы табылды ма, балаша мәз, бір айтқанына қайта-қайта оралып, әңгімеге қарық қып тастанды. Бұл оның сондай бір көңілді сәті еді.

Кешке мал қораланып, шаруа-жәй жайланғаннан кейін де Қөктөбеле шығып, манайды байқап келу — Күләннің қашанғы дағдысы. Мұнсыз, тіпті, ішкен асы бойына жүқпайды десе де болады. Бір отар қойға ие бол, шаруаны дөңгелетіп әкетеді дегенмен, Нұрқасениң әзіріге көрмегені көп: мектеп оқушысы қолы бос мезгілде, демалыс сәттерінде болмаса қолына таяқ ұстаған емес. Айтатыны — оқу, білім алу. Өрісті үрпаққа кім қарсы тұрады дейсің, мейлі де, арманына жетсін! Түнеу күні шай үстінде отырып Айдархан:

— Элі мойны бос, өмірге араласып, қатайтып алсын, — дегенде Күлән:

— Таңдауын өзі айтсын. Біздікі — ақыл. Алда-жалда

оку, білім керек деп тапса, оған да көлденең тұрмаймыз. Қайта, меніңше, маман боп шыққаны жақсы. Малдың да, адамның да жай-күйін тереңірек біліп шыққаны кімге жаман, бізге де, колхозға да көп пайдасын тигізеді,— деп көптен көкейде жүрген ойын актара сөйлеген.

Сәтсіздік болайын десе, аяқ астындағой! Нұрқасен сол күні-ақ аяғын шалыс баспасы бар ма?! Кешкілік, сауымнан кейін күлте құйрық құлыштарды желіден ағытып жіберген де, іс осымен тынды десе керек, үйге қайта кірген. Биелердің қалай қарай өріс алғанына мән бермеген. Қырсық тап болайын десе, осының өзі-ақ жетіп жатыр.

Түннің бір әлетінде, жұлдыз селдіремей орнынан тұрып кеткен Айдархан бір мезгілде қосқа күйіп-пісіл оралды.

Бұған не болды екен? Тау қозғалса қыңқ етпейтін сабаздың өңі қатты қабарып кетіпті. Қайыру бермей жылқылар да әбден әлекке салды. Әйтеуір «Мох-мох» деп жүріп көк шалғынға әбден тойып, құндыздай жалт-жұлт еткен құлыштардың ноқтасын желібаудағы тиекке іліп болған соңғана:

— Не, қабарып кеткениңе қарағанда, шық қалың түсін-ау, ә? — деді Құлән оның жүзіне сәуле түсіре сөйлеп.

— Қайдағы-жайдыны айтпай отыр. Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы... Қөрмей жүргендей-ақ шық түсіп пе дейді ғой өзі. Одан да неге кешіктің, биенің бір сауым уақыты өтіп кетті ғой демейсің бе? — Айдархан тамағына ашу тығылды ма, бұл сөздерді бөліп-бөліп әзер айтты. Әзірге мандайындағы қалың қыртыс жазыла қойған жоқ.

— Жә болды, текке ашуланбай-ақ қой, егер үйқынды қиғың келмесе, ертеңнен бастап биелерді өрістен өзім-ақ әкелейін! — деді Құлән, жалма-жан жүзін ерінен аударып әкетіп.

— Туу, адамның жынын келтіріп, өзіңе не болған!... Биелер шабындыққа түсіп кетіпті. Жегенін қойшы, жа-прысып, ресуалап, майқамдалап кеткені жаман. Дөңгелек сазға, Әжінің сайына қарай өрлөтіп жібергенде, бүйтпес еді. Кеше кешкілік дұрыс өргізбеген де!

— Жә, сен де бала болғансың... Жарайды, қатты айтып ренжітпей-ақ қой. Қөңіліне алып, талабы қайтып жүрер... Өзім ескерттермін.. Апыр-ау, мынауың не гүл?

— Әлгі не деуші еді өзін? Иә, таптым, қазір, тілімнің үшінда тұр. Таудың шынаргұлі деп жүрттың сұғын қа-

дал жүргені, міне, осы шынаргул! Биелер көрінбекен соң Лабасының шоқысын бетке алдым. Мал ұзап жайыла бастағалы бері көз ұшында тұрған шоқыға барудың реті келмей-ақ жүр еді. Биіктің осындай бір қасиеті бар. Көркіне қылау тимеген. Биелер соныға тұмысығын тығып жіберіп, жердің шұрайын қимай, биікке өрмелей берген... Балаларды бір қуантайын деп жүр едім, сол іздеген шынаргул ғой бұл.

Тезге сап, тәртіппен өсіргендей ұлбіреп тұрған аппақ гүл. Құлән танауына апарып, құшырлана иіскеді. Жұпар иісі аңқып кетті.

- Сонда шынаргул тек тауға өсе ме?
- Иә, құзар шыңға, биік тасқа өседі!
- Ойпатты жерге неге өспейді?
- Онда, оның қадірі болмайды. Таза ауаға, ылғалға әуес. Шоқыға күн сәулесі алдымен түседі. Сондықтан да ол шың гүлі, шынар гүл атанған.

Құлән жымып, езу тартты. Әлі күнге «сен» деспеген жұбайының жүзін біртүрлі мейірім шуағы нұрландырып жібергендей болды.

Осы оқиғадан бері Құлән сауын биелердің, көлік аттарының қай маңға жайылатындарына дейін аңдал, көз қырын салып отырады.

Әне, тағы да асығыс жинала бастады. Көктөбеке көтеріле бергені сол еді, иттер үрді. Бекер үрмепті — тор төбел атты Әлекен келіп тоқтады. Бұл кісі — ауданның мәдени құрылышын өрістетуге елеулі үлес қосқан, көпке сыйлы, қадірлі азамат, аудан тұрғындары жазбай танитын Әлнұр Мейірбеков еді. Шопандармен ұдайы етene араласа, сырласа жүріп, дәм-татымы мол көркем туындылар жазған ол бүгінде құрметті енбек демалысында еді. Сөйтсе де өмірдің қызы ортасында болып, қылышының әңгімелерді жалықпай, жан жадырата айтып отыратын адамға аттан түсіп, жантайып жату да қол емес. Ықылас болмаған соң, көнілдің күйкі тартатыны да бар. Одан гөрі тау аралап, ежелгі достарының ырду-дырдуына ортақасып жүру — тіршілікте көрер қызықтың нағыз өзі. Әлекен бұл сапарда да осындай оймен атқа қонған екен. Бір жағы, бұл өнірдегі шопанның көпшілігіне күйеу, сыралғы қонақ болғандықтан да көрген бетте әзілдесе сөйлесу ол ушін әдет болып кеткен.

— Көкбастаудың шынаргулін Құлән мен Айдархан одаша қызықтап жатыр ма екен деп ойладап, атқа ертеле-тіп-ақ қонып едім, үйінің төбесі көрінсейші, әдейі қал-

тарыстау жерге қонғанбысын? — деді Әлекең қияқ мұртын сылап тұрып.

— Таудың шынаргулін іздесеңіз, күндіз келер едіңіз. Сірә, өзіңіздің көптен ұшырастыра алмай жүрген шынаргуліңізді ізден шыққансыз ғой. — Күләннің табан астынан тауып айтқан сөзіне от басы мәз боп қалды.

— Сіз, Әлеке, осы шопандардың көшілігіне аға, ақылшы боп жүрсіз, сөзіңізді ешкім жерге тастап көрген жоқ. Осы өңірдегі жайлауды берекелі пайдалану туралы жасаған ұсынысыңызда да ешбір мін жоқ қазір. Ушкүңгей, Қеккемер жайлауына оншақты отар қой әдеттегіден көбірек жайылып отыр. Және бәрі де саулық отары. Ендеши, төлімен 12—13 мың малды жайып семіртудің бір резерві іске қосылды. Мұның өзі жәй нәрсе емес. Адамдардың достығын шындауға себін тигізеді. Өріс пен жайылымы мейлінше тиімді пайдалану мәселесін кезекке қояды. Осыған бас-көз боп, агалық ақыл-кеңестеріңізді де айта жүрерсіз деп аудан басшылары өзіңізге де салмақ салған-ды. Меніңше, орынды сенім ғой,— деді Айдархан.

Әлекең сыйға-сый дегендей Күлән мен Айдарханның сөзін бас изеп қоштап қойды. Сосынғы бір мезетте:

— Шопандар екі бүйірінен қысып, өрісінді тарылтып кеткен жоқ па, Айдархан, жасырмай, қане, шыныңды айтшы? — деді бәсендеде сөйлеп.

— Біреуді екеу етуді ойлаған адам алдағысын да көре білуі керек, Әлеке. Ендеши, ырыс-берекенің көбейгеніне кісі қынжылмаса керек. Ендігі мәселе бардың қадірін біліп, текіректемей, жақсыға да, жаманға да ортактаса білуде болып отыр,— деді Айдархан, тереннен сүзіп алғандай, әрбір сөзіне жан бере, салмақ тастай сөйлеп отыр. — Бұрын тау етегінде де отырып келгеніміз ақиқат. Сөйтсек, «жер кен, мал еркін жайылсын» дейді еkenбіз де, бардың қадірін біле бермейді еkenбіз. Сол жылдары осы Лабасының тұстігіне жайылатын малдың ұзын саны он мыңнан аса бермейтін. Ал қазір мал саны екі есеге жуық өсіп отыр. Мұнымен қоймай тау қойнауына жаңа қыстаулар салынды. Екпе шөп егілген жер қаншама?! Лабасы жоны қыс — қыстауға, жаз — жайлауға айналды. Сонда гәп неде дейсіз ғой?

«Білгішсінбей отыршы», дегендей, Күлән нарт қызылданып Айдарханға көз қығын таставы. Айтты-айтпады, өмір жаңа болса, өлшем де жаңа. Кол жеткенге місі тұтса, озат атанип жүрген шопанның өзі де қатты тоқы-

рап, судан шыққан балықтай күн кешіп қалуы қын емес. Шаруа бабын ойлаған адам ертеңгі мұратты да ойлайды. Ілгерілеу — басты талап, алға мақсат қою — өмір заңы. Колхоз басқармасы, партия үйымы істі осылай үйымдастырысы келетінін мына отырған Құлән да, Айдархан да жақсы түсінеді, әрине. Дегенмен, маған ешбір қатысы жоқ деп кезектегі шаруаны басқаға ысырып тастаудың не жөні бар! Айдарханды қазір толғандырған осы мәселе еді. Қайткенмен де алға құлшыну, олқылықтың орнын толтыру күн тәртібінде тұрған міндет. Расын айтса, «тау сағасындағы бос алқапты жыртып, шөп еgetін болты» деген хабарды алғаш естігенде, ертоқымын баурына алып тулағаның бірі Айдарханның өзі болатын. «Шөп еккен деген не сүмдүк? Қолда бар, тегін өсіп тұрған шөптің өзін де көп көрген-ау, ә, шіркіндер», деп әбден ренжісін. Сөйтсе, бекершілік еken. Қоныр күзде осы өнірдегі жиырма шақты қораның маңында таудай-таудай мая теңкіп тұрды. Ал шөбі-шауып алынған жердің оты, тіпті ересен болды. Күзекке түскенде өріс таппай, жерді шұбырынды қып, тақырлап жіберетін мал аз қунде-ақ жұтынып, балықтай боп шыға келді. Осы оқиғаның қалай болғанын, колхоз басқармасының тың резервті қалай іске қосқанын бұдан біраз күн бұрын болып өткен шопандардың жиналышында Айдархан егжейтегжейін айтып ортага салған-ды. Құләннің көнілінде: «Айтылған әңгімені қажақ, әлсін-әлі айта бергеннен бір нәрсе шыға ма еken?» деген ой да бар-ды. Одан көрі мына ел ағасы Әлекең айтқандай, бүгінгі күннің ділгір, өзекті мәселесін қозғаса қайтер еді?

Әрине, теңіздің дәмі тамшыдан да белгілі. Әлекең от басының жарқын шырайынан көп сырды анғарғандай болып:

— Жылдағы қонысың тау етегіне, машина жолына жақын еді, биыл Лабасы шоқысына қарай ілгерілеп, қонған екенсің, Құлән, зады келімді-кетімді кісіден қаға беріс болғанын қалағансың-ау, ә? — деді жезделік әзілін қабат қыстырып жіберіп.

— Әдейі ат терлетіп іздеген адамға жердің шалғайлалығы жоқ қой, жездеке. Тек көнілі болсын да! — деді Құлән әзіліне әзілмен жауап беріп. Дөңгелек ақсары жүзі тым шырайлы. Құлкісі жұмсақ, біреудің жанына тимей, еркін сөйлейді.

Сынық шырпы көлденең жатпайтын от басы, қызықты әңгіменің өрбуіне де себепші. Керегенің басына тұ-

тылған түкті кілемдер мен жайлаудың қызыл-жасыл гүлдерін көз алдыңа әкелетін ою-өрнек талай ойларға жетелеп кетті білем, бұл сәтте Әлекең үнсіз қалды. Бұдан бұрын біраз шопан үйінен дәм татып, «Қоныс құтты болсын!» айтқан сәттерінде, от басының тазалығына, тіпті, малшы әйелінің киім киісі мен жүріс-тұрысына дейін на-зар салып, көп пікірлердің түйінін іздеген де еді. Тегінде, бардың өзін ұқсата алмағанин жаман нәрсе жоқ. Эрине, бүгінде ішіп-жем жағы қай үйде де жеткілікті. Негізгі қос пен қатар ас үйі және бар. Тазалық сақтап, балаларды тәрбиелеу үшін бұл да керек. Колхоз дәүлетінің бұл да бір көрінісі емес пе? Ендеше, сан көбейткенше, осы үйлердің сапасын жақсартып, жасау-жабдықтарын неге келістіре түспеске? Осыны байыптап, ойға түйіп жүрген Әлнұр Мейірбеков керекті жерінде жүз шанысып, бет жыртыспай, ортаға салмақ боп отырған-ды. Соның арасынша болған жоқ, көзі адальбақанда қыстырулы тұрған қызыл жалаушаға түсे кетті. Әдетте, мұндай жалаушаларды егін қостарынан көретін еді. «Социалистік жарыс жеңімпазына!» болмаса, «Еңбекте үздік шыққаны үшін!» деген айрықша жазулардың өзі-ақ көп нәрсені аңғартып, өзекке шоқ тастап тұратын. Неге екенін қайдам, Әлекең бұл жолы жалаушаға көз тоқтата қарады. Бірақ ешбір жазу жазылмаған бол шықты.

— Сірә, мына жалауша бір жақсылықтың белгісі шығар? — Әлекенің жанға жылы тиетін қоңыр даусы тағы да от басын елең еткізді.

— Қазір не көп, жарыс көп. Үй-ішін, от басын әрдайым таза ұстайды деп беріп кетті, — деді Айдархан.

— Кімге?

— Біздің Құләнға да!

— О, құтты болсын!

— Мұны жас келіншектерге беру керек. Жақсы келіншектер бізде көп, деп Құлән болмаған екен, комиссия: «Мұндай ұсыныс жарыс шартына қайшы келеді. Әркім өз еңбегімен көрінуге тиіс», — деп өз сөзінен қайтпай тұрып алыпты.

— Е, әбден дұрыс болған!

— Дұрысы-дұрыс қой. Бірақ, от басын, үйдің төңірегін таза ұстаудың қанша қындығы бар? Ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ мұны да сүйекке сінді дағдыға айналдыру керек. Құләннің алға тартары осы.

— Онда таяу арада ауданда өтетін мәдениет қызметкерлерінің кеңесінде айтатын әңгіменің желісін Құлән

тапқан екен. Тек әркімнің жүргінен шығатындаі етіп, күнделікті іске қозғау салатындаі деңгейге көтеріп, айта білсе деймін фой. Бұған қосылатын шығарсың, Күлән?

— Кім біледі, сенімдерізден шықсақ болды да.

— Жоқ, сен сенімнен шыға аласың, Күлән. Тек бұл пікірді аудан көлемінде коя біл, оны қадағалайтын арнауы комиссия құрылса, тіпті жақсы.

... Он бірінші бесжылдықтың алғашқы жылышында жазы бұл өнірде құбылмалы басталды. Қыс аяғы ұзакқа созылып, көк шебі май айына дейін көтерілмеген Аршалы өңірі қалың жаңбырдың астында қалды. Содан аз күн өтті ме, өтпелі ме, дала дүр сілкініп, түкті кілемдей құлпырып шыға келетін мезгілде, жерге түйір тамшы тамса, қане. «Жаман шопан өрісін бір-ақ күнде жейді» демекші, ертеңгі күні қылышын сүйретіп қыс келіп, маңайды аяз сықырлата қысқанда, кімге қарап ауыз ашпак? Жас төл қазірдің өзінде аптаптан қatalап, шыдай алатын емес. Ендігі жерде аяқты малды күн шаңқай түске жетпей-ақ ысып сала беретін ойпатта ұстаудың еш жөні жоқ. Ал бұл мезгілде көгі жайқалып өскен Қекбастау жайлauына көшіп қонуға мамандар келісе қояр ма екен? Осы ойын аға шопан Күлән Әbdібаева колхоз председателі Фазиз Кештібаевтың назарына салған-ды. Жас та болса бас бола білген білікті басшы аға шопан Күлән Әbdібаеваның ауа райының қазіргідей құбылмалы жағдайында жайлau шебін барынша тиімді пайдалану туралы ұсыныстарына іштей риза болып:

— Орынды тілекке еш қарсылығымыз жоқ. Бірақ осындаі игі іске басқаларды да соңызыдан ілестіре кеткеніңіз әлдекайда онды емес пе? Бұған қалай қарайсыз? — дегенде, Күлән оны қоштап, бұл төңіректегі № 2 фермаға қарасты шопандардың баршасы осындаі тоқтамға келгенін айтты.

Жайлau төрінде отырған Күләннің қонысына ат байлайтындар қай мезгілде де аз емес-ті. Бұл мезетте, тіпті көбейе түсті. Бірін жүзі жадырап аттандырып жатса, бірін аттан көтеріп түсіріп жатқаны. Оның үстіне — үйір-шүйір бол балалардың ортасында өскендіктен бе — бір күн жолаушы мама-ағашқа ат байламаса, Айдархан екеуі кәдімгідей қоңылтақсып-ақ қалады, Мұндай «қиындықтан» құтқаратындардың легі де толастар емес. Әсіресе, жас ізбасарларға келгенде мәре-сәре бол жатқана оның. Биелердің сауымы келген соң, желіге қарай беттегені сол еді, Қектөбенің астынан ызындаған машина

даусы құлаққа жетті. Әне-міне дегенше болған жоқ, аудандық партия комитетінің бірінші секретары Рауан Әріпов қосқа жете бере сәлем беріп, жеңіл машинадан жерге түсті. Ауданға қарасты малдың деніне жуығына шұрайлы өріс болған Сырт жайлауындағы малшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайымен танысып келе жатқан беті екен. Қеккемердің жұпар аңқыған неше алуан гүліне, тастан-тасқа соқтығысып, бұлқынып ақкан бұлақтарына ерекше тебіренген ол жол соқты болса да, Қекбастауда отырған озат шопанның отарына арнайы қайырылған. Аупартком секретары мұның қонысын өзгертукенін тез аңғарып:

— О, тау етегінен гөрі құзар шоқыға қарай өрлей кеп қонғаның өте жақсы болған екен. Мал шөптің сонысын жейді, қысқа өріс сақталады,— деді ризашылық білдіріп.

Аупартком секретары айтатында бар, ойпатқа қоныс тебу жаз мезгілінде жанға тыныш болғанымен, қытымыр қыста қымбатқа түспек. Қасат қар маңайды көз аштырмай бүркеп салатының малшы қауым ежелден-ақ көріп-біліп келеді. Ондайда айла асырған шопан ғана сыр алдырмай кетеді. Қыстың талай қатал сынына төтеп бергөн озат шопанның тәжірибесі Әріповке де жақсы таныс. Бұл сапарында ол осындай мақсат үшін күш-куат жұмсаған тәжірибелі шопандардың кезектегі міндеттерді шешу үрдісімен де хабардар болмақ ойы да жоқ емес. Әңгіме осындай келелі мәселелерге ойысқанда Күлән мен Айдархан өз ойларын ірікпеді. Ойпаттан тау сағасының бір ерекшелігі — мұнда ылғал көп. Қүннің қай мезгілінде де шөптің жетіліп, тез бой алып өсуіне мүмкіндік бар. Мұны табиғаттың тегін ырысы деуге әбден болады. Демек, малдың қаны толып, тез ет алуына қолайлы жағдай да жеткілікті. Тек отардың бір жерде ұзак үйездеп қалмай, тарыдай шашылып, еркін жайылуына мұрындық болу керек. Кең өріс, бітік шалғын табиғаттың тегін ырыздығы малдың қондылығын көтеретінін озат шопан қай мезгілде де естен шығарған емес. Шопанның мұраты осылай әйгіленгенін колхоз адамдарымен бірге Рауан Әріпов те аз білмейді, әрине. «Семіздің аяғы — сегіз» демекші, он шақты жыл бойына бәйге төрінен көрінген озаттардың қатарында осы Күлән Әбдібаеваның есімі аталып келеді. Айта қаларлығы сол — төл алушан колхоз шопандарынан көш озық келеді. Соның өзінде ол жемісті жылдарын ғана емес, еңіске түскен сәттерін де естен шығармай, әңгіме арасында жасырмай айттар еді. Қемші-

лікті бармаққа бүгіп қайтеді, басқаларға, шопан таяғын ұстап, өзіне қолқанат бол жүрген мына Гүлжайнат се-кілді жас шопандарға сабак болсын дейді. Аупартком секретары сөздің бір орайында:

— Ақ мылтық атылған 1969 жылы қай жерді қыста-дың, Күлән? — деді.

— Аршалыдан жоғарылап, Тиекті қыстап шықтық,— деді Күлән.

— Ұмытпаған екенсің, ал кейбіреулер ол жылды, тіп-ті есіне де алмайды.

— Бір күнгі қызыққа бола бастан кешкен қындықты ұмытсақ, біздің кім болғанымыз, кейін осы Аршалының баурайына көштік.

— Иә, сонда бір ерледің! Оны бәріміз де жақсы бі-леміз.

Бұдан кейінгі әңгіме шопан қауымның белесті жыл-дарына қарай ойысты. Әсіресе, 1969 жылдың қысы бұл өңірде өте-мөте қатты болды. Сұрапыл қысқа қарсы тұра алмай, таяқ ұстап қалғандар да ішінара кездесті. Ал сол жылы Күлән мен Айдарханның отары қыстан дін аман шықты. Р. Әріповтың ауызға алып отырғаны сол қыстың оқиғасы еді. Кейін төл аяқтанып, шопандардың арқа-басы босаған мезгілде малшылардың жиналасы өтті. Табыс тұғырына көтерілген адамның жүзі қашан да жарық емес пе?! Күлән мен Айдархан жиналас төрі-нен орын алды. Біреу: «жемшөбі мол болды да, әйтпесе кімнен артық» десе, біреу: «жер ала, бұл шала, бағы жанған шығар» дегенге сайған. Әйткенмен, шындыққа жұрт Рауан Әріпов сөйлегеннен кейін көз жеткізе бас-таған-ды.

— Еңбек ету, оның кілтін табу әркімнің өзіне байла-нысты. Табыс орайын тауып тер төккендікі. Ойдаң шө-бінен гөрі таудың сары күйігі малдың жұмырланып семі-руіне жұғымды. Сол үшін әлі де жиырма шақты күн ке-шігін көшсек деп отырмыз деген кім? Мына отырған Кү-лән. Қысташ маңындағы қалтарыс, беткей де бір кәдеге жарайтын шығар деп қысқы жайылымды қызғыштай қорыған кім? Ол — абырой арқалаған Күлән! — дегенді аупартком секретары серпіле сөйлеп. — Осы жылғы көр-сеткіші — оның үздікесі ілгерілеуінің басы болды.

Бұдан кейінгі сөзді Күләннің әріптестері жалғастыр-ған. Рас, бәз біреулер жүз саулықтан жүз қозы алуға қол жеткізе алмай жүр. Ал Күлән құрбыларың тоғызын-шы, оныншы бесжылдықта орташа есеппен бағымында-

ғы әр жұз саулықтан 140—145-тен төл өсірді. Кеудесіне жарқыратып Ленин және Октябрь Революциясы ордендерін тақты. Жерлестері зор сенім артып екі мәрте республика парламентіне депутат етіп сайлады. Үлкен алғыс, абырой жолы осылай келді. Бұған ол тоқмейілсіп көрді ме? Жоқ. Өзін мактан тұтып, өнеге-үлгі алып журген шопандар сенімі, аудан, облыстан іздең келіп ақылкенес алатын жастар үміті оған ешқашан тыным берген емес. Ел ерін сыйласа, ері еліне лайық жүк көтермейтін бе.еді?! Оның үстіне ел алдындағы парыз бен азаматтық намыс оны ширата түскендей еді. Өзі үлгі тұтатын қарқаралық шопан, Социалистік Еңбек Ері Жолсейіт Молдасанов жалғыз шаппай, жастарды қатарына ілестіре шабады екен. Жұртты дүрілдетіп журген социалистік жарыстың қоғамдық ықпалы осы. Осыған жан беріп, жарыс шоғын лаулата түссе, қайтер еді? Осы ойын малшылардың кезекті бір жиналышында Күлән ортаға салған. Эрине, бастаушы болса, қостаушы көп екен. Колхоз басқармасы мен партия үйымы бұл бастаманың орындаудына тікелей үйтқы болды. Комсомолец-жастарға Күлән Әбдібаевың қамқорлық көрсетіп, үстаздық етуі тағы бір тың резервті іске қосуға себепші болды. Мектеп бітірген жастар шопан таяғын ұстап, колхоз абыройын асырды. Кейін еңбекте шындалған олардың құрбыларының он шақтысы колхоз жолдамасымен жоғары оку орнына түсті. Әлбетте, берген сертте де намыс бар емес пе?!

Осыны іштей саралап, қылышы ойларға берілетін Күлән Әбдібаева өзін әрдайым ширак сезініп, тынбай ізденетін ауылдастарын мактан ете сөйлейді. Онынши бесжылдық жоспарын төрт жылда асыра орындаған ол қорытынды жылда, тіпті, шырқап кетті. Әр жұз саулықтан 157-ден төл өргізді. Ал жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында — әр жұз саулықтан 160-тан төл өсіріп, әр қойдан 4 килограмнан жібек жүн қырықты. Бұл ауа-райы құбылмалы таулы өнірде зор жетістік. Кейде істің мәніне жете түсінбегендердің «Е, жақсы жағдай жасаліса, әркім-ақ мерейлі болмай ма?!» дейтінін қайтерсің! Күлән бұған не десін? Қым-қуыт әрекеті, ақпан-қантарда сары майдай сақтаған өріске отарын тебіндегі журген сәті, көктемнің қара өзегінде туған жас қозыларды мәпелеп, көз ілмейтін күндегі көз алдына елестейді. Ойлап тұрса бұған ешкім де ала-бөтен артық көмек көрсетіп, шашбауын көтере бермейді екен. Жаз жайлауы — Қекбастау,

қыс қыстауы — Аршалының баурайы. Қысы қытымыр, катал. «Белдес те жеңіп шық» дейтін тәрізді. Ал бұл болса қыындықпен белдесуден тартынған да, тайсалған да емес.

Кулән арыны жаңа ғана басылған отарды Лабасының сары күйігіне қарай өргізіп жіберіп, айналаға көз жіберген. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ, мөп-мөлдір, ашық екен. «Бірақ бұған сенім бар ма, тау жайласаң, он ойла», деп жел өтіне қарай жүрді. Биелердің сауымы келіп қалып еді. Әрине, мұны маңдай жіпсітіп, шулен байлыққа кенелу үшін саумайды. Халықтың ежелгі көсібін бес қолдың саласындағы боп үбір-шүбір өсіп келе жатқан бұлдіршін балалар көріп, түйісініп өссін, дейді.

Бие сауып қайтқан Кулән жас саумалдың көпіршігендегі көбігін жуасытпақ бол серке терісінен тігілген тобылғы курен месті күрпілдетіп пісе бастағанда, көршісі Байжұма Сайлыбаев мама-ағашқа торысын байлап жатты.

Шопан үйінің тұтіні үқсас емес пе? Құн арқа-жонды қыздырып бара жатқан соң, ойдағы ауылды, қыс қыстауды ойлаған шопан тыныш жата алмаған-ды. Сосын еңбегімен ел құрметіне бөленіп отырған озат шопан, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, он бір баланың анасы Кулән Әbdібаеваның қосына қарай бет алған.

Міне, енді Кулән мен Айдарханның байламына іштей риза болған Байжұма қуанышын жасыра алмай:

— Биыл той үстінен той болғалы түр ғой. Эйтеуір, жақсылық болғай. Туған елді куанта бергенге жетері жоқ. Тағы да үлгі көрсетіп ерлеген екенсің, Кулән! — деп желпініп қалды.

Бір мезгілде балалардың абыр-дабыры естілді. Жақпар тастан бермен қарай құстай үшып келеді екен. Әсіресе, Айнараның екі езуі екі құлағында. Демін әзер алып түр. Қолындағы бір шоқ гүлді Куләнға ұсынып:

— Бұл шынаргұл, мама! Биік шоқының үстінен теріп алдық,— деді гүл-гүл жайнап.

— Кім теріп берді мұны саған?

— Гүлжайнат тәтем. Эне, Бағдагұл, Ердәulet, Ербоблат, Айгүл — бәрі де гүл теріп келе жатыр. Құзар шоқыда гүл өте көп екен! Мә, мынаны сен ал, Еңлікжан!..

«Ардақты ана», еңбеккер ана бесінші класта оқытын Айнара ұсынған шоқ гүлді мейірлене іскеді. Сосын көгілдір тауға құштар сезіммен көз таstadtы. Аспан бүгін де шайдай ашық екен. Төменде буырқанған бұлақтар тулады.

МАЗМҰНЫ

<i>Т. Беркімбаев.</i> От басынан — өмір төріне	3
<i>Ш. Жандаев.</i> Ұядан ұшқан он тоғыз	18
<i>Ә. Нұрмаханова.</i> Ұлбала	28
<i>С. Буратаева.</i> Шаңырақ шаттығы	37
<i>Ә. Әлімгереев, Т. Жаңабаев.</i> Өркен	48
<i>Т. Бекназов.</i> Қос жұлдызы	56
<i>Ж. Сулейменов.</i> Бақыт жолы	64
<i>Б. Әбдіразақов.</i> Баспановтар бастамасы	72
<i>К. Жиенбаев, Е. Айғалиев.</i> Он бір жүрек дүрсілі	78
<i>О. Оралбеков.</i> Жер мен адам	95
<i>Н.-Үркімбаева.</i> Ананың асыл арманы	86
<i>Б. Шубаев.</i> Өз ошағының оты ыстық	104
<i>Г. Пірәлиева.</i> Аманат	113
<i>Ж. Нұргожаев.</i> Ақлиманың балалары	121
<i>С. Әлібеков.</i> Аспанымыз ашық болсын	127
<i>Т. Қаупынбаев.</i> Бұлқынған бұлақ	132

НЕЗЫБЛЕМАЯ ОПОРА

(на казахском языке)

Составитель *Ж. Елишибеков.*

Рецензент — лауреат премии Союза журналистов Казахстана *С. Абишев.*

Редактор *О. Оралбеков.*

Художник *А. Латынин.*

Художественный редактор *Г. Горелов.*

Технический редактор *Г. Ахинова*

Корректор *Б. Момынова*

ИБ № 2329

Сдано в набор 13.08.82 г. Подписано в печать 29.11.82. УГ № 14029. Формат 84×108^{1/32}. Бумага № 1. Гарнитура литературная. Высокая печать. Усл. печ. л. 7,56. Уч.-изд. л. 7,55. Тираж 7000 экз. Заказ № 2583. Цена 20 коп. Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. 480124, г. Алма-Ата, проспект Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.

20 τ.